

#КүшімізБірлікте

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

САЙЛАУ – 2023



ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

2

МЕДИАФОРУМ



ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

6

ЕҢБЕК АДАМЫ



СӘУЛЕ ӘЛЕМІ

15

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.01.2023

Түнде:



-13-15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

27.01.2023

Түнде:



-13-15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

www.almaty-akshamy.kz

№11-12 (6305) 26 қаңтар, бейсенбі, 2023 жыл.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

АЛМАТЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

Алып мегаполистің барлық аудандарында жайлы қалалық орта құрып, өмір сүрудің жоғары сапасын қалыптастыруды көздейді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласының әкімдігі мен «Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС 2040 жылға дейінгі Алматы қаласының жаңа Бас жоспарын қоғамдық талқылауды бастады. Алқалы жиынның алғашқы

күні стратегиялық құжаттың жобасы сарапшылардың, жұртшылық өкілдерінің және қаланың барлық ауданы әкімдерінің қатысуымен өтті.

3

БӘРЕКЕЛДІ!

ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОРДАСЫ

Алатау ауданының «Дархан» ықшамауданында
жаңа мектеп ашылды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жаңа мектептің ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева, Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков, т.б. қатысты. Мектеп-лицей биылғы оқу жылында Алатау ауданында ашылған бесінші мектеп.

2

ҚЫСҚА...

- Президент бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.
- Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірқатар депутаттарының өкілеттіктері тоқтатылды.
- Президент Жарлығымен Ж.Асанов, М.Әшімбаев, Н.Жүсіп, Л.Қалтаева, А.Шәкіров Сенат депутаттары болып тағайындалды.
- Үкімет: Қазақстанда тұрғындарға көмір жеткізудің жаңа тетігі әзірленеді.
- Мәжіліс сайлауы: ОСК қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу тәртібін жариялады.
- Бішкекте VII қазақ-қырғыз форумы өтті.
- «Қазмедиа» орталығында өңірлік мерзімді баспасөз басылымдары форумы басталды.
- Елімізде бензин мен дизель отынын экспорттауға тыйым салынды.
- Биыл қаңтарда қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 14,7 трлн теңгені құрады.
- Биыл елімізде Art Sport бағдарламасына 86,7 млрд теңге бөлінді.
- ҚР ЕХӘҚМ: 2022 жылы көпбалалы отбасыларға 346,8 млрд теңге жәрдемақы төленді.
- Қазақстан пара-шаңғышысы Ербол Хамитов әлем чемпионы атанды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, жиында Қарулы Күштерді одан әрі дамыту және әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов пен бірқатар өкілетті мемлекеттік орган жетекшілері баяндама жасады.

Қауіпсіздік Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша әскердің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға, оны кадрлармен қамтамасыз етуге және әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

■ СЕНАТ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Бішкекте VII қазақ-қырғыз форумы өтті.

Қырғызстанға ресми сапар аясында Мәулен Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламенті Сенаты делегациясының мүшелері Қырғыз елінің Президенті Садыр Жапаровпен кездесті. Кездесу барысында Сенат Спикері біздің еліміз Қырғыз Республикасымен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін атап өтті. Мәулен Әшімбаев өзара байланысты арттыруға барлық деңгейдегі, бірінші кезекте, екі елдің мемлекет басшылары арасындағы белсенді және сенімді саяси диалогтың ықпалы зор екенін айтты. Сонымен қатар, қазақстандық сенаторлар Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдығына арналған VII қазақ-қырғыз форумына қатысты. Ауқымды іс-шараға қатысушылар қатарында Қазақстан мен Қырғызстанның ақын-жазушылары, тарихшылары және Айтматовтың шығармашылығын зерттеуші ғалымдар бар.

Сенат Спикері бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын дамытуда екі елдің зиялы қауым өкілдері маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Қазақ пен қырғызға бірдей ортақ тұлға, ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығына да ерекше тоқталды. Әйгілі қаламгерге «Қазақстанның халық жазушысы» атағы берілгенін және Қазақстанда бірқатар көше оның есімімен аталғанын әңгімеге арқау етті. Форум барысында айтылған пікірлер мен ұсыныстар алдағы жұмыста ескерілетінін де назардан тыс қалдырмады. Қырғыз еліне сапар аясында сенаторлар қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлының ескерткішіне арнайы барып, ғұламаның рухына тағзым етті.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар, Президент Әкімшілігі, Ұлттық банк және Бас прокуратура басшыларының қатысуымен Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысын өткізді.

Жиында Президент алға қойған міндеттерге сәйкес әзірленген елден заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң жобасы қаралды. Онда активтерді заңсыз шығаруға ықпал еткен шарттарды жоюға, оларды ерікті түрде қайтаруды ынталандыруға немесе мәжбүрлі түрде қайтару бастамасын көтеруге және т.б. бағытталған нормалар қарастырылған.

Үкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін талдау нәтижелері бойынша активтер туралы арнайы декларацияны тапсыратын тұлғалардың шектеулі тізілімін құру жоспарлануда. Активтердің иесі олардың шығу тегін растай алмаған жағдайда, негізсіз сатып алынған деп танылады және мемлекет кірісіне айналады. Келіп түсетін активтерді Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобаларды қаржыландыру үшін пайдалану көзделген.

Премьер-Министр Әділет министрлігіне айтылған пікірлер мен ескертулерді ескере отырып, заң жобасын мұқият пысықтауды жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар, отырыста ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

■ МИНИСТРЛЕР

Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильиннің су тасқыны кезеңіне дайындық шаралары қаралған Үкімет отырысында хабарлағанындай, қардағы су қорының мөлшерін, топырақтың күзгі ылғалдылығын, оның кату тереңдігін талдай отырып, сондай-ақ қар астында мұз қабығының болуын ескере отырып, су тасқыны қаупі бар өңірлерге Ақмола, Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Жетісу облыстары жатқызылды. Министр өткен жылы су басудың негізгі себептері өзен арналарының толып кетуі мен балдырлануы, дренаждық-арық жүйелерінің болмауы, су қорғау белдеулерінде үйлер салу екенін атап көрсетті. Сонымен қатар, қардың уақытылы шығарылуы, су айдау құралдарының болуы және өзендердегі мұздың әлсіреуі үлкен маңызға ие. Оның айтуынша, бүгінгі таңда су басу қаупі аймағында 255 елдімекен, су жайылуға бейім 482 автомобиль және 600-ден астам теміржол учаскелері, су қорғау белдеулерінде 309 елдімекен бар. Су тасқыны жағдайы қиындағанда жедел ден қою мақсатында 35 мыңнан астам адам, шамамен 11 мың бірлік техника, 12 дана «Қазавиақұтқару» әуе кемесі, 650-ден астам жүзу құралы және 3 мыңнан артық мотопомпа санында күштер мен құралдар топтамасы қалыптастырылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменованың айтуынша, республика аумағында барлығы 1806 тірек гидротехникалық құрылыс бар. Осы жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша 1322 ГТК зерттелді, 471 нысан жөндеуді талап ететіні анықталды. Қазіргі кезде 41 ГТК қайта жаңартылуда.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев дайындық жұмыстары аясында су тасқынына қарсы шаралар жоспары бекітіліп, орталық және өңірлік деңгейлерде комиссиялар құрылғанын айтты. Автожолдар мен жол құрылыстарына күнделікті қарау жүргізіледі. Инертті және басқа материалдарды дайындау басталды.

Баяндамашыларды тыңдаған Премьер-Министр биыл қыс қарлы болғанын және ауа райы күрт жылынып кетсе, су басу қаупі күшейетінін атап өтті. Бүгінде 255 елдімекен мен 100 мыңнан астам үй қауіпті аймақта тұр. Үкімет басшысы өңірлер су тасқынына толық дайын еместігін айтты. Қажетті шаралар ұзақ уақыт бойы қабылданбай келеді. Оның айтуынша, Алматы, Абай, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында, Астанада және Алматыда дренаждық жүйенің қатты жауын-шашын мен тасыған селге шамасы жетпейді. Үкімет басшысы барлық өңір әкімдері қарды, әсіресе, ауылдық елдімекендерде уақытылы шығаруды қамтамасыз етуі тиіс екенін атап өтті. Премьер-Министр су тасқынына қарсы барлық іс-шараларды, оның ішінде күштер мен құралдардың дайындығын үйлестіруді және сапалы іске асыруды қамтамасыз етуді, тиісті жедел штабтар құруды, сондай-ақ шекаралас мемлекеттермен судың шығыны және трансшекаралық өзендердегі қауіптің алдын алу туралы тұрақты түрде өзара мәлімет алмасуды ұйымдастыруды тапсырды.

● ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНДА

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ

Құрметті сайлаушылар!

2023 жылғы 19 наурыз – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауы

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде

жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне отыз күн қалғанда, яғни 2023 жылғы 17 ақпанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

● ӘЛЕУМЕТ

АДАЛ ЕҢБЕК

Жол жұмысшыларының жалақысы өсті

2023 жылдың басынан бері жол жұмысшыларының жалақысы 30 пайызға көтерілді. Еңбекақысы артқан қызметкерлердің қатарына республикалық маңыздағы тасжолдар желісін тәулік бойы күтіп-ұстаумен айналысатын негізгі өндірістік персонал қызметкерлері мен қосалқы өндіріс қызметкерлері жатады.



«Естеріңізге сала кетейік, қыс мезгілінің басынан бері жол қызметтері күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылды. Жол жұмысшылары күндіз-түні қысқы күтіп-ұстау жұмыстарын атқарып, жолда қиын жағдайға тап болған республикалық трассаларды пайдаланушыларға көмек көрсету жұмыстарын жалғастырып жүр», делінген «ҚазАвтоЖол» ҰК хабарламасында.

Айта кетейік, қаңтар айында республикалық маңыздағы автожолдардың 17 мың шаршы метрі көктайғаққа қарсы құм мен тұз қоспасымен өңделді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● БӘРЕКЕЛДІ!

ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОРДАСЫ

Алатау ауданының «Дархан» ықшамауданында жаңа мектеп ашылды



Гүлжанат СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Гүлнәр МӘМБЕТҚЫЗЫ, №210 мектеп-лицейдің директоры:

– Мектеп құрылысы 2021 жылы басталып, міне, биыл аяқталды. Жаңа мектеп 1500 балаға арналған. Таза қазақ тілінде білім

береміз. Бүгінде мектепте 1117 оқушы бар. Балалар №152, №156 мектептен ауысып келді. Мұғалімдерді арнайы байқау жариялап, қабылдадық. Мектеп-лицей болғандықтан мұғалімдерге қойылатын талап жоғары. 76 мұғалім бар. 35 мұғалімді байқау арқылы қабылдасақ, қалғаны №152, №156 мектептерден ауысып келді. Алматы әкімдігі балалардың мектепке емін-еркін қатынауы үшін арнайы 5 автобус берді. Мектепте 280

орынды асхана бар. Бүгінде бастауыш сыныптардың 309 баласы тегін тамақтанады.

«15 жылдан бері осы ауданның тұрғынымын. Жаңа мектеп ашылғанына өте қуаныштымын. Мектеп өте ыңғайлы жерде орналасқан. Іші-сырты бәрі заманауи, балаларға өте ыңғайлы. Жайлы, жарық. Көрдік. Қуандық. Көңілімізден шықты», – дейді «Дархан» ықшамауданының тұрғыны Гүлшатай Әбуғалиқызы.



ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

АЛМАТЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

Алып мегаполистің барлық аудандарында жайлы қалалық орта құрып, өмір сүрудің жоғары сапасын қалыптастыруды көздейді



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

(Басы 1-бетте)

Алып шаһардың қазіргі Бас жоспары 20 жылдан астам уақыт бұрын – 2002 жылы бекітілген еді. Сол кездегі Бас жоспарда қала қажеттіліктерінің өсуі ескерілмеген. Осы уақыт ішінде қала аумағы 33 898 гектардан 70 348 гектарға дейін өсті. Алматы халқының саны 2,1 млн адамға көбейді. Шаһар агломерация орталығына айналды, экономикасы өзгерді. Қаланың екі есе өсуі аудандардың әлеуметтік, инженерлік, көліктік және өзге де инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне кері әсерін тигізді.

Бытыр Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қаланың 2040 жылға дейінгі дамуы ескеріліп, жаңа бас жоспарды жасау қолға алынған болатын. Жаңа Бас жоспарды әзірлеу «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалармен» тығыз байланысты. Бас жоспардың басты мақсаты – Алматының барлық аудандарында жайлы қалалық орта құру және өмір сүру сапасын арттыру.

Құжатты әзірлеу кезінде мамандар озық цифрлық технологияларды және әлемдік дизайн тәжірибесін (Space Syntax) пайдаланды. Модельдеу құралдары дамуының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарын және олардың ұтқырлыққа, жер құнына, адам денсаулығына қалай әсер ететінін болжайды.

ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Жаңа бас жоспар Алматының даму векторын белгілейді, олар: агломерациямен неғұрлым тиімді байланыстағы үйлесімді мегаполис құру, әлемнің жетекші қалаларының тәжірибесін ескере отырып, қала тұрғындары мен қонақтарының өмірі, жұмысы, бос уақыты үшін тартымды және жайлы орын қалыптастыру.

Бұл мақсатқа жету үшін Алматыда 5 жаңа полиорталықтарды дамыту жоспарлануда. Жоспарлау кезеңінде барлық қажетті тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік, көлік, цифрлық, коммерциялық және рекреациялық инфрақұрылым қарастырылды.

Алматының жаңа бас жоспарын және полиорталықтардың шеберлік-жоспарларын қабылдау және іске асыру нәтижесінде 2030 жылға қарай мынадай шаралар жүзеге асырылады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ МЕН
ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қолданбалы урбанистика орталығының маманы Святослав Муруновтың айтуынша, Алматы қаласында тұратын 3 млн адамды 2040 жылға қарай қоныстандыру жобасы мынадай болады: Оңтүстік-батыс жоспарлау аймағында 1,3 млн адам (44,6%), Орталық жоспарлау аймағында 0,5 млн адам (18,1%) және Шығыс жоспар-

- Т-тәрізді қиылыстардың көше байланысын барынша жақсарту;
- кеңістік интеграциясы мен байланысты көшелер желісі есебінен тұратын аудандар бір-бірінен және тарихи орталықтан оқишауланбайды, бұл қаланың кез келген басқа нүктесіне оңай жетуге мүмкіндік береді.
- «Солтүстік – оңтүстік», «шығыс – батыс» бағыттары бойынша көлік байланысының, сонымен қатар, қоғамдық көлікке бөлінген жолақтардың саны мен сапасының артуы қоғамдық көлікте күн сайын пайдалануды 1,6 есеге – 2,3 млн-ға дейін өсуіне әкеледі деп күтілуде.
- кварталдармен бірге көшелердің тығыздығы 5 гектарға дейін болады (10-15 км – 2км-ге);
- құрылыстың экономикалық тиімділігі (120 адам/га);
- «Есіктен есікке дейін» үздіксіз жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы (2023 жылы әуесжайдан Тұңғыш Президент саябағына дейін жалпы ұзындығы 25 км 20 көше бойынша жаяу жүргіншілер кеңістігін қайта жаңарту жоспарлануда);
- жасыл кеңістіктер байланысының желісі (скверлер, саябақтар, аллеялар, өзен жағалаулары, променадтар);
- 2040 жылға дейін оқушы орындарының тапшылығын қысқарту, 90-нан астам мектепті пайдалануға беру жоспарлануда;
- 180 мыңға жуық жұмыс орнын құру (2025 жылға дейін – 65 мың), оның ішінде әлеуметтік салада және өмір сүруді қамтамасыз ету қызметтерінде (дәрігерлер, оқытушылар, полицейлер, өрт сөндірушілер және т.б.) шамамен 30%, 70% – мамандандырылған жұмыс орындары.



лау аймағында 0,45 млн адам (15,2%) қоныстанатын болады.

Статистикалық басқарманың мәліметінше, 2020 жылы қаланың халық-шаруашылық кешенінде 936,5 мың адам жұмыспен қамтылды. Оның ішінде жұмыспен қамтылғандардың негізгі үлесі (37,6%) сауда, тамақтану, тұрмыстық және қонақүй сервисі саласына тиесілі, әкімшілік-іскерлік, ғылыми және қаржы секторларының мекемелерінде 18,7%-і, өнеркәсіп, көлік және қойма саласында 15,8%-ы жұмыс істейді.

2040 жылға дейінгі кезеңде Алматы қаласының әлеуметтік секторында жұмыспен қамтылғандар санын 236,3 мың адамға ұлғайту жоспарлануда. Оның ішінде: білім беру мекемелерінде – 40,3%, тамақ саудасы және қонақүй сервисі саласында –

24,7% өнер, спорт және ойын-сауық саласындағы қызметтер саласында – 20,7%.

Аумақтық қағидат бойынша әлеуметтік салада жұмыспен қамтылғандардың ең көп пайызы Оңтүстік-батыс жоспарлау аймағында – 99,3 мың адамға және Орталық жоспарлау аймағында – 18,2 мың адамға негізделетін болады.

Алматының жаңа Бас жоспарын және полиорталықтардың шебер-жоспарларын қабылдау және іске асыру нәтижесінде қала 2030 жылға қарай 180 мыңға жуық жұмыс орны ашылады (2025 жылға дейін – 65 мың), оның ішінде әлеуметтік салада және тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерінде (дәрігерлер, оқытушылар, полицейлер, өрт сөндірушілер және т.б.) шамамен 30%, 70% – мамандандырылған жұмыс орындары. Бұл Алматыда тұрақты

экономикалық өсу мен әлеуметтік тұрақтылық үшін жағдай жасауға тиіс негізгі факторлардың бірі.

ҚАЛАҒА ҚАЖЕТІ –
ТАЗА АУА

«Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас директорының орынбасары Айнұр Сарбаева өз баяндамасында экологиялық тепе-теңдікті тұрақты сақтау үшін қалалық экожүйені біріктіріп, биоәртүрлілікті қамтамасыз ететін қаланың тұрақты «экологиялық» қаңқасы жасалатынын айтты. Оған жаңа рекреациялық аймақтар мен қаланы тау бөктерінен ойпаттарға дейін кесіп өтетін және қаланың табиғи желденуіне жағдай жасайтын «жасыл» өзен дәлізі кіреді.

Ауаның желдетілуі мен атмосферадағы ластанушы заттардың сейілу деңгейін жақсарту мақсатында, ауа айналымының бұзылуына жол бермеу үшін желдің бағытын ескере отырып, қаланы одан әрі дамыту жөнінде шешімдер қабылданады. Жел режимін ескере отырып, құрылыс салудың бас жоспарына түзетулер енгізілетін болады.

Қаланың қазіргі жасыл қоры (шамамен 26 мың га) жылына орта есеппен 1,3 млн тоннаға дейін шаң жинайды, 16 мың тоннаға дейін оттегін өндіреді. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады – зиянды заттардың кері әсерін азайтудың ең тиімді шарасы жасыл қорды сақтау және оны одан әрі тұрақты дамыту болып табылады.

Операторлар (табиғатты пайдаланушы кәсіпорындар) Экология кодексінің нормалары шеңберінде жаңа технологияларды, оның ішінде заманауи шаң-газды тазарту қондырғыларын енгізетін болады.

Белгіленген санитариялық-гигиеналық нормаларға қол жеткізілмеген жағдайда кәсіпорындар Индустриялық аймаққа немесе Алматы агломерациясының басқа аудандарына көшірілетін болады (санитариялық-қорғау аймақтарының белгіленген көлемі сақталады).

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау және шамадан тыс рекреациялық жүктемені болдырмау үшін оларға көліктің экологиялық таза түрлерімен ғана кіруге рұқсат етіледі (қазіргі уақытта ауыстырып-отыруға арналған тұрақтар бар және электр таксилері жұмыс істейді), қоршаған ортаға кері әсер ететін объектілерді көптеп салуға рұқсат берілмейді.

Жаңа Бас жоспарда міндеттерді шешу үшін:

1. Негізгі табиғи шекаралар бойынша қала аумағын оңтүстіктен солтүстікке қарай кесіп өтетін сызықтық саябақ белдеулерін құру.

2. Аллеялар, бульварлар, ауқымды бағыттағы демалыс аймақтары жүйесін ұйымдастыру.

3. Жаңа бақтар, скверлер, бульварлар, аллеялар, сондай-ақ әуе бассейнін сауықтыруға тиімді әсер ететін ірі саябақ кешендерін құру, сондай-ақ ендік әрі меридиандық бағыттарда өзара байланысты саябақтар, скверлер, бульварлар, аллеялар және басқа да ашық кеңістіктер жүйесін құру.

4. Қазіргі скверлерді реконструкциялау, кеңейту, абаттандыру және қалпына келтіру, жаңа әсерлі ландшафттар құру көзделген.

Сондай-ақ, жаңа бас жоспарда қала маңындағы рекреациялық аймақтарға үлкен көңіл бөлінген.

Қалада шамамен 2,5 млн жаңа ағаш отырғызылмақ. Қаланы көгалдандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу бізге – Оңтүстік астанаға Мемлекет басшысының Алматыға сапары кезінде атап өткен «бақша қала» атағын қайтаруға мүмкіндік бермек.

Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары 25–27 қаңтар аралығында талқыланады.

Айнұр СЕНБАЕВА.



БРИФИНГ

БАНКРОТТЫҚ: САЛДАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Алматы қаласы бойынша МКД басшысының орынбасары Заңғар Шыңдали Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне қатысып, жеке тұлғалардың банкроттығы бойынша жаңашылдықтарды түсіндірді.

Досбол
АТАЖАН

«Бұл Заң ресми жарияланғаннан кейін 60 күн өткен соң күшіне енеді. Бұл дегеніміз, қарызы бар азаматтар 2023 жылдың 3 наурызынан бастап банкроттыққа өтініш бере алады», — деп хабарлады З.Шыңдали.

Борыш сомасына қарай борышкерлерге банкроттықтың үш рәсімінің бірі — сот банкроттығы, соттан тыс және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру процедурасы қолданылады. Алматы қаласы бойынша МКД басшысының орынбасары барлық үш процедураны тек борышкердің өзі анықтайтынын, яғни несие берушінің борышкерге қатысты аталған процедураларды қолдануға құқығы жоқ екенін атап өтті.

Мәселен, алғашқы түрі — соттан тыс банкроттық. Ол банкрот, МҚҰ және коллекторлық агенттіктер алдындағы 1600 АЕК-тен (5,5 млн теңге) аспайтын, 12 (қатарынан) ай ішінде өтелмеген борыштар бойынша ғана қолданылады. Сондай-ақ, бірқатар талаптары бар:

- ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, мүліктің меншік құқығында болмауы;
- борышкерге қатысты өтініш берілген күні 7 жыл ішінде соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімдері қолданылмаған;
- борышкер мерзімі өткен берешекті төлеу үшін бұрын іс-әрекет жасаған.

Соттан тыс банкроттыққа 5 жылдан астам берешегін өтемеген тұлғалар да жүгіне



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ
НАЛЬНАЯ СЛУЖБА КОММУНИКАЦИЙ ГОРОДА АЛМАТЫ

алады. Бұл ретте жоғарыда аталған шарттар мұндай борышкерге қолданылмайды. Алты ай бойы әлеуметтік көмек алушы болып табылатын борышкер осы рәсімді қолдануға өтініш бере алады. Соттан тыс банкроттықты Мемлекеттік кірістер органдары қарайды.

Кредиторлар тізбесін, берешек сомасын, сондай-ақ банкрот немесе микроқаржы ұйымдарымен борышты реттеу туралы құжаттарды қоса бере отырып, «электрондық үкімет» порталы, «E-salyg Azamat» мобильді қосымшасы арқылы өтініш беру арқылы іске асырылады. Ақпараттық жүйе арқылы борышкердің кіріс критерийлеріне сәйкестігі тұрғысынан мүдделі мемлекеттік және өзге де органдардың деректерімен автоматты түрде салыстыру жүргізілетін болады.

Екінші түрі — сот банкроттығы. Оны 1600 АЕК-тен астам борыштар және қарыздың қалған түрлері бойынша азаматтар сот банкроттығын қолдана алады.

Сот банкроттығының мақсаты банкроттың мүлкі есебінен кредиторлардың талапта-

рын барынша қанағаттандыру болып табылады. Сот банкроттығы процесінде кредитордың тек кепілге қойған мүлігін, ол жалғыз тұрғын үй болса да, оны алып қоюға құқығы бар.

Осы рәсімді қолдану барысында борышкерге төмендегілер тыйым салынады:

- мүлікті иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау бойынша мәмілелер жасау (қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру);
- шетелге шығу.

Осы рәсімді қолданғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі. Борышкердің жосықсыз белгілері болмаған жағдайда (мүлікті немесе ол туралы ақпаратты жасыру, жалған ақпарат беру және т.б.) қарыздың өтелмеген бөлігі есептен шығарылады.

Сот банкроттығы рәсімін жүзеге асыруды қаржы басқарушылары (заңды тұлғалар мен ЖК банкроттық рәсімін жүзеге асыратын әкімшілер; кәсіби бухгалтерлер; заң консуль-

танттары; аудиторлар) жүргізеді. Қаржы басқарушыларының қызметтері ақылы және қызметтерге ақы төлеу борышкердің мүлкі есебінен жүргізіледі (айына 1 ЕТЖ, 2023 жылы — бұл 70 мың теңге), мүлкі жоқ халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын адамдар үшін қаржы басқарушыларының қызметтері тегін.

Үшінші түрі — төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, ол борышкерде тұрақты табыс болған жағдайда 5 жылға дейін қарызды бөліп төлеу мүмкіндігін көздейді.

Борышкер үшін жалғыз шарт бар, ол — қарыз мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүліктің құнынан аспауы керек. Бұл процедураның артықшылығы — одан кейін жеке тұлға «банкрот» мәртебесіне ие болмайды, сондықтан оған банкрот үшін көзделген шектеулер қолданылмайды. Сондай-ақ, шетелге шығуға шектеулер жоқ.

Сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қаржы басқарушысы жүзеге асырады және сот арқылы орындалады. Борышкер төлем қабілеттілігін немесе сот банкроттығын қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы өтінішті тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Сонымен қатар, «банкрот» деп тануға шешім қабылдаған азаматтар үшін бірқатар шектеулер болатынын айта кеткен жөн. Олар:

- 5 жыл ішінде ломбардтардан, микрокредиттер басқа қарыздар мен кредиттер алу-ды шектеу;
- қайта банкроттық жариялауға 7 жылдан кейін ғана мүмкіндік болады;
- банкроттықтан кейін 3 жыл ішінде банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі.

Соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімдері қолданылғанға дейін үш жыл ішінде мүлікті жасырған немесе қасақана банкроттық фактілері болса, онда банкроттық рәсімі аяқталады. Бірақ рәсім тоқтағанымен борышкердің кредиторлар алдындағы қарызы кешірілмейді.

«AMANAT»

АУҚЫМДЫ ІСТЕР
АТҚАРЫЛДЫ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының 2021-2022 жылдары атқарған жұмыстары мен партияның сайлауды бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы баспасөз конференциясы өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жиынға Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мейіржан Отыншиев, Алматы қалалық мәслихатының VII шақырылымындағы Аманат партиясы депутатының фракциясының мүшелері қатысты.

Алматы қаласында 52 мыңнан астам партия мүшесі бар. Партия қатарына соңғы 2 жылда 6 мыңнан астам адам қосылған.

«Әр адамға қамқорлық жасау — партияның басты қағидасы. «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедергісіз келешек» және «Ұлттық мұра» партиялық жобалары аясында 100 мыңға жуық адамды қамтитын 3627 іс-шара өткізді. Жеңіс күнін мерекелеу аясында жыл сайын партиялықтар қаланың 100-ден астам ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне азық-түлік себеттері, естелік сыйлықтар, тұрмыстық техника түрінде атаулы қолдау көрсетеді. «Бақытты отбасы» партиялық жобасының «Баланы мектепке даярлайық» акциясы аясында аз қамтылған отбасылардан шыққан 5 мыңнан астам бала мектеп құралдарымен қамтамасыз етілді. Көпбалалы аналарға тұрақты түрде азық-түлік себеттері берілді, кино-театрға, хайуанаттар бағына және дельфинарийге тегін бару сияқты балаларға арналған мерекелік ойын-сауық шаралары ұйымдастырылды», — деді Аманат партиясы Алматы қала-

лық филиалының атқарушы хатшысы Мейіржан Батырбекұлы.

«Бақытты отбасы» жобасы аясында барлығы 37 мыңнан астам адамды қамтитын 1160 іс-шара өткізілсе, «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында 16 мыңнан аса адамды қамтитын 649 іс-шара өткізілді. Сонымен қатар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 900-ден астам отбасыға және мүмкіндігі шектеулі жандарға түрлі бағытта көмектер көрсетілді. Халқымыздың салт-дәстүрін сақтап, дамытуға бағытталған «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында 900-ден астам іс-шара өткізіліп, 21 мыңнан астам адам қамтылды. «TALQYLAU» жаңа диалог алаңын іске қосу арқылы партия жария диалогтың жаңа стандартын белгіледі.

Саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтық сектор қатысуымен өткен 5 отырыста түрлі тақырыптар талқыланды. Талқылаулар интерактивті форматта, әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Өткен жылы партия «Жер аманаты» жобасына бастамашы болды. Өткен референдумда Конституцияның алтыншы бабына енгізілген нормаға сәйкес, жер халыққа тиесілі.

Мемлекет басшысы жерді мемлекет меншігіне қайтару міндетін қойды. Өз кезегінде, Аманат партиясы бұл мәселемен кешенді түрде айналысуда. Партияның, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының жалпы күш-жігерімен бүгінгі күні қала бойынша пайдаланылмаған және заңсыз бөлінген 17 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗ!

Үйімізге жылу мен жайлылық сыйлайтын табиғи газды ұқыпты пайдалану әрі міндет, әрі жауапкершілік



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Осыған орай, Әлеуметтік қызметтер үйінде Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастамасымен Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы, қалалық ТЖД өкілдері мен газ тарату саласының мамандары, сондай-ақ, үйшілік газ жабдықтарына қызмет көрсететін сервистік компаниялар өкілдерінің қатысуымен кеңес өтті. Сала мамандарының басын қосқан жиында күнделікті өмірде газ жабдықтарының пайдалану кезінде көміртегі тотығымен уланудың алдын алуға бағытталған мәселелер талқыланды.

«Бірінші кезекте жауапкершілік тұтынушылардың өздеріне, одан кейін сервистік қызметтерге жүктеледі. Газ жабдығын дұрыс пайдаланбағандар 30-дан 100 АЕК-ке дейін айыппұл төлейді. Тұтынушылар газ аспаптарына байланысты кім қызмет көрсететінін біліп, жылына бір рет тексеру жүргізуі керек», — деп атап өтті Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин.

Мамандардың айтуынша, газбен уланудың басты себептері — жылыту пештерінің дұрыс жұмыс істемеуінен, қауіпсіздік ережелерін сақтамауы салдарынан орын алады.

«Жазатайым оқиғалардың басым бөлігі тұтынушылардың салғырттығынан туындайды. Себебі, тұрғындар мұржалардың газалығын (бітелуді) бақыламайды, мұржаны дұрыс қоспайды, осындай себептерден кейін оның тұтастығы бұзылады. Сонымен қатар, газ аспаптарында газды сөндіретін автоматиканың болмауы, оларды қараусыз қалдыру, тұрақты техникалық қызмет көрсетуді елемесекілі немқұрайлы көзқарас та кейде қайғылы оқиғаларға әкеледі.

Тағы бір себеп — техникалық қызмет көрсету жұмыстарының уақтылы орындалмауы, яғни қызмет көрсететін компаниялар кестеге сәйкес тексеру жұмыстарын жүргізу үшін мекенжайларға кіре алмайды. Міне, бұл да апатты жағдайлардың орын алуын туындатады», — деді Инфрақұрылымды дамыту басқармасының лифт, газ және қазандық жабдықтарын бақылау бөлімінің бас маманы Динара Жусанбекова.

Басқосудан кейін сала мамандары жеке-леген үйлердің газ қондырғыларын тексеру бойынша рейд жүргізді. Рейд барысында тұрғындарға газ жабдықтарына барынша абай болуға, қандай да бір олқылық байқаған жағдайда дереу арнайы сервистік қызмет көрсететін орталықтарға хабарласуға кеңес берді. Сонымен қатар, газ аспаптарын пайдалануға арналған қауіпсіздік шаралары туралы арнайы парақшалар таратты.



БРИФИНГ

«ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАС ТАРИФІ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ НЕДЕ?



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Буденеева «Инвестицияға айырбас тарифі» тұжырымдамасының артықшылықтары туралы айтты.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ЖАҢА ТАРИФТІК САЯСАТЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында елімізде электрмен жабдықтау желілерінің үштен екісі, жылу коммуникацияларының 57 пайызы және сумен жабдықтау желілерінің жартысына жуығы тозығы жеткенін айтты. Тарифтерді жасанды шектеу электр жарығын сөндіруге, жазатайым оқиғаларға, соның салдарынан азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірді. Монополиялық нарықтарда «Инвестицияға айырбас тарифі» жаңа тарифтік саясатына көшу қажет. Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында монополистермен тиісті жұмыстар жүргізілуде. Әсел Қорғанбайқызының айтуынша, қалада табиғи монополиялар мен негізгі қорлар желілері субъектілерінің тозуы айтарлықтай жоғары. Сумен жабдықтау және су бұру салаларында 50%-дан астам, жылу және электрмен жабдықтау салаларында 60%-дан астам. Алдын ала мәліметтер бойынша, 2029 жылға қарай желінің тозуын 15%-ға азайтуға қол жеткізу жоспарлануда.

Спикер тарифке әсер етуді бағалау салаға байланысты екенін түсіндірді, мысалы, сумен жабдықтау және су бұру салаларында, тарифке қосымша инвестициялардың үлкен әсері болады деп болжанған, өйткені «Алматы Су» МКК ШЖҚ тарифтері тек Алматыда ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша ең төменгілерінің қатарында болып отыр.

Сонымен бірге, оған қондырғылар мен желілердің тозуы, жүргізілетін жұмыстардың қиындығы (жөндеу және реконструкция), салалар бойынша жұмыстар мен материалдардың нарықтағы бағалары да әсер етеді.

ТАРИФТЕРДІҢ НЕГІЗСІЗ ӨСУІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

«Қазіргі уақытта жылумен жабдықтау және суды тазарту салаларында бір шақырым желіні жөндеудің құны электр энергиясын тасымалдау саласына қарағанда әлдеқайда жоғары екенін байқап отырмыз. Осылайша әрбір саладағы тарифке жеке әсер етеді. Жүргізіліп жатқан реформалардан максималды нәтиже алу үшін бірқатар мемлекеттік монополистерді бір органға біріктіруді көздейтін монополистердің қызметін реттеу тәсілдерін өзгерту қажет, бұл операциялық шығындарды оңтайландырады және инвестициялық тартымдылықты арттырады», – деді Ә.Буденеева.

Осылайша жылу және сумен жабдықтау, су бұру жүйелерін дамыту үшін қаржыландырудың нарықтық тетіктеріне тиімді көшу арқылы бюджеттік субсидиялардан кезек-кезеңмен бас тарту қажет.

Бұл шараларға шығындарды оңтайландыру, инвестициялық тартымдылықты арттыру және тарифтер деңгейін қайта қарау арқылы қол жеткізілетін болады.

Желілердің тозуын азайту және инвестицияларды тарту бойынша қабылданған шаралардың күтілетін нәтижесі желілердегі нормативтік ысыраптарды, жоспардан тыс

үзілістер мен апаттар санын азайту, жаңартылған объектілердің қызмет ету мерзімін ұлғайту, үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Тұтастай алғанда, тарифтердің негізсіз өсуіне жол берілмейді, тарифтердің өзгеруінің әрбір жағдайы үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, монополистердің қызметіне жеке бағалау жүргізілетін болады.

МАҚСАТҚА САЙ ЖҰМСАЛУЫН КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Буденееваның айтуынша, іске қосылған активтерге техникалық аудит жүргізу тәжірибесін енгізу бойынша қабылданған шаралар инфрақұрылым объектілерінің, инженерлік желілердің нақты тозу деңгейін анықтауға және қажетті шаралардың құнын бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша әрбір монополист бойынша қаржыландырудың жеткілікті деңгейін анықтау үшін экономикалық және техникалық жағдайына жеке бағалау жүргізіліп, кейін оларды дерек көздері бойынша бөлу жүргізіледі.

Қомақты инвестициялар көлемін тарту, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің құнына жүктемені азайту мақсатында жеңілдетілген бюджеттік несиелеу (қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялау, ұзақ мерзімді несиелендіру және т.б.) механизмін қарастыру ұсынылады.

Есепті қарау аясында қосымша тартылған инвестициялардың мақсатына қарай пайдаланылуы да тексерілетін болады.

Жүргізіліп жатқан реформалардан бастап жоғары нәтиже алу үшін бірқатар мемлекеттік монополистерді бір органға біріктіруді көздейтін монополистердің қызметін реттеу тәсілдерін өзгерту қажет, бұл пайдалану шығындарын оңтайландыруға және инвестициялық тартымдылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Биылдан бастап жүргізіліп жатқан жұмыстар объектілеріне жасалатын пресс-турлар шеңберінде табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын іске асыру мониторингіне жұртшылық пен мүдделі тараптардың белсенді қатысуы қарастырылған.

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

Халықаралық қысқы мектеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультеті Түркия Дін істері басқармасымен (Diyanet) және Türkiye Diyanet Vakfi қорымен (TDV) бірлесіп, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдың қолдауымен «Радикализмнің алдын алудағы Қазақстан мен Түркияның тәжірибесі: теориялық мәселелер мен практикалық шешімдер» атты Халықаралық қысқы мектебін өткізді.

Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қысқы мектептің спикерлері мен модераторлары көрнекті қазақстандық және түрік ғалымдары мен сарапшылары: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы Б.Мейрбаев, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі А.Құрманалиева, Таяу Шығыс зерттеулері орталығының қауіпсіздік саласындағы зерттеулер бөлімінің директоры Гектут Сонмез және т.б.

«Әлемдегі адамзаттың ортақ проблемасы

терроризм, радикализм және адамдарға глобалдық тұрғыда зиян тигізуінің алдын алу. Бұл мәселеде екі ел бірлесіп жұмыс жасауы қажет. Бүгінгі күні қоғамда ғылым, сана, ойлау әлеміндегі маңызды пікірлерді ортаға тастауымыз қажет. Сонда ел болып қалыптасуымыз әрмен қарай жылжып, даму бағытымыз айқын болмақ. Бәріміз бірлесіп, бейбітшілікке, қоғамды бірлестікке апаратын адал жолда бірге жұмыс жасауымыз қажет. Осындай іс-шара ұйымдастырып отырған сіздерге алғысымды білдіремін. Қазақстанға келіп, қонақ болып отыру біз үшін үлкен құрмет», – дейді Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулдың Дін істері жөніндегі атташесі Эмруллаһ Үзүм.

Халықаралық қысқы мектеп тиісті мемлекеттік органдардың, ғылыми институттардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері, өңірдегі діни радикализмнің алдын алудың неғұрлым өзекті мәселелері бойынша Қазақстан мен Түркияның жетекші сарапшылары арасында тәжірибе алмасу және осы процеске қарсы тұруға бағытталған ұсынымдар әзірлеу үшін ашық пікірталас алаңы ретінде жұмыс жасауды көздеп отыр.

«Дін саласындағы мемлекеттік саясат – мемлекеттің, соның ішінде әкімдіктің басты назарында, әсіресе радикализм мәселесі күн тәртібінен түспейді. Осы уақытқа дейін елшіліктегі азаматтармен жұмыс жасап келе жатырмыз. Өздеріңіз білесіздер, Алматы қаласы еліміздегі ең ірі мегаполис. Мұнда республика бойынша 18 конфессия бар, олардың 17-сі заңды түрде тіркелген. Қоғамда радика-

лизмнің туындауына мониторингтік жұмыстар және басқа да жұмыстар жүргіземіз. Неге жастарымыз жат ағымның жетегіне кетіп жатыр деген мәселелерді қозғаймыз. Осылайша мұның бірнеше факторларын анықдық. Оның бірі – әлеуметтік желілерде, интернетте кереғар мәліметтердің кеңінен таралуы. Екіншіден, жастарымыздың діни білімі болмай тұрып, адамдардың айтқандарына сенім артуы. Үшіншіден, мешіттерімізде, діни орындарымызда деструктивті діни ағымдардың өкілдері қаншама азаматтарды, діни білімсіз кей адамдарды арбап жатыр.

Десе де, Алматы қаласы әкімдігінің тарапынан бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Әкімдік бүгінде 3 бағытта жұмыстар жүргізіп отыр. Халық арасында ақпараттық жұмыс жүргізу. Еліміздің ұлттық болмысын насихаттау арқылы деструктивті діни ағымдардың, радикализмнің алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі ақпараттарға қатаң қадағалау жүргізу. Жастарымызға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар, оңалту жұмыстарын қолға алдық. Осы бағытта 1000-нан астам адамды оңалту курсынан өткізіп, білікті мамандардың ақыл-кеңесіне жүгіндік. Шетелдік мамандармен тәжірибе алмасып, жастарымызға қолдау білдіріп келеміз», – дейді Алматы қаласы Дін істері басқармасы басшысының орынбасары Ерғали Көшке.

Қысқы мектептің жұмысына мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдардың, діни зерттеу орталықтарының өкілдері, мектептердің, жоғары оқу орындарының оқытушылары және т.б. қатысты.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда 2040 жылға қарай тұрғындар саны 3 миллионға жетеді



Жаңа жылдан бастап 236 000 алматылықтың зейнетақысы өседі



Алматының жаңа бас жоспарын іске асыру нәтижесінде 180 000-ға жуық жұмыс орны ашылады



Биыл 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін баспана есебінен 1050 пәтер ұсынылады



Биыл Алматыда 200 шақырым автожол мен 30 шақырым тротуар жөнделеді



2023 жылы Алматыда 17 000-ға жуық апатты ағаштар кесіледі



● «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі Олжас Жолдыбай Астанадан хабарлайды:

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Астанадағы «Қазмедиа» орталығында маңызы жоғары медиафорум ұйымдастырылды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бүгінгі БАҚ бәсекеге қабілетті әрі еркін болуы керектігін атап өткен еді. Осыған орай, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Өңірлік мерзімді басылымдар форумы» өтті.



Нұртөре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті
Сенатының
депутаты:



ТІЛШІ – ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

Бұл жолғы іс-шараның маңызы жоғары. Заң да қабылданып түрі бар. Кеңес кезеңінде газеттің қаламақы қоры болатын. Ал тұрақты жалақы бөлек еді. Тілшілерді тұншықтырып, редакцияда таңнан кешке дейін қамап ұстаудың қажеті жоқ. Қазір жылдам ақпарат дәуірі. Біздіңше, сүбелі сұхбат, өңірдің жағдайы туралы сапалы материал қажет. АҚШ-та New York Times газеті бүкіл әлемге үлгі болып отыр. Көбісі оған сілтеме жасайды. Үлгі алатын-ақ нәрсе.

Қазақ журналистикасының бәсі артуы үшін қаламақыны көбейтейік. Аз-кем қаржыға ешкім мардымды мақала бермейді. Жастарды қаржылай қолдау керек. Алдағы қабылданып заңда қаламақыға қатысты ештеңе кезіктіре алмадым. Осы ретте заңға қаламақы пунктін ендірейік. Тағы бір дүние, ол – жалған ақпарат. Қазақстанда жасалып жатқан ауқымды шаралар жетерлік. Соны дәріптей білуіміз қажет. Өйткені, мемлекет баршамызға ортақ.

Жуырда мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Айталы ағамыздың осыдан біраз уақыт бұрын берген сұхбаты қайта басылды. Сонда өзекті ойлар, тұшымды пікірлер айтылған. Сол сияқты, кесек-кесек ойлар қай заманда да құнды болып қала бермек.

Біз журналистика қауқырымен қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек. Қазақша ойлау, білу, жанару жағын ойластырайық. Сонда қазақтілді аудиторияның ауқымды ісі болады.

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
Қазақстан
Журналистер
одағының және
«Бас редакторлар
клубы» қоғамдық
бірлестігінің
мүшесі:



ҒАЛАМДЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫ ҮЙРЕНЕЙІК

Баспасөздің болашағына қатысты түрлі ойлар бар. Біздіңше, интернет пен басылымның интеграциясын қарау керек. Америка Құрама Штаттарында былтыр 15 газет жабылды. Былайша айтқанда, қағаз түріндегі версиясын тоқтатты. Ал бірақ Қытай, Үндістанда ахуал мүлдем басқа. Жағдайы жақсарған жандар газеттерге көптеп жазылады екен. Демек, оқуға деген қызығушылық артты деген сөз. Бізде де озық елдер тәжірибесін ескеріп, жаңашылдық жасаған абзал.

Қазіргі таңда біз жолайрықта тұрмыз. Баспасөздің болашағына алаңдаушылық білдіріп қоямыз. Ол жағы дұрыс. Алайда, құр сөзден гөрі іске көшетін кез келді. Әйтпесе, газеттен айырылып қалуымыз мүмкін. Қанша дегенмен, дәстүрлі форматтың болғаны абзал. Әлі күнге дейін блогерлер статусы анықталмаған. Ресейде 2014 жылы «Блогерлер туралы» заң қабылданған. Бұл бар болғаны 3 жыл ғұмыр кешті. Одан кейін қайта алынып тасталды. Беларусь, Украина халі де осы тақылеттес. Бәрібір кәсіби журналистиканың жөн-жосығы бөлек. Арнайы білімі бар маман, шеберлер жазады. Оның жазғанын жауапты мамандар, басшылық сүзгіден өткізеді. Сұрыпталып, әбден сүзгі жасалған ақпарат халыққа оқуға ыңғайлы, түсінікті болады. Яғни асығыстыққа жол берілмейді. Осы реттен келгенде кәсіби маман ісі бәрібір көрініп тұрады.

Біз БАҚ-тың интернет кеңістікте ойып тұрып орын алғанын қалаймыз. Жаңа технологияларды қолдану ол – үлкен мүмкіндік дер едік.

Жиынға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Орталық коммуникациялар орталығының басшысы Асқар Омаров және журналистер, телеарна мамандары, медиа-менеджерлер, т.б. қатысты.

«Қазмедиа» орталығында баспа-

сөз, радио, телеарна мамандары бас қосып, өзекті мәселелер төңірегінде ой қозғады. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген қатысушылар қазақтілді журналистиканың ахуалына алаңдаушылық білдірді. Осы тарапта алда атқарылар ілкімді істерді жүзеге асыру, медианы оңтайландыру, қаржы көздерін молайту сынды ой-пікірлер айтылды.

Елімізде журналистиканы қолдау үшін әртүрлі игі істер қолға алынып келеді. Жыл сайын «Тұмар», Astana Media Week байқаулары өткізіліп тұрады. Бұл үлкен қолдаудың бір парасы ғана. Осы жолғы іс-шара қазақша контент, аудитория, оқырман, таралым, ғаламтор тиімділігі, блогер статусы және т.б. мәселелерге арналды.

Алтай КӨЛГІНОВ,
ҚР Премьер-Министрінің орынбасары:



ЖУРНАЛИСТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Қазақстан билігі журналистиканың жай-күйіне бей-жай қарамайды. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген еді. Осы сөздің мағынасы көп дүниені аңғартады.

Біз өңірлердегі жағдайды білеміз. Ел арасында, облыс, қала, ауданда газет, журнал оқитын оқырмандар бар. Олардың кейбірінде арнайы ғимараты да

болмаған тұстарын естіп, көріп жүрміз. Ол проблемалар да толғандырады. Биыл сәтін салса, «МасМедиа» туралы заң қабылданады деп ойлаймыз. Бұл орайда, әсіресе фейк ақпаратқа жол бермеу керек.

Елімізде саяси-экономикалық, әлеуметтік форумдар, үлкен маңызға ие шаралар өтіп жатыр. Осы төңіректе жалпы елдік-ұлттық мүддеге ұйысып жұмыс істесек, абырой болар еді.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:



ИГІ ІСТЕРДІ ҚОЛҒА АЛУ ҚАЖЕТ

Өңірлік газет-журналдардың бүгінгі хал-ахуалына назар аударылып келеді. Әсіресе, басылымдарды «Қазпошта» арқылы тез жеткізу, оқырманға тиімді студия жалғастыра береміз. Арнайы меморандум да жасалды. Пандемия кезінде дәстүрлі БАҚ қиыншылыққа тап болды. Кейбір газеттердің сайты да жоқ екен. Тіпті, корректор, әріп қатесін, сапасын қарайтын редакторлық басылым керек. Газет соңғы оқырманы қалғанша шыға береді. Суреттер де сөйлеп, бір нәрсені меңзеп тұру керек. Ең негізгісі – қазіргі контент. Сайтта арнайы, сапалы, фактіге құрылған сын болғаны жөн. Жалпы, өзім «Егемен Қазақстан» республикалық басылымын басқарған тұста осындай 8 бастаманы іске асырған едік.

Журналистердің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында игі істерді қолға алу қажет. Өңірлік басылымда істейтін жас журналистер республикалық деңгейге шығуы қажет. Жаңа буынның идеясы, ұсынысы әр уақытта басты назарда. Алдыңғы аға буынмен тәжірибе алмасып, жас тілшілер кәсіби маманға айналғаны дұрыс. Балалар басылымдарын көтеру аса маңызды. Бұйырса, «Қазақ газеттерінде» жаңарулар орын алып жатыр. Оны да жаңғыртып, заманға сай етеміз. Өңірлік басылымдардың мәселелерін де ойластырып, талқылап, жарнама беру жағын қарастыру қажет. Болашақтағы басылымның ахуалын қазірген жасап, жемісін беретіндей етейік.

Асқар ОМАРОВ,
ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің басшысы:



ГАЗЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Өз кезеңінде интернет басылымының жетекшілігінде болдық. Сол кездегі ойларды, тәжірибені бөліскім келеді. Бірде Қызылорда облысының тілшісі жазған кептер туралы ақпарат берілді. Біз оны республикалық вебсайтқа жарияладық. Соған Араб медиясы және т.б. қызығушылық білдірді. Бізге шетелдік алпауыт сайттар сілтеме жасаған болатын. Бұл бір сәтте қызықты мәселе болып шыға келді. Үлгі аларлық-ақ нәрсе.

Журналистерді өңірлерде дайындау, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру

аса маңызды. Қазақтілді аудиторияның қатары артып барады. Бұл жағы қуантады. XX ғасырда газеттің болашағы бұлыңғыр деген болатын. Телевизия шыққанда, радио құриды деді. Бүгінгі күні газет, журнал, радио, телеарна нық тіресіп өмір сүріп келеді. Жаңа заманға сай вебсайттар тарала бастады. Демек, түгелдей газеттің болашағы жоқ деп айту әбестік.

Болашақ – біздің қолымызда. Сондықтан тілшілер қоғамның айнасы екенін ұмытпайық. Қазақ басылымдары өсіп-өне берсін!



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Конституциялық Сот ерекшелігі неде және қандай өкілеттіктерге ие? Оған кім және қалай жүгіне алады? 2023 жылдың қаңтарынан бастап елімізде өз жұмысын бастаған жаңа құқықтық институт қызметінің негізгі мәселелері туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Төрағасының орынбасары Бақыт Маратұлы НҰРМҰХАНОВ әңгімеледі.



Азаматтардың тікелей жүгіну құқығы қарастырылған

■ **СҰРАҚ:** – Осыған дейін жұмыс істеген Конституциялық Кеңес пен жаңадан құрылған Конституциялық Соттың айырмашылығы неде?

■ **ЖАУАП:** – Жаңадан құрылған Конституциялық Сотқа азаматтардың тікелей жүгіну құқығы қарастырылған. Бұған дейін жұмыс істеген Конституциялық кеңесте 27 жыл ішінде азаматтарда мұндай мүмкіндік болған жоқ. Олар өздерінің конституциялық құқығын қозғайтын, оған нұқсан келтіретін заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басқа субъектілер арқылы ғана даулай алды. Атап айтсақ, сот органдары арқылы қандай да бір азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, басқа да істі қарау барысында, егер азамат қолданыстағы заң өз құқықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, судьяға өтініш білдіруге мәжбүр болды. Оның өтініші қанағаттандырыла ма, қанағаттандырылмай ма, оны толығымен судья шешетін болған. Сондықтан осы жылдар ішінде Конституциялық кеңеске бар-жоғы соттан 78 ғана ұсыныс келіп түсті. Бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш емес.

■ **СҰРАҚ:** – Конституциялық Сот қандай өкілеттіктерге ие?

■ **ЖАУАП:** – Конституциялық Сот Конституциялық кеңестің бүкіл өкілеттіктерін алды. Бұл – Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру; Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін Ата Заңның талаптарына сәйкестігін тексеру; халықаралық шарттарды ратификацияланғанға дейін Конституцияға сәйкестігін тексеру; Парламент пен оның палаталарының қаулыларының Конституцияға сәйкестігін тексеру; соттардың, азаматтардың құқығына нұқсан келтіретін заңдардың конституциялығын тексеру туралы ұсыныстарын қарау; дау туындаған жағдайда Президент сайлауының және Парламент депутаттарының сайлауының дұрыстығын қарау. Сонымен қатар, биыл Конституциялық Сотқа жүгінетін субъектілердің қатары толығып, оларға Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас прокурор және азаматтар қосылды.

Тәуелсіз мемлекеттік орган

■ **СҰРАҚ:** – Конституциялық Сот институты сот органдарына жата ма?

■ **ЖАУАП:** – Қазақстанда халықаралық тәжірибені ескере отырып, Конституциялық Сот жеке сот жүйесіне кірмейтін тәуелсіз мемлекеттік орган болады деген модель ұсынылды және ол қабылданды. Сондықтан қазір жалпы сот юрисдикцияларының жүйесіне Конституциялық Сот кірмейді, олардың шешімдерін қарастырмайды, бұл дербес мемлекеттік орган болып табылады.

■ **СҰРАҚ:** – Бұл құқықтық институтты құру кезінде әлемнің қай елдерінің тәжірибесі зерделенді?

■ **ЖАУАП:** – Конституциялық бақылау деген ұғым 1803 жылы Америка Құрама Штаттарында пайда болды. АҚШ-тың Жоғарғы соты тарихта алғаш рет заңды АҚШ-тың Конституциясына қайшы деген шешім шығарды. Одан кейін бұл тәжірибе бүкіл әлемге таралды. 1920 жылы Австрияда алғашқы Конституциялық Сот құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін бұл тәжірибе Шығыс Еуропа елдеріне, ТМД кеңістігіне, Африка және т.б. құрлықтарға тарады. Сондықтан үлкен әлеует, халықаралық тәжірибе бар, соның бәрі терең зерделенді. Конституциялық Соттың құқықтық негіздерін қалыптастыру барысында 1992–1995 жылдары жұмыс істеген Конституциялық Соттың тәжірибесі, 27 жыл жұмыс істеген Конституциялық Кеңестің тәжірибесі де қоса зерделенді.

Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары

■ **СҰРАҚ:** – Конституциялық Сот өз жұмысын бастағалы бері азаматтар қандай өтініштермен жүгінді?

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ



■ **ЖАУАП:** – Конституциялық Сот өз қызметін бастағалы бері 350-ге жуық азаматтан өтініш келіп түсті. Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, бұл өтініштерде көтерілген мәселелер түрлі салаларға қатысты. Азаматтардың басым көпшілігі жалпы юрисдикциялы соттардың шешімдерімен келіспейді. Азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер бойынша, сондай-ақ бас бостандығынан айыру мекемелерінде отырған азаматтардың өтініштері көп. Олар үкіммен, қолданылған жазаның түрімен, оның мөлшерімен келіспейді, мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан соттардың шешімдерін даулайды. Тағы да қайталап айтқым келеді, Конституциялық Сот, сот жүйесіне кірмегендіктен соттардың шешімдеріне баға бермейді және оларды қайта қарамайды. Сондықтан өтініштерге сол мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр.

■ **СҰРАҚ:** – Азаматтардың Конституциялық Сотқа өтініш жасауы бойынша қандай рәсімдер мен ережелер бар?

■ **ЖАУАП:** – Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары «Конституциялық Сот туралы» Заңның 45-бабында нақты көрсетілген. Оған сәйкес, Конституциялық Соттың қарайтын негізгі мәселесі – ол заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің Конституция талаптарына сәйкестігі. Оның шарттары мынадай: 1. Дауланып отырған заң және басқа да нормативтік акті адамның Конституцияда көзделген құқықтарын тікелей қозғауы қажет; 2. Заңды қолдана отырып, сотпен нақты бір шешім қабылдануы тиіс; 3. Сот шешімі күшіне енуі керек; 4. Соңғы шарты – сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бір жыл өтпей Конституциялық Сотқа жолдануы тиіс. Бұл шарттарда кейбір ерекшеліктер бар. Егер Заңның нормасы кесімді болса, ол норманы түсіндіруде түрлі нұсқаларға жол берілмесе, азаматтың нақты қандай іс-әрекеттер жасайтынын тікелей көрсетсе, онда азамат сот органдарына жүгінбей-ақ, бірден Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Қазіргі келіп түскен шағымдарда азаматтар бірінші, екінші, үшінші сатыдағы сот шешімдерінің қайта қаралуын, олардың заңдылығына баға беріп, қолданылған қылмыстық жазаның мөлшерін азайтуды және басқа да шешім қабылдауды сұрайды. Мұндай мәселелерді шешу Конституциялық Соттың құзырына кірмейді. Конституциялық Сот сот шешімдерін қабылдау кезінде қолданылған заңның дұрыстығын қарайды. Сондықтан азаматтың шағымында көрсетілген келіспеушіліктері тікелей заңға қатысты болуы керек. Егер заңның конституциялық талаптарға сәйкес келмейтіндігін Конституциялық Сот анықтайтын болса, кейіннен сол заңның негізінде қабылданған сот шешімдері белгіленген тәртіппен қайта қаралатын болады. Ол қайта қарауды жалпы юрисдикциялы соттар жүзеге асырады.

Конституциялық іс жүргізу және қорытынды шешім

■ **СҰРАҚ:** – Конституциялық іс жүргізу деген не және оның қатысушылары кімдер?

■ **ЖАУАП:** – Конституциялық іс жүргізу дегеніміз – Конституциялық Сотқа келіп түскен өтініштерді қарау процесі. Конституциялық Сотқа өтініш беру субъектілеріне Президент, Парламент палаталарының төрағалары, Премьер-Министр, Парламент депутаттарының кемінде 1/5 бөлігі, соттар, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас прокурор және азаматтар жатады. Конституциялық заңның 44-бабында өтініштерге қойылатын талаптар белгіленген. Өтініштер міндетті түрде жазбаша немесе электрондық нысанда берілуі тиіс. Жалпы, қазақстандық Конституциялық Сот шет елдердің тәжірибесін ескере отырып, қабылданған тәртіпке сәйкес, жазбаша өтініштің негізінде жұмыс

жасайды. Өтініш қойылатын талаптарға сай болса, оны Конституциялық Сот аппараты тіркейді, әрі қарай ол өтініштер Конституциялық Сот судьяларының қарауына беріледі. Конституциялық Сот өтініш бойынша конституциялық іс жүргізуді қозғайды, оны өндірісіне қабылдайды. Өндіріске қабылданғаннан кейін Конституциялық Соттың бір немесе бірнеше судьясы сол өтініш бойынша баяндамашы болып тағайындалады. Баяндамашы ретінде ол судьялар өтініш бойынша дайындық жұмысын жүргізеді, яғни олар заңдарды құқық қолдану тәжірибесін, заң ғылымын, шетелдік тәжірибені, халықаралық шарттарды, барлық тақырыпқа байланысты материалдарды жинап зерделейді. Одан соң Конституциялық Сот шешімінің жобасын әзірлейді. Кейіннен ол өтініш Конституциялық Соттың отырысына шығарылады, ол отырыс тыңдаулар өткізу немесе тыңдаулар өткізбей де өткізілуі мүмкін. Егер тыңдаулар отырысы ұйымдастырылған жағдайда, оған өтініш беруші сол мәселеге қатысы бар барлық мемлекеттік органдар мен сарапшыларды шақырады. Әрқайсысына кезекпен сөз беріліп, соңынан Конституциялық Сот барлық мән-жайды анықтағаннан кейін қорытынды шешімді қабылдау үшін кеңесу бөлмесінде талқыланады.

Талаптардың сақталуы тексеріледі

■ **СҰРАҚ:** – Қандай жағдайларда Конституциялық Сот азаматтардың өтініштерін қараудан бас тартады?

■ **ЖАУАП:** – Қазіргі кезде Конституциялық Сотқа келіп түскен өтініштерді алдын ала қарауды Конституциялық Сот аппараты жүзеге асырады. Конституциялық заңға сәйкес, аппаратының міндеті – келіп түскен өтініштерге, оның нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталуын тексеру, яғни бұл өтініште заңда белгіленген деректердің көрсетілуін анықтау. Ол жерде өтініш берушінің аты-жөні, оның қандай заңды, қандай бабын, қандай бөлігін даулап отырғаны, Ата Заңда көрсетілген қандай конституциялық құқығына нұқсан келтіретіні, құқықтық ұстанымы көрсетілуі керек. Әрине, азаматтардан олардың өтініштерін жоғары құқықтық деңгейде жазу талап етілмейді. Бірақ Конституциялық Сот судьялары азаматтың қандай заңды, неге, қандай құқығына нұқсан келтіргеніне байланысты даулап отырғанын түсінуі қажет. Қазіргі келіп жатқан өтініштердің арасында кейбір азаматтар қысқа да нұсқа жазады: «Мынадай заң менің құқықтарыма нұқсан келтіреді» дейді. Бұл заңның қандай нормасы қандай құқығына нұқсан келтіреді? Оның ішінде жүздеген бап бар. Нақты қандай бабы? Қандай бөлігі? Оны ашып, толық жазбайды. Сондықтан ол азаматтарға түсіндіріп, өтінішін аздап толықтырып, сұранысын нақтылауды сұраймыз.

■ **СҰРАҚ:** – Азаматтың өтініші бойынша Конституциялық Соттың қорытынды шешімі қандай нысанда жүзеге асырылады? Азаматтар ол туралы қалай біледі?

■ **ЖАУАП:** – Азаматтардың өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Конституциялық Сот нормативтік қаулы қабылдайды. Ол нормативтік қаулының 3 түрі бар: 1. Дауланып отырған нормативтік құқықтық актіні Конституция талаптарына сәйкес деп тану туралы; 2. Конституциялық талаптарға сәйкес еместігі туралы; 3. Құқық қолдану органдары заңға дұрыс түсініктеме бермей, тиісінше, ол дұрыс қолданылмаса, конституциялық тұрғыдан заңның мазмұнына түсіндірме бере отырып, сол анықталған мағынада оның конституциялық талаптарға сәйкес болатыны туралы шешім қабылдайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі).



ПЕДАГОГИКА

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында білім жүйесіне арнайы тоқталып, өзекті мәселелерді алға тартып отырады. Ел Президентінің әрбір Жолдауында білім беру саласын жан-жақты дамыту кеңінен қамтылып отырғандығы еліміздің ұстаздарының еңбегіне де айрықша шабыт беріп жатқаны анық. Жетісу ауданындағы №108 мектептің басшысы Руфинат Бегдайырқызы еліміздегі болып жатқан жаңалықтардың бел ортасынан табылып, үнемі өзіндік үн қатып жүреді. Нағыз еңбек адамы.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауының бір бағытын міндетті түрде білім беру саласына арнап отырады. Жолдауда білім жүйесі мен мұғалімдерді қолдаудың әлі жалғаса беретіндігі туралы үнемі айтады. Сондықтан біздер мұғалімдер қауымы әрбір Жолдаудан жаңалық күтіп, асыға күтіп отырамыз. Жолдау барысында қолға алынған мәселелердің бірі – мұғалімдерді қайта даярлау 5 жыл сайын емес, 3 жылда бір рет өтіп отыратын

болды. Өйткені, қазіргі заман мұғалімі жан-жақты, ізденімпаз, оқушыларға жаңаша білім сіңіре алатын нағыз ағартушы болуға тиіс. Сонымен қатар, ғылымға ынтасы бар оқушылар мен олардың жетекшілерін материалдық ынталандыру мәселесі де ұстаз еңбегін бағалаудың бір үлгісі болды дер едім.

– Мәселен, халықаралық олимпиадаларда жүлделі орын алған талантты оқушыларға 4,5 млн теңге көлемінде ақшалай марапат берілсе, олардың ұстаздары да материалдық тұрғыдан ынталандырылады. Бұған қоса, жеңімпаз оқушылардың жоғары оқу орнына түсуі үшін конкурстан тыс гранттар берілуі де көрсетіліп жатқан жеңілдік. Мұның өзі білімнің дамуы мен білім аламын деген жастарға жасалып жатқан қолдау емес пе? Жалпы, білім жүйесі өте ауқымды болғандықтан ондағы өзекті мәселелердің болуы да заңдылық дер едім. Мәселен, еліміз бойынша мектеп тапшылығы әлі де өз өзектілігін жойған жоқ. Соған қарамастан, ендігі жерде бұл мәселе өз ешімін табатын сыңайлы. Сәтін салса, алдағы 2025 жылға дейінгі салынуға тиіс 800 мектептің санын ел Президенті мыңға дейін жеткізуге міндеттен отыр. Осындай жаңашылдық пен жаңалықты біздер ерекше қабылдап, қолдап отырамыз, – дейді Руфинат Бегдайырқызы.

Шындығында, жас та болса өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын басшы №108 мектеп ұжымымен бірлесіп, білім саласына қатысты кез келген мәселені жан-жақты талқылап отырады. Жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың арқасында өткір мәселелердің шешімін табатынына да сенімді. Өткен оқу жылында Алматы қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген қалалық, сосын республикалық кәсіби байқауға аталмыш мектептің 7 мұғалімі қатысып, жүлделі I, II, III орындарға ие болды. Мәселен, Оқу-ағарту министрлігі және ТІК-ТОК қосымшасы бірлесіп ұйымдастырған «Қазақстан мұғалімі» байқауына қатысқан математика пәнінің мұғалімі М.Хасен министрдің қолынан Алғыс хатқа ие болды.

– Шығармашыл ұстаздарымыз қалалық, республикалық байқауларға қатысып, қанжығаларын майлап қайтса, «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» демекші, мектебіміздің білімді оқушылары да қаладан тыс, республикалық, халықаралық байқаулар мен пәндік олимпиадалардың, ғылыми жобалардың жүлделерін иеленіп, жеңімпаз атанды, – дейді №108 мектептің директоры Руфинат Бегдайырқызы.

МӘДЕНИ МҰРА

«ОРТЕКЕ» ОРТАМЫЗҒА ОРАЛДЫ

Біз кезінде «Аты шыққан биімен мен боламын ортеке, Ойқастаған ортеке, той бастаған ортеке», – деген әнге билеп өскен ұрпақпыз. Неге екенін қайдам, сол кездерде біз үшін осы «Ортекеден» басқа ән де, би де болмаған сыңайлы көрінуші еді. Оған қоса, «ортекеңіз» тек би ғана емес, спорттың да бір түрі іспетті болатын.

Міне, араға ұзақ уақыт салып, жоғалтып алған «ортекеміз» ортамызға оралып жатыр. Мәдениет және спорт министрлігі 2023 жылы домбыра аспабында орындалатын қазақтың ұлттық «Ортеке» би өнерін материалдық емес мәдени мұраның ұлттық тізіміне енгізуді қолға алып, қазір осы бағытта қарқынды жұмыстар қызу жүріп жатыр. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық қобыз, жетіген, сыбызғы, шаңқобыз музыкалық аспаптары мен оларда ойнау өнері де Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізіміне енгізілді.

Биылғы жылдың басты жаңалығы – Материалдық емес мәдени мұра орталығы ашылмақшы. Аталмыш орталықта домбыра теориясы зерттеліп, онда практикамен де айналысатын болады. Жалпы, биылғы жылы «Artsport» бағдарламасы шеңберінде жұмыс істейтін 643 домбыра үйірмесіне 26 388 бала қатысып жатыр.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



СЕМИНАР



ӘЛЕМ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ҚОЛЖЕТІМДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Smart-университеттер моделіне көшу жұмыстарын жүргізуде. Енді қазақстандық студенттер үшін әлемнің жетекші университеттерінің өзекті курстары қолжетімді.

Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде жоғары оқу орындарына арналған Coursera for Campus білім беру платформасын енгізу әдістемесін таныстыру мақсатында Coursera day семинары ұйымдастырылды. ҚР Ғылым және білім министрі Саясат Нұрбектің қазақстандық жоғары оқу орындарына жаппай ашық онлайн курстарын (ЖАОК) енгізу және жетекші курстарды орталықтандыру жөніндегі бастамасын қолдау мақсатында ХАТУ білім ордасы Coursera өкілдерімен бірге маңызды қадам жасап отыр. Алқалы жиында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің мысалында Coursera for Campus платформасын енгізу әдістемесі тақырыбы таныстырылды.

Жалпы, бұл бастама қазақстандық жоғары оқу орындарына әлемдік білім беру жүйесімен тығыз байланыста болуға көмектеседі. ЖАОК – заманауи қашықтықтан білім берудің қарқынды дамып келе жатқан оқыту курстарының түрі.

«Coursera day» конференциясының ашылуында ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі К.А.Ерғали, ХАТУ АҚ басқармасының төрағасы – ректоры Асқар Хикметов сөз сөйледі. Білім ордасының халықаралық ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Евгения Дайнеко оқу орнының осы саладағы тәжірибелерін айтты.

Жиынды Халықаралық байланыс департаменті директоры Н.Ж.Нальгожина жүргізді. «Coursera Day» конференциясында платформаны Орталық Азиядағы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі директор Эдуард Кан таныстырды. «Coursera» платформасының қоғаммен байланыс менеджері Сиддхарт Нагар ЗУМ жүйесі арқылы қатысты. Платформа интерфейсі барлық тілде ал, платформа курсының 90%-ы ағылшын тілінде жүргізілді. Университет сарапшылары да спикерлер ретінде сөз алып, қазақстандық жоғары білім ордаларының оқу процесіне үздік шетелдік университеттердің онлайн-курстарын енгізу тәжірибесімен бөлісті.

Негізгі мақсат-міндеттер – Coursera for Campus платформасын пайдалану нәтижелерімен таныстыру, білім алушылар арасында сертификатталған курстардан өту уәдесін арттыру, аралас оқыту курстарын пайдалану, жоғары оқу орындарының әдіскерлеріне курстарды таңдау бойынша кеңес беру.

Семинардың өзектілігі сол, болашақта барлық жоғары оқу орындарының студенттеріне игерілген онлайн-курстар мен пәндердің кредиттерін есептеуге мүмкіндік беру жоспарланып отыр. Яғни студент белгілі шетелдік профессордың онлайн-курсын өз бетінше тыңдап, аяқтай алады және осы арқылы диплом алу кезінде міндетті түрде ескерілетін кредиттер ала алады.

Семинарға келгендер маңызды оқу-әдістемелік мәселелерді шешу идеялары аясында өзара тәжірибе алмасты және Coursera өкілдерімен тікелей диалог алаңына қатысты. Сарапшылар оқу процесіне енгізу әдістемесімен, Coursera for Campus платформасын пайдалану нәтижелерімен бөлісті. Университеттің таныстырылым алаңында тәлімгерлер, тәжірибелі оқытушылар, онлайн-курстарды әзірлеушілер өз кеңестерін айтты.

Жанат СЕЙТЖАНОВА,
ХАТУ-дың Қазақстан тарихы және
медиакommunikация
кафедрасының ассистент-профессоры.



СҰХБАТ

Жүрек дерті туралы Алматы қаласының №21 қалалық клиникалық емханасының кардиолог-дәрігері Мамырова Меруерт Шеризатқызымен сұхбат құрған болатынбыз.

– Қазір жүрек аурулары тым «жасарып» барады. Оның ішінде жүректен кетіп жатқан жастар да аз емес. Неге?

– Иә, сөзіңіздің жаны бар. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүректің ишемиялық ауруына шалдыққандар мен осы кеселден болатын өлім-жітім көрсеткіші айтарлықтай өсе бастады. Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) – жүрекке қан мен оттегіні жеткізетін шағын қан тамырларының (коронар тамырлары) тарылуынан пайда болатын кесел. Ал тарылған коронарлы тамырлар қанды жүрекке қажетті деңгейде жеткізе алмайды.

Егер бұрын бұл аурумен көбіне егде жастағы ер адамдар ауыратын болса, қазір 30 жасқа дейін төмендеп кетті. Басты себеп – физикалық белсенділіктің, яғни дене қимылының азаюы, психикалық күйзеліске түсу, алкогольдік ішімдікті шамадан тыс пайдалану, шылым шегу, мөлшерден артық тамақтану, артық салмақ. Жоғары калориялы тамақтарды тұтыну семіздікке алып келеді, ал бұл өз кезегінде атеросклероз бен гипертонияның дамуының маңызды факторы болып табылады. Қазір атеросклероз көп жағдайда жүрек-қан тамырлары ауруларының негізі болып саналады. Атеросклероздың жаппай таралуы аса қауіпті фактор.

– Демек, жүректі сақтау үшін дұрыс тамақтана да білуіміз керек. Не жеп, нені жемеген дұрыс?

– Көпшілігіміз ерте жастан дұрыс тамақтанбаймыз. Сондықтан 28–30 жасқа дейінгі көптеген адамның тамырларына атеросклероз әсер ететіні таңқаларлық жаңалық болмай қалды. Холестерин майлы етте,



Кейде кеше жүрген адам бүгін жоқ, яғни қайтыс болып кетіпті деп естисіз.
– Не болған? Кеше ғана телефонмен сөйлесіп едім ғой.
– Жүрегі тоқтап қалған, таңертең оянбай қалыпты.
– Жап-жас еді ғой, қалайша? – дейсіз таңқалып.
Иә, ұйқысынан оянбай қалатындар көбейді қазір.

консервідегі өнімдерде, қамырдан жасалған кондитерлік тағамдарда, торттарда, кілегей қосылған торттарда көбірек кездеседі. Майлы және шамадан артық желінген тағамдар

ЖҮРЕК АУРУЫ «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ

Медицинаның заманауи жетістіктері қандай?

артерия қабырғаларында холестерин түйіндерінің пайда болуына ықпал етеді, бұл олардың өткізгіштігін бұзады. Сонымен қатар, қомағайлық адамды семіздікке әкеп тірейді.

Семіздік – қазіргі уақытта өте кең таралған және бүкіл жаһанды алаңдатып отырған патология, оның ішінде балалар мен жастар да аз емес. Мұндай адамдарда жүрек үлкен жүктемемен жұмыс істеуі керек. Шамадан тыс ішіп-желінген тамақтағы ас тұзының көп мөлшері ағзаға түскенде, бұл қан қысымының жоғарылауына ықпал етеді. Ал бұл өз кезегінде атеросклероздың ағымын күшейтеді.

Шылымқор жандар да жұдырықтай жүрегіне салмақ салып жүргенін білмеуі мүмкін. Өсіресе, жастар жағы өздерінің қан қысымын, ағзасындағы холестерин деңгейін, қан липопротеидтерін білмейді.

Темекі – инфаркта, тамырдың тарылуына алып келетін үлкен проблема. Энергетикалық сусындарды тым көп ішеді осы күнгі жастар. Жасанды қоспасы көп тағамдар да аз емес қазіргі күні.

Темекіге қоса, күйзеліске түсетін жағдайлар, үнемі компьютер алдында немесе ұялы телефонмен отыратын мүлдем қимыл-қозғалыссыз сәттері бар, содан келіп 30–40 жастағы адамдар инфаркт, инсульт алып жатыр.

Сондықтан дұрыс тамақтануға ден қойған абзал. Жұмыс пен демалыстың арасында байланыс, теңдік болған дұрыс. Темекіден бас тарту керек. Қан қысымын, қан холестеринін үнемі бақылап отырған жөн. Рецепт бойынша және емдеуші дәрігердің бақылауымен уақытылы ем қабылдап жүрудің нәтижесінде жүрек ұстамасының қайталанбауы қажетті дәрі-дәрмекпен емдеу апаттың қайталануын болдырмауға көмектеседі.

– Жүректі сақтауда медицинаның заманауи жетістіктері қандай, соған тоқтала кетсеңіз?

– Медицинаның кейінгі жетістіктерінің бірі – коронароангиография. Ауруханаға жеткізілген пациенттің жағдайына қарай коронароангиографиялық тексеру жүргізіледі. Бұл жүректің тамырларына контрастық зат жіберу арқылы рентгенологиялық тексеру әдісі.

Коронароангиография – жүректің ишемиялық ауруын анықтауда таптырмас әдіс. Айта кетерлігі, мұндай әдіс науқасқа ауырсыну тудырмайды. Небәрі 15 минутқа созылатын тексеру нәтижесінде толық әрі дәл диагноз қойылып, зақымдалудың орналасқан жері және деңгейі, аурудың болжамы мен ары қарай емдеу жоспары анықталады.

– Деректерге сүйенсек, әлемде әрбір оныншы адам жүрек-қан тамыр ауруына шалдыққан. Кей адам ауырып тұрғанын білмеуі де мүмкін дейді. Қандай жағдайда дабыл қағу керек?

– Жүректің ишемиялық ауруының басты симптомдары – кеуде немесе жүрек аймағы қысып, шаншып, сыздап, ашып ауырады. Адам демігіп, шаршап қала беруі мүмкін. Ауру әдетте сол қол, иық, мойын, жауырыңға, жақ сүйегіне, кейде екі қолға да таралады.

Суық тер шығып, жүрек айнып, тыныс тарылады. Іштің жоғарғы бөлігі ауырып, адам құсып, жүрегі айнаиды. Аяқ-қолы салқындайды. Көп жағдайда адамдар мұндай белгіні жүрек ауруымен байланыстырмайды. Асқазан немесе басқа да аурулармен шатастырады. Аурудың осындай белгілері басталған сәтте уақыт өткізбей науқас жедел жәрдем шақыртуы керек. Себебі, жүрек үшін әрбір минут санаулы.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

БІЛІКТІ КАДР

Жастардың жолбасшысы



Қазіргі заман ғылым мен техниканың дамуына, өмірдің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне қол жеткізді. Біз бүгін сол уақытпен ұштаса білген білікті маман-дәрігер туралы айтамыз.

Республика бойынша онкологиялық емханаларда компьютерлік томографияның (МРТ, КТ, ПЭТ) диагностикасында күмән туғызатын немесе даулы мәселе туындай қалса, Мағжан Сайынұлының берген ғылыми сараптамалық қорытындысына жүгінеді.

Онкологиялық диагноз қойылған пациенттердің ағзасындағы тіршіліктің ең кішкене белгісі

клеткалардың зақымданып, оның әсерінен дене мүшелеріне жыдам тарау үдерісін тоқтату дерттің генетикалық құбылыс табиғатын мұқият зерделеп, зерттеу арқылы тиісті ем жасауды қажет етеді. Демек, бұл ауруға шалдыққан науқасқа араша түсу үшін медицина университетін бітірген емші-дәрігер болу аз, пациентті мазалаған дертті жеке-дара үнемі бақылап, алынған анализдерінің зертханалық белгілері мен өзгерісіне орай химия терапия, сәуле терапиясы, физиотерапиямен емдеудің дозасы мен уақыт режимін анықтау өте маңызды. Және онкологиялық ісіктің пайда болуының әртүрлі деңгейі мен сапалық ерекшелігіне де байланысты қабылданатын емнің түрі мен сипаты әрдайым өзгеріп отырады.

Қысқасы, медицинаның бұл саласындағы дәрігерлердің ауруханадағы мол тәжірибесі мен ғылыми дерттің пайда болу, даму үдерістерінің табиғатын генетикалық тұрғыда зерттеу де қоса-қабат қатар алып жүруге шығармашылықпен өре деңгейі жеткен талантты тұлғалар ғана қоғамды сауықтыруға зор үлес қосатынын өмір дәлелдеді.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Мағжан Сайынұлы Алматы қаласында дүниеге келді. С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін өте жақсы тәмамдаған соң, осы оқу орнының жанындағы «Онкология, маммология, сәуле диагностикасы мен сәуле терапиясы» кафедрасына қызметке қалдырылды. Ол өз ісін тікелей ғылыми ізденіспен ұштастыра 18 жыл табан аудармастан Қазақтың онкология және радиология институтында рентгенолог-дәрігер бола жүріп, сәуле терапиясы мамандығы бойынша медицина ғылымының кандидаты диссертациясын қорғаған. Ғалым-дәрігер әр жылдары Қазақ ұлттық медицина университетінің «Визуальды диагностика» кафедрасында доцент, ҚР Президенті Іс Басқармасының медициналық орталығында рентгенолог-дәрігер, А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия орталығында дәрігер, Алматы Онкологиялық орталығында «Сәуле диагностикасы мен сәуле терапиясы» бөлімінің менгерушісі, Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінде «Сәуле диагностикасы» кафедрасының ассистенті қызметін абыройлы атқарып, ұжымдастары арасында кәсіби машықтанған терең біліктілігімен танылды. Қазір Қазақ-Ресей медицина университетінде «Радиология» кафедрасының доценті (ассоциацияланған профессоры).

Дәл бүгінгідей қатерлі ісік дерті адамзатты тоқтаусыз жалмап жатқан кезеңде Мағжан Сайынұлындай білікті кадр ауадай қажет. Айналасында жүрген жастар да одан өмірлік тәжірибе жинап жүргеніне сенімдіміз.

МӘМС



ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР мен БАЛАЛАР тіс ауруларын тегін емдете алады

№11 қалалық емхананың бас дәрігері Майра Жүнісова Алматы емханаларында стоматологиялық тегін көмекті кімдер және қалай ала алатыны туралы айтып берді.

Оның айтуынша, 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер емханада МӘМС пакетінде жоспарлы түрде тегін стоматологиялық қызметтерді ала алады. Олар үшін анестезия, жақтың немесе тістің рентгенографиясы, тісті жұл, препараттау және пломба салу, периостотомия, пульпит, периодонтит, стоматиттің, альвеолиттің өткір түрлерін емдеу, абсцессті ашу сияқты қызметтері көрсетіледі.

МӘМС пакетінде шұғыл стоматологиялық қызметтерді алуға болады. Оны 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар, I, II, III топтағы мүгедектер, «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, зейнеткерлер, инфекциялық және әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын және ерекше қажеттіліктері бар балаға немесе I топтағы мүгедек балаға күтім жасайтындар, жұмыс істемейтін қазақстандықтар талап ете алады.

«Мысалы, біздің емханада тілдің френулуы пластикасы, жоғарғы және төменгі еріннің френулуымен бекіту аномалиясы, тістерді жұлуды, өткір тістерді, ашу жақ-бет аймағының өткір, іріңді қабыну ауруларын ашу сияқты хирургиялық стоматологиялық араласулар жергілікті анестезиямен жүргізіледі. Осы іс-шаралардың барлығын өткізу үшін бізде тұтас стоматологиялық бөлімі бар, онда 15-ке жуық маман жұмыс істейді әрі бөлімше барлық қажетті қымбат құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Маманға бару үшін емхананың қабылдау бөліміне хабарласып, қабылдауға жазылу керек», – дейді Майра Жүнісова.

Естеріңізге сала кетейік, емхана МӘМС аясында халыққа медициналық қызмет көрсету орталығы болып саналады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



БӘРЕКЕЛДІ

ҚАЗАҚТЫҢ
ШАҢҒЫШЫ БАЛАСЫ –
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Отандасымыз Ербол Хамитов шаңғы спортынан әлем чемпионы атанды. Ербол спринттен өткен чемпионатта 2:44,23 секундта алтын жүлдені жеңіп алды.

Украиналық спортшы Тарас Рад екінші, бразилиялық Кристиан Вестмайер Рибейра үшінші болып мәреге жетті. Бұған дейін Ербол әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған болатын. Шве-

цияның Эстерсунд қаласында шаңғы мен паралимпиядағы әлем чемпионаты өтіп жатыр. Жарысқа әлемнің 18 елінен 102 спортшысы қатысты. Чемпионат 29 қаңтарға дейін жалғасады.

БОКС

ГЕНАНЫҢ КЕЛЕСІ
ҚАРСЫЛАСЫ КІМ?

Осы уақытқа дейін жеңіліп көрмеген бразилиялық Эскива Фалькао (30-0, 20 KO) Геннадий Головкинге (42-2-1, 37 KO) кезекті қарсылас болмақ. Бұл туралы ESPN арнасының латынамерикалық тілшісі Фернандо Барбоза хабарлады.

«Головкин «Канеломен» жекпе-жекте мол табысқа кенелді. Бұл өте тиімді айқас болды, өйткені ол орта салмақтағы титулдарын да сақтап қалды. Кейінгі кезде GGG-ді мықты боксшылардың көбі айқасқа шақырды, бірақ

нақты ұсыныс болған жоқ. IBF шартының уақыты аяқталуға таяды. Сондықтан ең дұрысы – титулды қорғау. Фалькао Қазақстанда жұдырықтасуға дайын. Головкин осындай жекпе-жекте көптен армандаған сияқты», – дейді ол.

АУЫР АТЛЕТИКА

Қазақстанның еңбек сіңірген спортшысы Илья Ильин Ауыр атлетика федерациясына көңілі толмайтынын айтады. Федерациядағы мәселені реттеу үшін ол басшылыққа өз кандидатурасын ұсынып отыр.

ИЛЬИН ӨЗІН
ПРЕЗИДЕНТТІККЕ
ҰСЫНДЫ

«Федерацияда кәсіби спортшы ретінде емес, спорт менеджері ретінде жүргеніме екі жыл болды. Екі жыл бойы мен түрлі мәселелерді шештім. Бір жылдан бері біз түсініксіз күйдеміз. Ауыр атлетика федерациясына президент таба алмай келеміз. Бір жарым жыл бұрын менеджер ретінде келген кезде мен жаттықтырушылармен сөйлестім, үлкен проблемалар болды, мен

оларға қарсы шықтым», – дейді И.Ильин.

Спортшының айтуынша, басшы тағайындалып, федерация жұмысын қолға алмаса, қазақстандық ауыр атлетиканың болашағы бұлыңғыр болуы мүмкін. «Мен әбден пістім, өз командаммен федерацияны қолға алуға дайынмын. Бай емеспін, миллиондаған ақшам жоқ, бірақ мен бұл спорттың барлық қыр-сырын білемін», – дейді ол.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«360 CENTER» – ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Алматыда ерекше спорттық орталық ашылды. Орталықтың атауы да өзгеше – «360 CENTER». Алматыдағы «Nalyk Arena» спорт кешенінде орналасқан бірегей спорттық орталықтың құрамына «Таяқ тарту» академиясы, «3D FITNESS» – отбасылық фитнес бағдарламасы, бейімделген спорт түрлері бойынша спортшылар мен жаттықтырушыларды даярлау топтары кіреді.

«360 CENTER» орталығының директоры Павел Фитисов – Мас-Рестлинг бойынша ҚР құрама командасының жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі төреші. Ол 2013 жылдан бері команда құрамындағы спортшылармен бірге әлем чемпионаттарында елімізді әлемге танытып келеді. Жаттықтырушының шәкірттері Қазақстан және Азия чемпиондары.

Алматыдай алып шаһарда халыққа пайдалы орталық ашуды мақсат еткен Павел Викторовичтің алға қойған мақсаты зор.

«Спорт адамның ағзасын ғана шынықтырып қоймай, мінезінің қалыптасуына, алға қойған мақсаттарына ұмтылуына әсер етеді. Спортпен айналысқан адам белгілі бір биікке жетуді армандайды. Орталығымызды «360 CENTER» деп атауымыздың себебі де осы. Біздің орталыққа келген әр адамның тек физикалық жағынан ғана емес, жан-жақты 360 градус дамығанын қалаймыз. Тәнмен бірге жан да азық алғысы келеді. Әрине, барлық адамның спортшы болғаны жақсы, бірақ спортшының адам болып қалғаны одан да маңызды. Сондықтан біздің мақсатымыз адамдардың дені сау әрі бір бірімен дұрыс қарым-қатынас жасай алатындай деңгейге жетуіне себепкер болу», – дейді ол.

Орталықтың ашылуы кезінде «360 CENTER» командасы өздерінің негізгі бағыты туралы егжей-тегжейлі баяндап берді.

– Спорт орталығының бір бағыты жаттықтырушыларды тәрбиелеуге арналып отыр. Орталықта «3D Institute. USA» халықаралық институтының лицензиялық



бағдарламасы бойынша жаттықтырушылар мен дене шынықтыру мұғалімдерін оқыту, біліктілігін арттыру жолға қойылмақ. «Жаттықтырушы деген кім? Ол – адам өміріне әсер етуші тұлға. Кейде қарапайым адамнан, ата-анадан гөрі жаттықтырушының әсері баланың, жалпы адамның өмірінде өте зор болады. Айталық, баланы анасы таңертең ерте тұруға, уақытында тамақтануға үйрете алмауы мүмкін, ал бұл жаттықтырушының қолынан келеді. Өйткені, жаттықтырушының әр сөзі, іс-әрекеті өзгеше үлгі. Сондықтан жаттықтырушылардың да жан-жақты дамығанын қалаймыз», – дейді орталық басшысы.

Орталықтың келесі бағыты – «Таяқ тарту» академиясы. Бұл спорт түрі елімізде өте жылдам, қарқынды дамып келеді. Таяқ тарту (Мас-Рестлинг) – қазақтың ұлттық спорт түрлерінің бірі. Бүгінде бұл спорт түрі әлемнің 50-ден астам елдерінде кәсіби түрде дамыған. Жыл сайын әлем чемпионаты мен әлем кубогы ұйымдастырылып келеді. Сондай-ақ, бұл спорт түрі «Көшпенділер ойынына» да кірген. Спорттың мұндай түрін игеруге білектің күші ғана емес, мықты денсаулық, қайсар мінез

керек. Орталықтың ашылу салтанатында таяқ тартудан әлемдік додаларда жүлделі орындар иеленіп жүрген Ақылбек Алтын, Айбол Райымбек мастер-кластар көрсетті.

Орталықтың үшінші бағыты ерекше жандарға арналады. «360 CENTER» ұжымы жеке және топтық, әрі бірегей фитнес бағдарламалардың көмегімен салауатты өмір салтын насихаттауды және инклюзивті орталық қалыптастыруды мақсат етіп отыр. Мүмкіндіктері әртүрлі адамдардың арасында шексіз мүмкіндіктер мен кәсіби спорт түрлерін дамытуға ниетті команданың ұраны – «Арамызда мүгедектер жоқ». Яғни мұнда кез келген адам, тіпті мүгедек жандар да, балалар да қатардағы адамдардай спортпен айналысып, жан-жақты дами алады.

«Өмірде қандай да бір қиындықтары бар, денсаулығында кінәраты бар адамдардың спортпен айналысқаны өте жақсы. Біздің орталық үшін мүгедек адамдар болмайды, біз бәріне тең қараймыз. Сондай-ақ, орталығымызда балалар мен жасөспірімдерге, жалпы отбасына арналған фитнесі дамытуды қолға алып отырмыз. Қазіргі заманда балаларды виртуалды әлемнен ажы-

рату мүмкін болмай тұр. Мұндайда баланы спортзалға әкеліп, дене шынықтыруға, тәртіпке баулу аса маңызды», – дейді орталық қызметкері, бодибилдинг мен фитнес шебері Вячеслав Мисецкий.

Байқап отырғанымыздай, «360 CENTER» орталығының болашағы зор. Орталықтың ашылу салтанатына әріптестерін қолдап келушілердің қатар көп болды. Іс-шараға WBPF Дүниежүзілік федерациясының құрметті президенті Мерғалиев Болат, «Таяқ тарту» Республикалық федерациясының президенті Иматалиев Талап, Қазақстанның ең мықты СтронгМэни Писаревский Алексей, «Бочча» паралимпиадалық спорт түрінің жаттықтырушысы, Бочча Алматы федерациясының президенті, «ДЦП LIFE» орталығының негізін қалаушысы Итенов Асан қатысты. Мереке-кеште 30 жылдық тарихы бар алматылық атақты топ – «Овощи и фрукты» әсем қаламыз жайлы әндерін және «Тоғысқан тағдырлар» сериалының саундтрегі болған «Перекресток» хитін орындады.

Бетті дайындаған
Айнұр СЕНБАЕВА.



БРИФИНГ

ҚАРИЯ ДА, БАЛА ДА МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының Еңбек және әлеуметтік қорғау департаментінің басшысы Асқар Аймағамбетов өткен жылы атқарылған істерді баяндап, зейнетақы мен жәрдемақыларға биылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген өзгерістер туралы тарқатты.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Спикердің сөзіне сүйенсек, департамент мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен 13 мемлекеттік қызмет көрсетеді немесе 35-тен астам зейнетақы және әлеуметтік төлем түрлерін тағайындайды.

Алматы қаласы бойынша зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың жалпы саны 360 мың адам, бұл ретте бір адам бір мезгілде зейнетақысымен қоса түрлі жәрдемақылар алушы бола алатынын да ескеру қажет. Жалпы, мегаполисте жасы келген 236 мың зейнеткер және түрлі жәрдемақылар мен төлемдер алатын 120 мыңнан астам азамат бар.

Бытыр 114 мың жаңа төлем тағайындалып, оның ішінде зейнетақы мен жәрдемақылар бойынша 91694 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Мәселен, 10580 азаматқа жасына байланысты зейнетақы, 11893 азаматқа базалық зейнетақы төлемі тағайындалған. Алматының 3924 тұрғынына мүгедектігі бойынша жәрдемақы, 18 жасқа толмаған мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 1200 ата-анаға жәрдемақы, 38 105 жаңадан туған балаға берілетін бала тууына және оның бір жасқа дейін күтімі-



не арналған жәрдемақылар, 4666 отбасына көпбалалы отбасыларға жәрдемақы және тағы да басқа мемлекеттік жәрдемақылар тағайындалған.

Асқар Аймағамбетов «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті ұсынған бірқатар әлеуметтік шаралар көзделгенін атап өтті.

Сол іс-шаралардың бірі – әйелдердің зейнеткерлік жасын өсірмеу, яғни 2028 жылға дейін 61 жас деп белгілеу. Осылайша 2023 жылдан 2028 жылға дейін әйелдердің «зейнеткерлік» жасы өзгермейді және 61 жасты құрайды.

Сонымен бірге, әртүрлі әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде пайдаланылатын базалық көрсеткіштер «2023–2025 жыл-

дарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңмен бекітілген. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай көрсеткіштер белгіленді: айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3450 теңгені құрайды; ең төменгі зейнетақы – 53 076 теңге; базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі (КД) – 40 567 теңге; ең төменгі жалақы мөлшері – 70 000 теңге.

2023 жылы жаңадан тағайындалатын зейнетақы мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 еселенген АЕК-тен (189 750 теңге) аспайтынын атап өткен жөн.

Биылдан бастап, тиісінше, жоғарыда аталған көрсеткіштермен байланысты әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар өсті. Жасы мен еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдері 10,5 пайызға көтерілді. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыстың ұлғаюына байланысты, егер олардың орташа айлық табысы жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 46 еселенген АЕК есептеу кезінде шектелген болса, 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шыққан зейнеткерлердің зейнетақы мөлшері ұлғайтылады. Бұл ретте 55 АЕК шегіндегі кірісті негізге ала отырып есептелген жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері алынатын мөлшерден 10,5%-ға жоғары болуы мүмкін емес.

Орта табысы 46 АЕК-тен аспаған немесе зейнетақысы бұрынғы қолданыста болған зейнетақы заңнамасы ескеріле отырып, бұрыннан тағайындалған барлық зейнеткер үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 10,5 пайызға өсті.

2023 жылдың қаңтарынан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшерін есептеу тәртібі біршама өзгерді. Егер бұрын 0-ден 10 жылға дейінгі еңбек өтілі болған жағдайда оның мөлшері ең төменгі

күнкөріс деңгейінің (КД) 54%-ын құраса, онда биылғы 1 қаңтардан бастап бұл пайыз 60-қа дейін көтерілді. 10 жылдан асатын әрбір толық жыл үшін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2%-ға артады, бірақ жалпы алғанда 100%-дан аспайды. Мәселен, жиынтық жалпы өтілі 25 жыл болған жағдайда мемлекеттік базалық зейнетақының мөлшері 2023 жылғы қаңтардан бастап КД мөлшерінің 90%-ын құрайды (бұрын қолданыста болған нормалар бойынша 84% еді). Ал 30 жыл және одан жоғары болған жағдайда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2023 жылғы қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100%-ы мөлшерінде есептелетін болады.

Биылдан бастап бала күтіміне байланысты төлемдер Президент тапсырмасына сәйкес сәби бір жарым жасқа толғанша төленеді (бұрын бір жасқа дейін еді). Спикер бұл туралы да толығырақ айтып берді.

Бірінші балаға – 19 872 тг (5,76 АЕК); екінші балаға – 23 495 тг (6,81 АЕК); үшінші балаға – 27 083 тг (7,85 АЕК); төртінші және одан да көп балаға – 30 705 тг (8,9 АЕК).

«Жұмыс істейтін аналарға бала күтіміне байланысты үйінде отырып табысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем де мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 1,5 жылға дейін ұзартылады және оның мөлшері бала туғанға дейінгі соңғы 24 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды», – деп атап өтті спикер.

Бірінші, екінші және үшінші бала туған кезде 131 100 тг (38 АЕК); төртінші және одан да көп балаға 217 350 тг (63 АЕК) төленеді. Ал егіз (үшем және т.б.) туған жағдайда біржолғы туу жәрдемақысы әр балаға төленеді және оның мөлшері туу тәртібіне байланысты.

ЖРВИ

ТҰМАУДАН ҚОРҒАЙТЫН ЖОЛ – ЕКІПЕ АЛУ

Алматыда ЖРВИ жұқтырудың маусымдық көрсеткіші өскен. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына келген мамандар хабарлады. Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықованың айтуынша, өткен аптада ЖРВИ жұқтырған 13 804 адам тіркелген.



Қалада бүгінгі күні 8860 бала ауырып жатыр, бұл жалпы науқастанғандардың 64,2%-ын құрайды. Жалпы, эпидемиологиялық маусымда Алматыда барлығы 343 417 ЖРВИ жағдайы тіркелген.

«Жүргізілген зертханалық мониторинг барысында Алматыда маусымдық тұмау вирусының үш түрі, оның ішінде екі түрі А (A/H3N2, A/H1N1 pdm09) және В типі айналымда екені анықталды. Тұмау жұқтырып, онымен ауырғандар 2022 жылғы қазан айының басында тіркелген. Сонымен қатар, РС вирусы, риновирус, бокавирус және маусымдық коронавирус сияқты тұмауға жатпайтын басқа да ЖРВИ вирустары айналымда бар», – дейді Әсел Тоқанқызы.

Тұмаудың барлығы 240 жағдайы тіркелді, оның ішінде В типінің 119 түрі (49,6%), А/H3N2 түрі – 3 жағдай (1,2%), А/H1N1-09 түрі – 118 жағдай (49,2%). (2021-2022 жылғы соңғы эпидемиологиялық маусымда А/H3N2 типті тұмаудың барлығы 51 жағдайы тіркелді).

Эпидемиологтың айтуынша, тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі – дер кезінде тұмауға қарсы екпе салдыру. Тұмау вирусы жыл сайын мутацияға ұшырауда, сондықтан

тұмауға қарсы вакцинаны жыл сайын эпидемияға дейінгі маусымда (қазан-қараша) тек сол жылы өндірілген вакцинамен бірге алу керек. Вакциналаудан кейін иммунитет 14 күннен кейін қалыптасады және маусым бойы сақталады (1 жылға дейін). Қауіпсіз және тиімді вакциналар қолжетімді және 60 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Спикер өткен жылы қауіп (тәуекел) тобындағы адамдарды вакциналау үшін жергілікті бюджет есебінен 210 000 доза көлемінде ресейлік өндірістің үш валентті тұмауға қарсы «Гриппол плюс» вакцинасы сатып алынғанын атап өтті.

Бытырғы қыркүйек пен қараша аралығындағы эпидемияға дейінгі маусымда қала бойынша барлығы 224 706 адам тұмауға қарсы егілді, бұл қала тұрғындарының 10,51%-ын құрайды, оның ішінде «қауіпті топтағы» 210 000 адам егілген. Ал жекеменшік медициналық орталықтарда жұмыс берушілер есебінен жекеменшік медициналық орталықтарда барлығы 10576 адам, өз қаражаты есебінен 4130 адам егілді. Спикердің сөзінше, вакцина салдырғандар арасында тұмау жұқтыру дерегі тіркелмеген.

Ал өз кезегінде сөз алған №16 қалалық емхананың бөлім меңгерушісі Баян Тәкібаева ЖРВИ-дан қалай қорғану керектігін айтты.

Оның айтуынша, ауа тамшылары арқылы жұғатын жіті жұқпалы аурулар этиологиясы бойынша ерекшеленеді (300-ден астам вирус белгілі). Негізгі белгілері: температурасы 38°C және одан жоғары болса; пульстің жиілігі температураның артуына сәйкес келеді; тыныс алу жиілейді; қатаралды белгілердің орташа белгілері (мұрынның ағуы, құрғақ жөтел); бет мен мойынның гиперемиясы, қатты терлеу, диффузды гиперемия және жұтқыншақтың шырышты қабатының түйіршіктілігі.

Баян Тәкібаева екпе алмағандарға бетперде тағып, арақашықтықты сақтауға, адам көп жиналатын жерлерден аулақ болуға кеңес береді. Сонымен қатар, үйде микробтардың көбеюіне жол бермейтін ылғалды тазалықты жиі жүргізу керек. Сондай-ақ, дәрігер үйде дәрі-дәрмексіз қалай емделуге болатынын айтты. Мәселен, интоксикация белгілері болған жағдайда төсекте жатып, демалған дұрыс. Диета дұрыс – тез сіңірілетін тағамдар және шай, жеміс-көкөніс шырындары, жеміс сусындары, ауыз су түрінде тәулігіне дене салмағына 20–40 мл/кг мөлшерінде сұйықтықты көп тұтыну керек.

Журналистердің сұрақтарына жауап берген дәрігер дене қызуы көтерілгенде, бірден жедел жәрдем шақыртудың қажет еместігін айтты.

«Дене температурасы 38 градусқа дейін көтерілген жағдайда оны түсіруге ұмтылмасақ та болады. Себебі, бұл организмнің инфекциялық агрессорға қарсы қорғаныс реакциясы. Дене температурасының



жоғарылауынан патогендік бактериялар мен вирустар өледі, бірақ әрбір организм жеке. Біреу аяғынан тік жүріп-ақ 37-38 градус температураға шыдай алады және дене қызуын тіпті байқамайды да, сондықтан оны түсіруге асықпайды. Бұл ағзаның вируспен өздігінен күресуіне мүмкіндік береді. Ал енді біреу қызу түсіретін дәрісіз жүре алмайды. Жоғары температураны өз бетінше түсіруге болады. Мұны істеу үшін маңдайға салқын компресс жасап, оны шамамен 30 минут ұстап, қызуды басатын дәріні қабылдау керек. Ең сенімді дәрілердің бірі – «Парацетамол», «Ибупрофен»», – деді Баян Тәкібаева.

Егер дене температурасы 38,5 градустан жоғары болса, онда оны міндетті түрде қызуды түсіретін препараттармен түсіру керек. Өйткені, ол тырыспа, жүрекке күш түсу және қан айналымы жеткіліксіздігі, естен тану, мидың сінуі сынды асқынуларды тудыруы мүмкін.

Ол да сөз соңында ЖРВИ-ның алдын алудың негізгі және тиімді дәлелденген әдісі маусымдық вакцинация екенін атап өтті.

Нұр ЖАМАЛ.

қауіп төнген түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізілген жасыл желектерді кесуге рұқсат бермейді.

51. Ағаштардың авариялық құлауы, желдің соғуы және табиғи сипаттағы басқа да жағдайлар, жол-көлік оқиғалары салдарынан құлаған ағашты жинау, құлаған жерді уақтылы тазарту және ағаш қалдықтарын жалпы пайдаланымдағы жерлерде және ғимараттарға, құрылыстарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумақтарда әкетуді осы учаскеге қызмет көрсететін көгалдандыру ұйымдары жүзеге асырады.

52. Авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік инфрақұрылымы бар абаттандыру объектілерінде мынадай жағдайларда мәжбүрлеп кесу жүргізіледі:

ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыстардың зақымдалуына, инженерлік коммуникациялар мен желілерге қауіп төндіреді;

жол белгісін ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, жол және жаяу жүргіншілер қозғалысы қауіпсіздігінің кедергілері, оның ішінде жол белгілерінің көзбен шолуын жабатын кедергілер.

53. Ағаштарды мәжбүрлеп кесу фактісі авариялық-құтқару қызметтерін қуаландыру актісімен белгіленеді, кейіннен уәкілетті органды мәжбүрлеп кесу сәтінен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

54. Ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша, уәкілетті органның маманы жасыл екпелер тізіліміне сәйкес ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйін және орналасқан жерін дәл айқындау үшін алдын ала ағаш кесу орнына барып және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелерді тексеру актісін толтыра отырып жүзеге асырылады.

55. Ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде жеке және заңды тұлғалар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кесілген ағаштардың орнына өтемдік отырғызу туралы кепілдік хат ұсынады.

56. Кесілген жасыл екпелер мен кесу қалдықтарын (үгінділер, бұтақтар, жапырақтар, қабық) жұмыс жүргізілетін жерде сақтауға және сақтауға жол берілмейді. Кесілген жасыл желектер мен кесу қалдықтары өңдеуге шығарылады.

7-тарау. Ағаштарды отырғызу, қайта отырғызу және өтемдік отырғызу

57. Көгалдандыру жұмыстары кезінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес отырғызу материалының сапасы бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес келетін отырғызу материалын пайдалану қажет.

58. Жеке және заңды тұлғалар дендрологиялық жоспарға сәйкес жасыл желектерді отырғызуға арналған аумақты көрсетсе отырып, уәкілетті органның жазбаша келісімі бойынша өз қаражаты есебінен жалпы пайдаланымдағы аумақтарды көгалдандыруға және суару жүйесін ұйымдастыруға қатыса алады.

59. Жеке және заңды тұлғалар жасыл екпелерді отырғызуды өз қаражаты есебінен жүзеге асырғаннан кейін орындалған іс-шаралар туралы деректерді уәкілетті органға береді, ал уәкілетті орган жасыл екпелерді қабылдайды және оларды жасыл екпелерді есепке алу жөніндегі тізілімге енгізеді.

60. Жасыл желектерді түгендеу және орман-патологиялық тексеру материалдарына сәйкес трансплантациялауға жататын ағаштар уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес учаскелерге трансплантацияланады.

61. Жеке және заңды тұлғалар ағаштарды трансплантациялау кезінде өтемақы отырғызу жүргізілмейді.

62. Тізбеге енгізілген жасыл екпелерге қатысты мұндай трансплантация биологиялық жай-күйіне, олардың сақталуын қамтамасыз ететін сынамаланған трансплантациялау технологияларының болуына қарай мүмкін болған жағдайда, жасыл екпелерді трансплантациялау туралы шешім қабылданады.

Егер осы жасыл желектерді трансплантациялау мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті орган құрылыс, реконструкциялау не абаттандыру жобаларына тиісті түзетулер енгізе отырып, оларды бұрынғы орнында сақтау туралы мәселені қарайды.

63. Егер трансплантация ағаштардың өліміне әкеп соққан жағдайда, осы Қағидалардың 71-тармағының талаптарына сәйкес өтемақының он еселенген мөлшері белгіленеді.

64. Ағаштарды қалпына келтіру қаланың өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда топырақты құнарлы топыраққа ауыстыра отырып, арнайы учаскелерде жүргізіледі.

65. Ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген азаматтар мен заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қалпына келтірілетін ағаштарды он есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі.

66. Өтемақы отырғызу және ортақ пайдаланылатын жерлерге күтім жасау және күтіп ұстау бойынша жұмысты өз ішпатында көгалдандыру саласында мамандары бар көгалдандыру ұйымдары жүргізеді.

67. Іргелес аумақта орналасқан жасыл желектер жойылған жағдайда, осы аумақ қарамағында тұрған заңды немесе жеке тұлға он есе мөлшерде өтемақы отырғызуды жүргізеді.

68. Жасыл желектерді заңсыз кесуді (кесуді) жасаған жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 381-1-бабына сәйкес жауапты болады және ағаштарды елу есе мөлшерде өтемдік отырғызуды жүргізеді.

69. Тізбеге енгізілген көпжылдық екпелерді және (немесе) жасыл екпелерді заңсыз кесу (кесу), жою, бүлдіру жағдайында сол түрдегі (кіші түрдегі) жасыл екпелерді жүз есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 340-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылық көзделген.

70. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы №441 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның мөлшерін есептеу үшін базалық ставкалардың 4-тармағында көзделген Алматы қаласының шегінде өсетін ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені (кескені), жойғаны және бүлдіргені үшін зиянның мөлшерін уәкілетті орган есептейді.

71. Ағаштарды өтемдік отырғызу материалының сапасы бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес келетін отырғызу материалынан және суару жүйесін ұйымдастыра отырып, биіктігі кемінде 2,5 метр кесекпен немесе биіктігі кемінде 2 метр кесекпен қылқан жапырақты ағаштардың көшеттерін отырғызу жолымен жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен магистральдің диаметрі кемінде 3 сантиметр, дің бөлігінің 1,3 метр биіктігінде.

72. Ағаштарды кесу кезінде уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу (кесу), жою немесе бүлдіру кезінде өтемдік отырғызу кесу орнынан 1 километр радиуста аумақта, уәкілетті орган көрсеткен учаскедегі ағаштарды жою немесе бүлдіру кезінде жүргізіледі.

Кесу орнынан 1 километр радиуста өтемдік отырғызу үшін бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

73. Ағаштарды мәжбүрлеп кесу кезінде көгалдандыру жөніндегі ұйымды тарта отырып, өтемдік отырғызу жалпы пайдаланымдағы жерлерде жүргізіледі.

74. Ағаштарды өтемдік отырғызу дендрологиялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

75. Жол-көлік оқиғасы нәтижесінде және құрылыс жұмыстарын жүргізу, оның ішінде инженерлік желілерді төсеу кезінде жалпы пайдаланымдағы жерлерде және жеке аумақтарда өсетін жасыл желектер механикалық зақымданған немесе жойылған жағдайда кінәлі Тарап осы Қағидалардың 71-тармағына сәйкес көшеттер отырғызу жолымен бүлінген немесе жойылған жасыл желектердің орнына бес есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізеді.

76. Ағаштарды өтемдік отырғызу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жеке және заңды тұлғалар бір ай ішінде уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалуы туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

77. Кепілдік хатқа сәйкес жеке және заңды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің өмір сүру кезеңі) тармақшаларға сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді 4), 5), 6), 7) және 8) осы Қағидалардың 28-тармағы.

78. Үш жыл өткеннен кейін өтемақы отырғызуды жүзеге асырған жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл желектердің тіршілік ету актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстау үшін Алматы қаласы аудандары әкімдері аппараттарының тегінегіміне береді.

79. Уәкілетті орган тамыр жайған ағаштарды жасыл желектер тізіліміне енгізеді.

80. Өтемдік отырғызу кезінде отырғызылған көшеттер қайтыс болған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген адамдар жасыл желектерді қайта отырғызады және қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің өмір сүру кезеңі) оларды күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді.

81. Ерекені бұзған жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 386-бабына сәйкес жауапты болады.

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 1-қосымша

Жасыл желектерді суару нормалары

Ағаштарды кесекпен күту кезінде суару нормасы

Р/с		
№	Кома мөлшері, метр	Су, литр
1	0,2*0,15 0,25*0,2	15-20
2	0,3*0,3	30
3	0,5*0,4	40
4	0,8*0,6	125
5	0,5*0,5*0,4	40
6	0,8*0,8*0,5	125
7	1,0*1,0*0,6	250
8	1,3*1,3*0,6	375
9	1,5*1,5*0,65	500
10	1,7*1,7*0,65	750

Жасыл кеңістікті суару мөлшері климаттық жағдайларға және ағаштың жасына байланысты:

соңғы 3 жылдағы отырғызу ағаштары бір маусымда кемінде 24 рет, 4-10 жас аралығындағы ағаштар бір маусымда кемінде 12 рет, 10-15 жас аралығындағы ағаштар бір маусымда кемінде 8 рет және 16 жасқан асқан ағаштар бір маусымда кемінде 6 рет суарылады.

Құрғақ, ыстық ауа райында соңғы 3 жылдағы отырғызу ағаштары бір маусымда кемінде 8 рет, 15 жасқа дейінгі ағаштар бір маусымда кемінде 22 рет суарылады; жетілген ағаштар бір маусымда кемінде 12 рет суарылады.

Асфальт, бетон, плитка және басқа жабындар арасындағы ағаштарды кем дегенде 125 (100-150) литр/ағаш, қалыпты ауа райында кемінде 12 рет және құрғақ ауа-райында кемінде 24 рет суару керек.

Топырақтың көбүін болдырмау үшін күзгі суды зардайтайтын суару қажет: қазан айының соңында немесе қараша айының басында 1 рет.

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 2-қосымша

Құрылыс объектілерінен ең аз арақашықтық жасыл кеңістікке дейін

Құрылыстар, ғимараттар, коммуникациялар	Өсімдіктің өсіне дейінгі қашықтық, метр	
	ағаш	бұта
Ғимараттар мен құрылыстардың сыртқы қабырғаларынан	5,0	1,5
Мектеп ғимаратының немесе балабақша ғимаратының сыртқы қабырғаларынан	10,0	1,5
Тротуарлар мен бақша жолдарының шетінен	0,7	0,5
Жолдың жүру бөлігінің, көшелердің шетінен, бекітілген жол жиектерінен, жол жиектерінен және жыралардың жиектерінен	2,0	1,0
Трамвайдың жарықтандыру желісінің дінгекегі мен тіректерінен, галереялар мен эстакадалар бағаналарынан	4,0	-
Беткейлерден, террастардан және т.б.	1,0	0,5
Табаннан және тіреу қабырғаларының ішкі жағынан	3,0	1,0
Жер асты желілерінен: газ құбырынан, жылу құбырынан, құбырдан, су құбырының жылу желілерінен, күштік көбілдердің және байланыс көбілдерінің дренаждарынан	1,5 2,0 2,0	1,0 0,7

1-Ескертпе келтірілген нормативтер тәжінің диаметрі 5 м-ден аспайтын ағаштарға жатады және тиісінше диаметрі үлкен ағаштар үшін ұлғайтулы тиіс.

2-Ескертпе ғимараттардың, құрылыстардың, балалар мекемелерінің сыртқы қабырғаларына жасыл желектер отырғызу кезінде инсоляция мен табиғи жарықтандырудың нормативтік деңгейлерін ескеру және сақтау қажет.

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 3-қосымша

Нысан

_____ жылғы 1 қаңтардағы Жасыл екпелер тізілімі

Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жердің санатына, өсімдіктің типтеріне, функционалдық мақсатына қарай бөлу

Қала/елдімекен

Әкімшілік аудан: (код) _____

Жауапты иесі: _____

Жасыл екпелер тізілімі

Кесте

					Таблица				
Р/с № түгендеу/жасыл екпе паспортының №		Жердің функционалдық мақсаты (екпелер санаты)			ОЖҚ*	Ағаш өсімдігі			
Бірлі-жарым ағаштар, дана		Топтар, куртиналар, дана				Тоғайлар, алқаптар, дана	Жол бойындағы екпелер, дана	Жиыны, дана	
Бұталы өсімдіктері									
Бірлі-жарым, дана		Жасыл қоршам кума метр (қ.м.)				Қатарлап отырғызу, дана	Топтық отырғызу, дана	Барлығы қ.м./дана	
Ашық кеңістіктер									
Гүлзарлар					Көгалдар				
Жазғы, м2	Көп-жылдық, м2	Контейнерлік, дана	Вазон, м2	Альпинарий, рокарий, м2	Жиыны м2/ дана	Партерлік, м2	Кәдімгі, м2	Жер қыртысының жамылғысы, м2	Жиыны м2/дана

* ҚОЖ-жесуге ұсынылатын объектінің (жасыл екпенің) өміршеңдігін, оның одан әрі жұмыс істеуге әлеуетті қабілетін ескеретін жасыл екпелердің санитариялық жай-күйі;

** перделер-пердедегі санына және осы перденің алып жатқан аумағына қарамастан, бір таксациялық сипаттамадағы ағаштар тобы.

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Жасыл екпелердің жерсіну актісі

20__ ж. «__» _____

Жасыл екпелердің отырғызған мекенжайы: _____

№	Занды және жеке тұлғалардың атауы	Рұқсаттың немесе келісудің нөмірі мен күні	Кесілген ағаштардың саны, дана	Қайта отырғызылған ағаштардың саны, дана	Өтемдік немесе бастамашылық отырғызу, дана тұқымы	Жағдайы		Қалпына келтіруге арналған көшеттер саны, дана	Ескертпе
						Тамыр алды, дана	Тамыр алмады, дана		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									
Қорытынды:									

Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі _____ (Т.А.Ө., қолы) (мөрі бар болса)

Уәкілетті органның лауазымды адамы _____ (Т.А.Ө., қолы) (мөрі бар болса)

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 5-қосымша

Санитарлық жағдайдың сапалық сипаттамасының өлшемдері ағаштар мен бұталар

№ р/с	Объектінің санитарлық жағдайы	ОЖК (объектінің жай-күйі коэффициенті)
1	Сау-қалыпты дамумен және зақымдалмай өлсіреу белгілері жоқ (тәждің қалыпты төселуі және жоғары сәнділігі, қашудың қарқынды өсуі, зиянкестер мен аурулар жоқ). Жас ерекшелігі бойынша бұл негізінен жас және орта жастағы екпелер.	ОЖК -1
2	Өлсіреген-шамалы зақымданған немесе тәждің біржақты дамуы бар ағаштар мен бұталар, орташа сәнділік, 10%-ға дейін құрғақ бұтақтар, зиянкестер мен аурулардың 25%-ына зақымдалған әлсіз депрессия (жапырақ тактасы аз). Негізінен өсіп келе жатқан екпелерге таң.	ОЖК -2
3	Депрессияланған-көбінесе құрғақ жапырақты ағаштар, олардың дамуында айтарлықтай депрессия және механикалық зақымданулар (қуыс, 50%-ға дейін құрғақ бұтақтар), әлсіз жапырақтар, безендірілмеген, зиянкестер мен аурулардан 50%-ға дейін зақымдалған. Көбінесе піскен екпелерде кездеседі.	ОЖК -3
4	Кептіру-өлу процесі өте дамыған, зиянкестер мен аурулардың жаппай (50%-дан астам) зақымдануы байқалады, құрғақ шындыр. Әдетте, піскен және ескірген екпелер.	ОЖК -4
5	Авариялық, қураған ағаш-бірініші кезекте кесуге жататын, жолдардың жүру бөліктеріне, тротуарларға, ғимараттарға, электр беру желілеріне және т. б. құлау қаупін туғызатын, толық кеуіп қалған (құрып кеткен) ағаш немесе бұта.	ОЖК -5

* объектінің жай – күйінің коэффициенті (ОЖК) – жесуге ұсынылатын объектінің (жасыл екпенің) өміршеңдігін, оның одан әрі жұмыс істеуге әлеуетті қабілетін ескеретін жасыл екпелердің санитариялық жай-күйі.

ТИЛШІ ТАЛДАУЫ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Сондай-ақ, газетіміздің осы нөмірінде есепті шешімкеше шағатын 4 жасар Исламбек Көпбай жайлы да мақала жарыққа шыққан. Айта берсек, мұндай вундеркинд балалар елімізде жоқ емес, баршылық. Бірақ оларға мемлекет тарапынан қаншалықты қолдау көрсетіліп отыр?

2-4 жастан бастап оқыту керек

Осыдан біраз бұрын Қарағандыдағы екі жасар вундеркинд бала туралы ақпарат шықты. Ол ағылшын әліпбиінің 26 әрпін жатқа біліп, компьютерде жаза алады екен. Тіпті, жеті айында-ақ сөйлеп, бір жарым жасында кириллицаның күллі әрпін танып, 100-ге дейін санай алған. Міне, осындай замандастарынан озып туған балаларды бізде мектепке қабылдау мәселесі шешілмеген. Ондай арнайы мектептер жоқ. «Білім туралы» Заңымызда баланы мектепке алты жастан бастап қабылдау керектігі көрсетілген. Сонда оның өз қатарластарынан озып туғаны үшін кінәлі ме? Неге мұндай балалардың мәселесі бізде тасада қалып қоя береді? Қалай десек те, вундеркиндтерді 2-4 жастан бастап оқыту мәселесін осы бастан қолға алғанымыз дұрыс секілді.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары десек, Мемлекет басшысы да балаларға сапалы білім беру керектігін үнемі айтып келеді. Енді оқушылардың білімге деген ынтасын арттыру үшін не істеу керек? Бұл ретте қытай философының мынадай бір жақсы сөзі бар: «Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең – есімде сақтаймын, ал өзімді іс-әрекетке қатыстырсаң – үйренемін» деген даналығы білім алушының білімге ықыласын арттыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді практикада жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді.

Ұстаздар әрдайым ізденіс үстінде болуы тиіс

Сапалы білім негізі – жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен ұтымды технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру. Өйткені, тек оқулықтан білімді жеткізуші мұғалімнің құны жоғары болмайды. Оқулықтағыны оқушы өзі оқып алады. Сондықтан бүгін білім берудің сапалы болуы үшін біріншіден, ұстаздың жан-жақты академиялық білімінің болуы, екіншіден, мұғалімнің өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігінің және ешқандай дипломмен бірге берілмейтін шығармашылық қабілеті, балаға деген кіршіксіз адамгершілік қасиеттері болуы шарт.

Сондай-ақ, мұғалім мен оқушы арасында ортақ тіл табысу болуы қажет. Ұрысқақ мұғалімді ешқандай оқушы ұнатпайды, сосын оның пәніне деген қызығушылығы да төмендейді. Әр баланың зейіні мен білім деңгейі әртүрлі. Сондықтан

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР

қабілетін дамыту маңызды



мұғалім әр балаға жеке көңіл бөлуі керек. Үй тапсырмасын ойын немесе жарыс түрінде сұрап, қызықты етіп өткізгені жөн. Бұдан басқа да әдістерді қолдану үшін ұстаздар әрдайым ізденіс үстінде болуы керек. Егер мұғалім шынайы беріліп жұмыс істесе, дұрыс тәрбие беруге, оқушылардың білімге деген ынталарын оятуға ынта-жігерімен талпынса, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Мақсатты түрде жұмыс жүргізген жөн

Қазақта: «Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады» деген мақал бар. Сол секілді дарынды балалар – еліміздің интеллектуалдық элитасын қалыптастыратын ұлттық құндылық болып саналады. Шығармашыл, ұшқыр ойлы және ең бастысы өз білімін іске асыратын тұлға да – дарынды балалар. Баланың дарынды болып дүниеге келуі, оның қабілетін анықтау, талантын жүре дамыта алуы әлі күнге дейін ғалымдардың ыстық талқылауына ие сұрақтардың бірі. Оның үстіне қазір ХХІ ғасыр – білім мен ғылым, ақпарат пен техниканың ғасыры. Соған төтеп беретін, өзге елдерге өзіңді сыйлататын, өз күдіретінді мойындататын рух пен алапат күш-жігер қажет.

Ғұламалар: «Адам баласының бойындағы дарындылық тек бір ғана пайызды құрайды, ал қалғаны оның тәрбиесі мен өзінің өсіп жетілгеніне байланысты» дейді. Бұған қарағанда, адам бойындағы дарындылық қасиет барлық адамда болса керек. Тек білікті ұстаз оқушының осы қасиетін тауып, оны әрі қарай жетілдіру үшін дұрыс бағыт бере білуі керек. Бұл ретте балабақшадан бастап, мектеп, ЖОО-лардағы ұстаздарға дейін дарынды балалардың санын арттыру, шығармашылық білімін жетілдіру төңірегінде мақсатты түрде жұмыс жүргізулері керек.

Мұғалімдер тапшы

Дарынды балалардың сапалық және сандық көрсеткішіне тікелей ұстаздар қауымы зор ықпал етеді. Бірақ өкінішке орай, бізде дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер тапшы. Өйткені, бізде дарынды балалар тұрмақ, орта білім мекемелерінде кейбір пәндерден дәріс беретін мұғалімдердің өзі жетпейді. Сондықтан орта білім мекемелері дарынды балаларды анықтап, олардың дамуына, талантын шыңдауына қатысты толыққанды жұмыс істей алмайды. Себебі, әр сыныпта 30-35 оқушыдан болса, оның әрқайсысымен жеке-жеке жұмыс істеп, қабілет-дарынын анықтап, соған қатысты олардың дамуына қалай жұмыс істемек? Ол өте қиын. Бұрынғы тәжірибеде жасына қарай жақсы оқитын балалар іріктеліп алынатын. Қазір бұл жүйе барлық мектептерде іске асып отыр деп айта алмаймыз. Өйтпесе, әр сыныпта жоқ дегенде бір-екі оқушының білімі жоғары екендігі, дарыны бар екені бірден білініп тұрады. Егер әр сыныптан осындай біліктілігімен ерекше көзге түскен оқушыларды іріктеп алып, жеке-жеке жұмыс істеп білім берсек, олардың интеллектуалдық деңгейін көтеруге болады. Бұл ретте дарынды шәкіртті талантты ұстаз тәрбиелеуі тиіс. Егер оқушы дарынды болса, мұғалімге екі есе қабілеттілік қажет.

Шетелдік тәжірибе

Ақылы кемел, зерек балалар – мемлекеттің ең үлкен байлығы. «Алтын басты» балалардың мемлекеттің дамуына зор үлес қосатынын білетін дамыған елдер вундеркиндтерге орасан қаражат бөліп отырады. Мәселен, Израильде вундеркинд балалар жабық мектептерде арнайы бағдарлама бойынша оқытылады. Мемлекеттік құпия жататындықтан, ондағы білім беру бағдарламасы туралы ешқандай мағлұмат алу мүмкін емес.

Ұлыбританияда да вундеркинд балалар оқитын жабық мектептер бар. Жапония, Англияда да дарынды балаларға білім берудің жүйесі қалыптастып, оған қыруар қаржы бөлінеді. АҚШ-та да зерек балаларды ынталандыру жүйесі құрылып, дарынды балалардың одан әрі өсіп, дамуына барынша жағдайлар жасалынған. Тіпті, көрші Ресейдің өзінде Мәскеудегі Педагогика және психология институтында дарынды балалармен жұмыс істейтін арнайы зертхана ашылған.

Аталмыш институт ЖОО болса да, мектеп жасындағы дарынды балаларды қабылдап, жан-жақты білім береді. Соның арқасында онда вундеркиндтерге арналған мектеп ашылып, ерекше қабілетке ие балалардың талантын шыңдауына барынша жағдай жасалған.

Міне, осылайша аталмыш елдер дарынды балаларына ерекше қамқорлық жасап, оларды оқытудың тиімді жүйесін құрып, вундеркинд балалардың еңбегіне лайықты сый-сияпат жасап келеді. Сондықтан да біздің жоғарыда аты аталған елдердің тәжірибесіне зер салуымыз қажет. Қалай десек те, дарынды балалар мәселесі кешенді түрде мемлекеттік деңгейде шешілуі керек.

«Баланы жастан...»

Баланың шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алған жөн. Мәселен, тіл үйрену үшін баланың туылған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз немесе музыканттар жан-ұясында үнемі музыка естіген бала сол өнерге қабілеті ерте ашылып жатады. Осыны баланың басқа қабілеттерін дамытуға неге пайдаланбасақ? Негізгі мектеп – болашақ ғалымның, өнертанушының, әртістің, спортшының іргетасын қалайтын жер. Сондықтан оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап өнердің немесе техниканың, не болмаса, гуманитарлық мамандықтардың бір саласына, өзінің икеміне қарай бейімдеуіміз қажет. Мәселен, Қытайда қабілетті балаларды жастайынан интернаттарға алып кетіп, біраз жылдан соң әлемді аузына қаратқан спортшы немесе басқа да өнерді жетік меңгерген маман етіп шығарады. Бізге де осындай тәжірибе керек. «Баланы жастан...» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған.

Телеарналар жұмысын насихаттауы тиіс

Дарынды балаларды анықтап, дамыту үшін республикалық ғылыми-тәжірибелік «Дарын» орталығы жұмыс істеуде. Олардың өз бағдарламалары, жоспарлары бар. Түрлі олимпиадалар мен ғылыми жарыстар өткізеді. Олар дарынды балаларды тауып, талантын шыңдау төңірегінде әлі де жұмыстарын жүйелей түссе екен деген тілек бар. Сондай-ақ, «Болашақ» бағдарламасы бойынша тек магистранттар мен докторларды ғана шетелге жібермей, дарынды мектеп оқушыларын да дамыған елдердің вундеркиндтерді оқытатын оқу орындарына апарып, халықаралық байланысты жетілдіріп, тәжірибе алмассак қандай тамаша болар еді.

Англия, АҚШ, т.б. елдерде дарынды балалардың мәселесі бұрыннан бір жүйеге келтіріліп қойылған. Неге солардан жақсы тәжірибелерін алмасақ, үйренбесек? Сонымен қатар, телеарналарда қаптаған шоуларды көрсеткеннен гөрі, педагогтардың дарынды балалармен жұмысын насихаттайтын бағдарламалар ашылса жақсы-ақ болар еді. Дарынды балалардың мәселесін мемлекеттік деңгейде кешенді түрде бірігіп шешетін болсақ, онда келешек ел тұтқасын ұстар азаматтарымыздың интеллектуалдық ой-өрісі дамып, Қазақ елі 2050 жылы ең дамыған 30 мемлекеттің қатарынан ойып тұрып орын алар еді.

НЕ?

«Қыз мұңы»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Режиссері:
Т.Аралбай,
ҚР еңбек сіңірген артисі.
Күні мен уақыты:
26 қаңтар, 18.30.



ҚАЙДА?

«Бірге болу сезімі» көрмесі

Өтетін орны:
Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты:
Көрменің салтанатты ашылуы
2023 жылдың
27 қаңтарында,
сағат 16.00-де өтеді.



ҚАШАН?

«Щелкунчик»

Өтетін орны:
Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры.
Күні мен уақыты:
27 қаңтар,
19.00.





ЕҢБЕК АДАМЫ

Бүгінде болмысы нәзік әйел-аналар біз секілді зайырлы мемлекеттің барлық саласында да абыройлы еңбек етіп жүр. Соның ішінде ғылым – аса ауыр жол. Ауырлығы сонда, асқан табандылықты, жалықпай ізденуді, зор ықыласты, таусылмас күш-жігерді талап етеді. Ал осындай миссияны көтеріп жүру әйел затына тіпті де оңайға соға қоймас. Бірақ бір күні де ғылымсыз елестете алмайтын «Бір белдеу, бір жол» мұнай-инженерлік институтының директоры, химия ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті академигі Сәуле Айдарова осындай жолды таңдағаны үшін тағдырына әрдайым риза.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Бір белдеу, бір жол» мұнай-инженерлік институты Азия, Еуропа энергетикалық университеттерімен және мұнай компанияларымен серіктестікте ғылым, технологиялар және инновациялар саласындағы ынтымақтастықтың перспективалық жоспары аясында құрылған болатын. Миссиясы – жаһандық және ғылыми кеңістікте білім беру, ғылым және кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастықты дамыту үшін интернационалдандыруға және тұрақты платформа құруға ықпал ету. Сондай-ақ, бүкіл әлемде танылған, энергетика саласындағы инжиниринг пен инновацияға құзыретті көрнекті таланттарды дайындау үшін университеттердің, ғылыми-зерттеу институттарының және өндірістік салалардың ғылыми-инновациялық әлеуетін шоғырландыру. Шетелдік озық технологиялар мен білімдердің трансфертін қамтамасыз ету, оларды мұнай өндіру, тасарту және өңдеу процестерінің сапасын жақсартуға бейімдеу, сонымен қатар жаңа буынға білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлау да кіреді.

«Құрмет» орденінің, ҚР Мұнай-газ және энергетика кешенін дамытуға сіңірген еңбегі үшін алған «KazEnergy» медалінің, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Сәуле Байларқызы «Геология, минералдық және көмірсутек шикізатын өндіру және өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» Ұлттық ғылыми кеңесінің (2012–2015 ж.ж., 2019–2022 ж.ж.), «Болашақ» (2021 ж.) халықаралық стипендиясын тағайындауда үміткерлерді іріктеу үшін Тәуелсіз сараптамалық комиссияның мүшесі болды. Сондай-ақ, Қазақстанның мұнай-газ саласының жаңа кәсіптері мен құзыреттерінің салалық атласын әзірлеу жөніндегі сарапшы және ҒЗТҚЖ және кадрлар даярлау бөлігінде Қазақстанда мұнай-газ химиясын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі комиссияның мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, шетелдік белді жобаларда да бой көрсетіп жүрген белсенді ғалым. Атап айтсақ, UK Research and Innovation (UKRI) International Development Peer Review College шетелдік жобасын бағалау жөніндегі белді сарапшы.

Оның сараптамалық жұмысы GCRF жаһандық проблемаларды зерттеу қоры мен Ньютон NF қорының шешімдерін қабылдауда маңызды рөл атқаратын UK Research and Innovation (UKRI) халықаралық департаментінің директоры тарапынан жоғары бағаланып, Алғыс хатпен марапатталған.

Кейінгі бес жылда 177 еңбегі жарияланып, оның 80-нен астамы ағылшын тілінде жарық көрген. Профессор Сәуле Айдарова докторлық және кандидаттық диссертацияларын М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Жұқа химиялық технология институтында қорғады. Ол ғылым, білім және инновация саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың табысты дамуына үлкен үлес қосты. Ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, дайындау және сараптау бойынша жұмыстары да табысты болды.

С.Айдарованың ғылым жолындағы мәртебесі «Interfaces Against Pollution» халықаралық қауымдастығының (Нидерланды) халықаралық ғылыми консультативтік комитетіне және көптеген халықаралық конференцияларды ұйымдастыру комитеттерінің (Испания, Жапония, ГФР, Голландия, Қытай және т.б.) мүшесі болып сайланғанда биіктей түскенін мойындайды әріптестері. Ол «Surfactants in Solution-2022» конференциясы аясында «Adsorption layer dynamics at liquid interfaces» симпозиумын ұйымдастырып, тізгінін де өзі ұстап төрағалық етті. Технологиялық процестерді оңтайландыру және қарқындалу, сондай-ақ экологиялық проблемаларды шешу үшін еліміздің әртүрлі индустриялық маңызды өңірлерінде жұмыс істейтін және коллоидтық-химиялық зерттеулермен айналысатын зерттеушілердің ғылыми тобын қалыптастырды.

Жалпы, Сәуле Байларқызының инновациялық және ғылыми қызметі еліміздің мүддесі үшін аса өзекті, стратегиялық маңызы бар және ғарыш, мұнай-газ және басқа салаларда

СӘУЛЕ ӘЛЕМІ

«Алтын адам» сыйлығының иегері Сәуле Айдарованың білім-ғылымға, елге сіңірген ілкімді істері хақында



БЛИЦ-САУАЛ

- Сәуле Байларқызы, ғылым жолы табандылықты, шыдам, төзімді талап ететін сала. Осы тұрғыда әкеден не алдыңыз, анадан бойыңызға не дарыттыңыз?
- Әкем еңбексүйгіш кісі еді. Кітапты өте көп оқитын. Көздірігің киіп алып, қалың-қалың энциклопедияларды бас алмай оқып отыратын сәттеріне бала күнімде қатты қызығушы едім. Ал анам бізге «Батырлар жырын» оқып беретін. Алпамыс батыр, Қобыланды батыр жырларын жатқа білуші едік. Кітапсүйер қасиет екеуінен де дарыған болар деп ойлаймын.
- Өмірдегі ең басты ұстанымыңыз?
- Адамгершілік, адалдық, тазалық, тектілік, сыйластық,

еңбек. Адам бойында осы қасиеттер қатар өріліп жататын болса, онда жетістіктерге жету қиын болмайды.

- Жаныңызға жылдың қай мезгілі жақын?
- Өзім көктемде өмірге келіпін. Сондықтан болар, айнала жаңарып, жасарып, бәйшешектер бұр жарып жатқан шақ жанымға тыныштық, жүрегіме қуаныш сыйлайды.
- Байлықты немен өлшейсіз?
- Байлық деген жарқ-жүрқ еткен затпен немесе қымбат киімдермен өлшенбейді. Жастарға да айтарым сол, байлықты адамгершілікпен, қайырым, мейіріммен және білім, біліктілікпен және еңбекпен өлшеп жүрер болсақ, ештеңеден ұтылмаймыз.

қолданылатын жаңа нанотехнологиялар мен наноматериалдардың коллоидтық-химиялық дизайны, мұнай беруді қарқындалу және технологияларды оңтайландыру, мұнайды дайындау және тасымалдау, мұнай өндіру мен өңдеудің химиялық-технологиялық және экологиялық аспектілері сынды бағыттарды қамтиды.

Біздің ғалым шетелдік жетекші ғалымдармен (Макс Планк институты, Лейбниц институты, Пекин және Циндао университеттерімен) тығыз ынтымақтастықта еңбек етіп жүр. Түрлі ғылыми зерттеулер АҚШ пен Норвегия грантын жеңіп алуға және «Азғыр полигонының радионуклидтермен ластанған топырақтарының бетін бекіту» жобасын сәтті аяқтауға мүмкіндік берді.

Жетістіктеріне тоқмекілісіп қарап отыруды білмейтін Сәуле Айдарова Инновациялық жобалар жөніндегі басқарушы директор және ғылыми хатшы ретінде мұнай кәсіпшілігі және коллоидтық химияның инновациялық зертханасын ашты. Сөйтіп, өнеркәсіптің мұнай-газ секторына енгізу үшін мұнай беруді арттырудың, көмірсутек шикізатын тасымалдаудың және кешенді өңдеудің физика-химиялық және технологиялық негіздерін әзірлеуге арналған инновациялық жобаларды іске асыру, дайындау және сараптау бойынша ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Ол Қазақстанда алғаш рет инновациялардың дамуын тікелей айқындайтын және нақты секторды сапалы қайта құрудың, демек, экономиканы одан әрі дамытудың маңызды факторы болып табылатын нанотехнология саласындағы озық ғылыми жетістіктермен алмасуға арналған «Индустриядағы коллоидтар мен нанотехнологиялар» халықаралық конференциялар сериясын ұйымдастырып, табысты өтуіне атсалысты.

Оның Швеция, Германия, Португалия, Англия, ҚХР және Ресей сынды ірі мемлекеттердің танымал ғалымдары қатысқан тренингтер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастырғаны да біздің мемлекет үшін үлкен абырой, бедел болғаны анық.

Ғалымның Болон процесі шеңберінде іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында магистрлік бағдарламаларды жаңғыртуға арналған Темпус жобасын басқарғаны да жетекші ғалымдар арасында жоғары бағаланды. Жоба аясында су ресурстарын басқару орталығы құрылды. Жаңа халықаралық магистрлік бағдарлама енгізілді. Енді бүгінде мүдделі мемлекеттік органдар, ҚР Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының жол картасына кіретін кәсіпорындар арасында сол тәжірибелер таратылуда.

Сәуле Айдарова инновациялық студенттік элитаны тәрбиелеумен белсенді түрде айналысып келеді. «Химик-технологтардың студенттік клубын», «Orda Innovation» клубын ұйымдастырды. Оның жетекшілігімен әзірленген «Металл беттерінің коррозиясынан қорғау, лак-бояу материалдарының сапасын арттыру үшін ультрамикрогетерогенді наноэмульсиялар мен нанодисперсияларды алу мақсатындағы «ноу-хау» ғылыми негізделген әзірлеу технологиясы» деп аталған студенттік-инновациялық жобасы Алматы қаласының студент-жастары арасында қала әкімдігінің инновациялық идеялар байқауында жеңіске жетті. Ол да біздің кейіпкеріміздің бағындырған бір белесі десек, артық айтқандық болмас.

Сәуле Айдарованың білім-ғылымға, елге сіңірген осындай ілкімді істерінің лайықты деп танылғаны болар, жуырда адал еңбегінің өтеуі ретінде Халықаралық «Алтын адам» сыйлығының «Жылдың ғылыми қайраткері» аталымының лауреаты атанды.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Қазақша бизнес
Үндістанда»

Өтетін орны:
Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Уақыты:
13.30, 15.40, 17.30, 19.00.



«Мұқағалимен сырласу» кеші

Өтетін орны:
«Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Режиссері:
Жұлдызбек Жұманбай,
Жанр: поэтикалық кеш,
Күні мен уақыты:
26 қаңтар, 18.00.

«Карикатура тарланы»



Өтетін орны:
Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы.
Күні мен уақыты:
2023 жылдың 31 қаңтарына дейін жұмыс істейді.

Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
30 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Мультфильмдер
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 4 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский киноклуб. «Неслучайная встреча» 1-2 серия
17.15 Женский киноклуб. «Тест на беременность» 3 серия
18.00 «Қош келдіңіз!» 23 серия
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 5 серия
21.00 Телехикая. «Бозторғай. Бақыт бағасы» 4 серия
22.00 Мужской сериал. «Брат за брата» 10-11 серия
23.45 Телехикая. Корей драмасы. «Ким Бок Чу» 16 серия
0.30 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.30 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.50 Алматинские истории
4.15 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Көңіл толқыны»
14.10 «Қызық екен...»
15.10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŇ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 ТҰСАУКЕСЕР! «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.05 «Сана». Ток-шоу
2.05 «Ауылдастар»
2.35 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Мультфильм. «Король сафари»

- 12.00 Телехикая. «Жазмыш»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Пуля»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Жазмыш»
21.45 Телехикая. «Барыс Generation»
22.45 Телесериал. «Сезон дождей»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
08.00 What's up?
08.30 Т/сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
10.50 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Женатики»
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.40 КИНО. Джеки Чан в боевике «Случайный шпион» (повтор)
15.40 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 2»
17.50 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Спасатели Малибу» (повтор)
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. Аарон Экхарт в боевике «По долгу службы»
23.30 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.50 «ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ СЛОМИТЬ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Денис Рожков в многосерийном фильме «УСЛОВНЫЙ МЕНТ II»
0.45 Владислав Галкин, Алексей Бардуков, Кирилл Плетнев в многосерийном фильме «ДИВЕРСАНТ»
1.40 Ночной кинотеатр. «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». Многосерийный фильм
2.30 «НОВОСТИ»
2.35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.45 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.55 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.40

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40 Т/х «Изоляция»
08.10 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Доктор Надежда»
10.00 Т/п «Смеяться разрешается»
12.10 Скетчком «Q-елі»
12.40 Т/х «Изоляция»
13.10 Т/х «Шабдалы 18»
14.10 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.10 Шоу «Ну-ка, все вместе»
17.00 Т/с «Доктор Надежда»
18.00 Т/с «Провинциал» Премьера!
19.00 Т/с «А у нас во дворе»
21.00 Т/х «Сержан братан»
21.35 Т/х «Шабдалы 18»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20 Т/х «Тек қана қыздар»
00.20 Т/с «Полицейский с Рублевки»
01.20 Т/х «Мезгілсіз сезім»
02.20 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК»ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.25 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.00 «Ф.И.Л.И.Н», остросюжетный детектив (худ.сериал)
09.30 «КОРЗИНА ДЛЯ СЧАСТЬЯ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
13.20 «СЛЕД ТИГРА», мелодрама (худ.фильм) (повтор)
15.10 «НАСЛЕДНИКИ», криминальная мелодрама
17.00 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАҢДАР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.30 «ЗЭКИРА». Тұсаукесер! С субтитрами на русском (док.драма)
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», мелодрама (худ.сериал)
23.30 «ПЁС-6», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.20 «НАСЛЕДНИКИ», криминальная мелодрама (худ.сериал) (повтор)
02.00 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАҢДАР», (қайталау)
03.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
04.00-
04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) – «Динамо Москва» (Москва)
09.25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық лига. (Ерлер) 3-тур. «Буревестник» – «Павлодар»
12.25 XXX Дүниежүзілік қысқы универсиада ойындарына шоу
13.10 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.

- Чемпионат Европы. Короткая программа. (Женщины)
17.35 «PRO FOOTBALL». Лига чемпионов УЕФА. Плей-офф
18.10 XXX ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА. Конькимен жүгіру спорты. (Әйелдер/Ерлер)
18.50 «THE RING». 10-бағдарлама. (Қанат Ислам)
19.15 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Әйелдер). Польша – Оңтүстік Корея
20.25 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
20.55 «PRO FOOTBALL». УЕФА Еуропа мен Конференция лигасы. Плей-офф
21.30 ММА. «OCTAGON 39»
01.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
01.50 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.45 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Пәдди-сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «100% қасқыр» Мультхикая.
10.45 «Кітап қана» танымдық бағдарлама.
10.55 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.10 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
11.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
11.40 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
12.10 «Аға болғым келеді» ситком.
12.25 Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Горм сақшылары» Мультхикая.
14.00 «Күмбір live» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
14.40 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Томпи»
16.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
16.15 Анимация. «Еркелер»
16.50 «Пәдди-сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.35 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»

- 17.55 «Аға болғым келеді» ситком.
18.10 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
18.35 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.00 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
19.25 Анимация. Отандық / «Томпи»
19.50 «100% қасқыр» Мультхикая.
20.20 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
20.45 «Көке» ситком.
21.05 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.25 «Күмбір live « танымдық бағдарлама
21.45 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
22.40 «Горм сақшылары» Мультхикая.
23.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
12.00 «Айнұрдың арманы» телехикаясы
13.30 «Көру керек!» бағдарламасы
14.40 «Практика» телесериал
17.00 «Қағаз Кеме» телесериал
18.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.00 «Позднее раскаяние» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Позднее раскаяние» телесериал
01.00 «Практика» телесериал

TALIM TV TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграф
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Фибратты ғұмырлар
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Жолсерік» – телехикая
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Айтыс. Алтын қор
18.00 Dara til
18.20 Оңіне
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Тәлім trend
19.35 Әжемнің әңгімесі
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Жолсерік» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің анам, менің әкем
22.55 Views



СЕЙСЕНБІ 31 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Мультфильмдер
8.00 Мультфильмдер
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 5 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб. «Неслучайная встреча» 3-4 серия
17.15 Женский кино клуб. «Тест на беременность» 4 серия
18.00 «Қош келдіңіз!» 24 серия
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 6 серия
21.00 Телехикая. «Бозторғай. Бақыт бағасы» 5 серия
22.00 Мужской сериал. «Брат за брата» 12-13 серия
23.45 Телехикая. Корей драмасы. «Ким Бок Чу» 17 серия
0.30 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.30 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.50 Алматинские истории
4.15 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Сезім толқыны». Телехикая (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «Тіршілік». Деректі фильм
15.30 «ШАҢЫРАҚ»
16.00 «Айман & Шолпан» Телехикая (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая (с субтитрами)
22.30 «БАҒЫРЛАР». Телехикая (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.30 AQPAPAT
1.00 «Сана». Ток-шоу
2.00 «Ауылдастар»
2.30 Әнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Мультсериал. «Алиса и Льюис»
10.20 Мультфильм. «Ловушка для привидения»

12.00 Телехикая. «Жазмыш»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Сезон дождей»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Жазмыш»
21.45 Телехикая. «Барыс Generation»
22.45 Телесериал. «Такая, как все»
01.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.10 Информбюро (повтор)
08.00 Ризамын
08.30 Т/сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
10.50 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Женатики»
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.30 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 2» (повтор)
15.40 КИНО. Аарон Эхарт в боевике «По долгу службы» (повтор)
17.30 КИНО. Антонио Бандерас в приключенческом боевике «Легенда Зорро»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
21.40 КИНО. Брюс Уиллис в триллере «16 кварталов»
23.20 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анулама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.20 Владимир Жеребцов, Анастасия Микильчина в многосерийном фильме «КРАСАВИЦА»
13.15 Анна Снаткина, Кирилл Сафонов, Наталья Рудова в многосерийном фильме «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Денис Рожков в многосерийном фильме «УСЛОВНЫЙ МЕНТ II»
0.45 Владислав Галкин, Алексей Бардуков, Кирилл Плетнев в многосерийном фильме «ДИВЕРСАНТ»
1.40 Ночной кинотеатр. «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». Многосерийный фильм
2.30 «НОВОСТИ»
2.35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»

2.45 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.55 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40 Т/х «Изоляция»
08.10 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Доктор Надежда»
10.00 Т/с «А у нас во дворе»
12.10 Скетчком «Q-елі»
12.40 Т/х «Изоляция»
13.10 Т/х «Шабдалы 18»
14.10 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.10 Шоу «Ну-ка, все вместе»
17.00 Т/с «Доктор Надежда»
18.00 Т/с «Провинциал» Премьера!
19.00 Т/с «А у нас во дворе»
21.00 Т/х «Сержан братан»
21.35 Т/х «Шабдалы 18»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20 Т/х «Тек қана қыздар»
00.20 Т/с «Полицейский с Рублевки»
01.20 Т/х «Мезгілсіз сезім»
02.20 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.40 «Ф.И.Л.И.Н», остросюжетный детектив (худ.сериал)
11.20 «ПЕС-6», остросюжетный боевик (повтор) (худ.сериал)
13.20 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.20 «НАСЛЕДНИКИ», криминальная мелодрама
17.00 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАҢДАР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.30 «ЗӘКИРА», с субтитрами на русском (док.драма)
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», мелодрама (худ.сериал)
23.30 «ПЕС-6», остросюжетный детектив. Премьера!
01.20 «НАСЛЕДНИКИ», криминальная мелодрама (худ.сериал) (повтор)
02.00 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАҢДАР», (қайталау)
03.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
04.00-
04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). Иран – Египет
09.10 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы

09.40 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Плей-офф
10.15 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Чемпионат Европы. Произвольная программа. (Мужчины)
14.15 Интервью с Аланом Курмангалиевым
14.55 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
15.25 ДЗЮДО. Grand Prix
17.25 «PRO FOOTBALL». Лига Европы и Конференций УЕФА. Плей-офф
18.00 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Әйелдер). Канада – Қазақстан
19.25 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
19.55 XXX Дүниежүзілік қысқы универсиада ойындарына шолу
20.40 КӨСІПҚОЙ БОКС. Крис Юбенк – Лиам Смит
00.40 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Плей-офф
01.15 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.45 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Пэдди-сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.00 «Жан-жануарлар әлемі» танымдық бағдарлама
9.10 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
9.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «100% қасқыр» Мультхикая.
10.45 «Кітап қана» танымдық бағдарлама.
10.55 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.10 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
11.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
11.40 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
12.10 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
12.25 Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Горм сақшылары» Мультхикая.
15.00 «Таңғажайып Индонезия» Деректі фильм
16.15 ТамашаLike
17.00 Саулықтың сыры
17.10 «Қажымұқан» – мультфильм
17.40 Бақытты отбасы
18.00 Қышқыл мысқыл
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Сырласайық
20.00 «Барыңды бағала» – Таласфильм
20.30 Сағыныш – Әке
21.00 Ұлттық спорт – Теңгеші
22.00 Балалық шаққа саяхат
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«Дос-Мұқасан» ансамблінің 55 жылдық мерейтойына арналған мерекелік кеш. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 15.20-да.

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 6-қосымша

Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісі
20__ж. «__» _____

Р/с №	Жасыл екпелердің табиғи құрамы	Сакталады			Кесуге рұқсат			Рұқсатсыз кесу		
		дана	жасы, жыл	дің диаметрі, сантиметр	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, сантиметр	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, сантиметр
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										
2										
Барлығы:										
Қорытынды										

кестенің жалғасы

Қайта отырғызу, тамырын қопарып қазу (жасарту)			Санитариялық кесу			Сапалық (нақты жай-күйі)	Залалды өтеу мөлшері, бірлік	Залалды өтеу мөлшері бойынша залалдың сомасы	Өтемдік қалпына келтіру, дана
дана	жасы, жыл	дің диаметрі, сантиметр	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, сантиметр		АЕК	теңге	
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Осы акт _____ данада жасалды.
Ескертпе: Зерттеп-қарау актісі жасыл екпелерді кесуге немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.
Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі _____ колы (Т.А.Ә.)
(мөрі бар болса)
Уәкілетті органның лауазымды адамы _____ колы (Т.А.Ә.)
(мөрі бар болса)

Алматы қаласының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның (облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) басшысы
(тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты, мемлекеттік органның атауы)
(жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты не көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлға ұйымының атауы) және (немесе) сенімхат бойынша)
(ЖСН/БСН) Мекенжайы
(заңды мекенжайы немесе тұрғылықты жері) байланыстар
(электрондық мекенжайы, телефон)

Кепілдік хат

_____ (жеке немесе заңды тұлғаның атауы)
Ағаштарды кесуге рұқсат алған сәттен бастап алты ай ішінде _____ дана көлемінде өтемдік ағаш отырғызуды жүргізуге кепілдік береді, _____ тұқымдылар, ағаштардың орнына _____ дана, _____ үшін кесілетін тұқымдар _____ мекенжайы бойынша:
(себебі көрсетіледі) _____
_____ 20 жылғы «__» жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісіне сәйкес.

Отырғызылған көшеттер жойылған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді.
Өтемдік отырғызу сәтіннен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) осы Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және үш жыл өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсіну актісі негізінде жергілікті атқарушы органның теңгеріміне беруге кепілдік береді

_____ (жеке немесе заңды тұлғаның атауы)
Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзғаны үшін «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 381-1 және 386 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылатыны хабарланды.
Күні: 20__ж. «__» _____
Басшының Т.А.Ә. және колы (мөрі бар болса)

Отырғызу материалының сапасына қойылатын минималды талаптар
Жапырақты көшеттердің мөлшері мен параметрлерінің кесекпен қатынасы

Ағаштың биіктігі (сантиметр)	Бөшке шеңбері (сантиметр)	Команың диаметрі (сантиметр)	Команың тереңдігі (сантиметр)	Сабақтың биіктігі (сантиметр)
250–300	2-2,5	40	30	180-200
300–350	2,5-3	40	40	180-200
350–400	3,5-4,5	50	40-50	200-220
400–450	4,5-5,5	50-60	50	220-240
450–500	6-8	60-70	60-70	220-240
500–550	8-10	70	70	220-240
550–600	10-12	80	80	220-240
600–650	12-14	90	90	220-300

Қылқан жапырақты көшеттердегі өсімдіктің биіктігі мен кома диаметрінің арақатынасы

Өсімдіктің биіктігі (сантиметр)	Тамыр шарының диаметрі (сантиметр)
200	60
225	65
250	65
275	65
300	70
350	70

Бұтаның биіктігі, бұтақтардың саны және жер кесектері бар бұталар үшін тамыр жүйесінің мөлшері арасындағы байланыс

Өсімдіктің биіктігі (см)	Бұтақтар саны	Тамыр шарының диаметрі (сантиметр)
40–50	3	25
50–60	3	30
60–80	3	35
80–100	3	40
100–125	4	45
125–150	4	50
150–175	4	50
175–200	4	60
200–250	4	60
250–300	5	65

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №212 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2023 жылғы 19 қаңтарда №1708 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 17 қаңтар

№212

Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 қаулысымен бекітілген Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Алматы қаласында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері болу құнының 5 (бес) пайызы мөлшерінде бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №213 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2023 жылғы 19 қаңтарда №1709 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 17 қаңтар

№213

Алматы қаласында меншік иелерінің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебайқау мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 18) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында меншік иелерінің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебайқау мониторингін жүргізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №213 шешіміне қосымша

Алматы қаласында меншік иелерінің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы қаласында меншік иелерінің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңының 3-бабының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңына сәйкес әзірленген және Алматы қаласының аумағында бейнебақылау жүйелерінің меншік иелерінің келісімі болған жағдайда азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:
1) Алматы қаласының бірыңғай бейнемониторинг жүйесі – қалалық міндеттерді шешу үшін бейнеаналитиканы қалыптастыру функцияларын іске асыратын, Алматы қаласы бойынша бейнеескіндерді жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыратын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығын білдіретін және ақпараттық жүйе;
2) Бейнемониторинг орталығы – Алматы қаласы әкімі аппаратының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы қаласының құтқару қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тиісті шұғыл қызметтерге бейнеаналитика және сигнал беру құралдарының көмегімен шұғыл сипаттағы оқиғаларды анықтау үшін бейне ағындарды қабылдауды, өңдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі.
3. Бейнекамераларды орнату және бейнебағымдарды «Алматы қаласының бірыңғай бейнемониторинг жүйесіне» шығару бейнеталдау – адамдарды детекциялау, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тану және ахуалдық талдау жұмыстарының мақсатты міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.
4. Азаматтар көп жиналатын орындардағы бейнекамераларға қойылатын техникалық талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 27 қаңтардағы №69-ке бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21693 болып тіркелген) Ұлттық бейнебақылау жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына 2-қосымшада көзделген бейнебақылау жүйелерінің ең төменгі техникалық шарттарына сәйкес келуге тиіс.
5. Террористік тұрғыдан осал адамдар көп жиналатын объектілерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі №234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттарының 5-тармағына сәйкес келетін объектілер жатады.
6. Осы Қағидалар Алматы қаласында азаматтар көп жиналатын орындарда жаңадан орнатылған бейнебақылау жүйелеріне қолданылады. Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін жеке меншік ұйымдардың бұрын орнатылған бейнекамераларын бейнебақылау жүйесінің меншік иелерінің келісімі болған жағдайда 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін жаңғыртылады.
7. Шұғыл сипаттағы жағдайларды анықтау және растау үшін бейнемониторинг жүйесі операторлары бейнекамераларға қол жеткізеді. Операторлардың бейнебақылау камераларына қолжетімділігін пайдалану бойынша жауапкершілігі бейне мониторинг орталығының қызметінің ішкі регламенті бойынша белгіленеді. Құқық қорғау және арнайы органдардың қолжетімділігі қолданыстағы дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамаға қатаң сәйкестікте қамтамасыз етіледі.

2-тарау. Бейнекамераларды орнатудың жалпы ережелері

8. Бейнекамераларды орнату кезінде келесі факторларды сақтау талап етіледі:
1) бейнекамера бейнесінің желден және дірілден, көлік құралдарының өтуінен шайқалуын болдырмау үшін сенімді бекіту. Бейнекамераның дірілдеуі кадрдың сызықтық өлшемінен 1 пайыздан артық бейненің ығысуына әкелмеуі тиіс;
2) бейнекамераларды кадр мен бақыланатын объектілердің жарықтандырудың бір-келкілігін ескере отырып орналастыру;
3) табиғи немесе жасанды жарық көздерін бейнекамера объективіне бағытталуына жол бермеу.
9. Бейнекамера көрінісінде шолуды жабатын заттарды алып тастау қажет. Бейнеаналитика модульдерінің құралдарымен телевизиялық экрандар, интерактивті жарнама қалқандары, айналмалы есіктер, эскалаторлар, тербелмелі бұтақтар және егер бұл объектілер бақылау мақсаты болып табылмаса, тұрақты қозғалыс жасайтын басқа да объектілер аймақтарын шектеу қажет.

(Жалғасы 24-бетте)



(Басы 23-бетте)

10. Азаматтар көп жиналатын орындарда бейнебақылау мониторингін жүргізу адамдарды детекциялау үшін технологияларды қолдану, көлік құралдарына мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тану және ахуалдық талдауды тану есебінен жүзеге асырылады.

3-тарау. Бет-әлпетті детекциялау технологияларын қолдану үшін бейнекамералар орнату

11. Адамдарды детекциялау модулін пайдалану үшін бейнекамераларды орнату кезінде келесі шарттарды сақтау қажет:

- 1) қондырғының оңтайлы биіктігі – 2,2 метр, ең төменгі биіктігі – 1,8 метр, ең жоғары биіктігі – 4 метр;
- 2) тұлғаларды анықтау бөлігінде көлбеу бұрышы – 10 градус шегінде;
- 3) қондырғы бұрышы – 5 градус;
- 4) объект бейнекамера бағытында алға жылжитын орын таңдау;
- 5) фронтальды ракурстың алдыңғы – кадрларының ең аз арақашықтық 80 пиксельден кем емес;

6) бейнекамераларды бекіту кадрдың сызықтық өлшемдерінен кадрдағы бейенің ығысуының 0,5 пайызынан аспауын қамтамасыз етеді;

- 7) тұлғаларды кадрларда фронталды түсіру;
- 8) өткізу режиміндегі бақылау аймағының ені – қондырғы орнынан 4 метрге дейін, ағынды режимдегі бақылау аймағының ені – орнату орнынан 4 метрден;
- 9) бақылау аймағының барлық кезеңінде бет жарықтылығының тұрақты деңгейі бар үй-жайды біркелкі жарықтандыру;

- 10) электрондық бекітпенің жылдамдығының мәні – 1/100 секундтан;
- 11) кадрдағы бет-әлпетті ұлғайту үшін бейнекамераның шолу аумағын азайту.
12. Көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тану модулін пайдалану үшін бейнекамераларды орнату кезінде мынадай шарттарды сақтау қажет:

- 1) автомобиль жолындағы қондырғының биіктігі – 6 метрден 15 метрге дейін;
- 2) өткізу жүйесіндегі қондырғының биіктігі – 0,8 метрден 2 метрге дейін (жанында немесе шлағбауының астында);
- 3) жол төсеміне қатысты бейнекамера орнату бұрышы – нөмірдің тік ауытқу бұрышы – 20 градустан аспайды (оңтайлы – 15 градус);
- 4) жол жиегіне қатысты бейнекамера орнату бұрышы – нөмірдің көлденең ауытқу бұрышы – 30 градустан аспайды (оңтайлы – 10 градус);
- 5) жол төсемінің жазықтығына қатысты автомобильдің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің рұқсат етілген енісі – 5 градустан аспайды (сағат бойынша, сағат тіліне қарсы);
- 6) кадрдағы нысаналы объектілердің мөлшері – ені бойынша кемінде 150 пиксель, биіктігі бойынша кемінде 20 пиксель;
- 7) бейнекамераны бекіту кадрдың сызықтық өлшемдерінен кадрдағы бейенің 0,5 пайыздан аспайтын ығысуын қамтамасыз етеді;

- 8) бақылау аймағының ені (автотрасса) – кемінде 3 метр (оңтайлы 11 метр);
- 9) кешкі және түнгі уақытта мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тану кезінде мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің қосымша аумағын инфрақызыл жарықтандыруды пайдалануға;

- 10) бейнекамера объективіне тікелей күн сәулесінің түсуіне жол берілмейді: кемінде 100 люкс (сағатына 30 километрге дейінгі жылдамдық үшін);
- кемінде 200 люкс (сағатына 30 километрден бастап және одан жоғары жылдамдық үшін);

- 11) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің шағылысуы – кемінде 15 процент;
- 12) анықталатын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін бөгде объектілермен (жаяу жүргіншілер өтпесі аймағы, қоғамдық көлік аялдамалары және басқалар) жабылуын болдырмауға;

- 13) бейнекамерадан анықталатын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілеріне дейінгі қашықтық қажетті фокустық қашықтыққа объективті іріктеу арқылы айқындалады;
- 14) объектив бекітілетін бейнекамераны пайдалану кезінде нық бекітілген объектив қолданылады;

- 15) жарық бергіштердің немесе фардың қарама-қарсы шағылысуын болдырмау үшін кең динамикалық диапазон функциясын пайдалану.

13. Ахуалдық талдауды тану модулін пайдалану үшін бейнекамераларды орнату кезінде мынадай шарттарды сақтау қажет:

- 1) талап етілетін биіктігі:– «Қозғалыс детекциясы, сызықтардың қиылысуы, аймақтағы қозғалыс» үшін: ең төменгі – 3 метр, оңтайлы – 5 метр;

- «Адамның суға құлауын детекциялау» үшін ең төменгі – 2,5 метр, оңтайлы – 4 метр;

- «Адамдардың жиналуын детекциялау» ең аз – 4 метр, оңтайлы – 6 метр;

- «Қалдырылған заттарды детекциялау» үшін ең төменгі – 3 метр, оңтайлы - 4 метр;

- 2) қондыру бұрышы – 15 градустан кем емес және көкжиекке 75 градустан артық емес, оңтайлы бұрыш – көкжиекке 35 градус (қапталдық шолу);

- 3) кадрдағы нысаналы объектілердің мөлшері (қозғалыстағы объектілердің детекциясы) – қозғалыстағы объектілердің ең аз ауданы: 256 пиксель (шартты шаршы 16х16 пиксель);

- 4) кадрдағы нысаналы объектілердің мөлшері (қалдырылған заттардың детекциясы) – детекция үшін қалдырылған заттардың ең аз ауданы: 2025 пиксель (шартты шаршы 45х45 пиксель);

- 5) бейенің желден және дірілден ығысуын барынша азайту үшін нық бекітілген бекітпені пайдалануға;

- 6) жарық жеткіліксіз және қараңғыланған учаскелері бар жерлерде бейнекамералар орнатуды болдырмау немесе қосымша жарықтандыру орнатуға;

- 7) тәулік бойы бақылау кезінде кадрларды түнгі уақытта жарықтандыруды ескеру қажет;

4-тарау. Меншік иелерінің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда мониторинг жүргізу

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №214 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2023 жылғы 23 қаңтарда №1711 болып енгізілді.	
ШЕШІМ	
2022 жылғы 17 қаңтар	№214
Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы	
«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 17) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:	
1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидалары бекітілсін.	
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№214 шешіміне қосымша

Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және Алматы қаласының сыртқы жарықтандыру қондырғыларын пайдалану мен олардың техникалық жай-күйіне бақылауды жүргізу жөніндегі негізгі техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық талаптарды қамтиды.

Осы Қағидалар көшелерді, жолдарды, өткелдер мен алаңдарды, тоннельдерді, шағын аудандардың аумақтарын, сыябақтарды, бұлауларды, скверлерді, бақтарды, әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық мақсаттағы объектілерді, жаяу жүргіншілер (жер асты және жер үсті) өткелдерін, стадиондар мен басқа да объектілердің аумақтарын және аталған жарықтандыру аспаптарын байланысты электр желілері мен қоректену пункттерін сыртқы жарықтандырудың жарықтандыру аспаптарын пайдалануға қолданылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы жөндеу – бұл кезекті жөндеуге дейін электр жабдығы мен желінің қапын-ты жұмысының кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалану процесінде пайдаланушы персонал немесе жөндеу бригадасы электр жабдығын орнату орнында жүзеге асыратын және тексеру, тазарту, тығыздау, жөкелеген жарамсыздықтарды жою, тозған бөлшектерді, түйіндерді ауыстыру немесе қалпына келтіру және механизмдерді реттеу, профилактикалық іс-шараларды өткізу көзделетін жоспары жөндеу;

2) жабдықты жанару – кәсіпорындар (ұйымның) электр шаруашылығы нысандарын жанару электр жабдығы мен аппараттарға конструкциялық өзгерістер енгізу, сондай-ақ кәсіпорын немесе оның құрылымдық бөлімшесін электрмен жабдықтаудың электрлік схемаларын өзгерту мақсатында жұргізіледі;

3) жанғырту – электр жабдығын жанғырту жана технологиялық үрдістердің техникалық талаптарына немесе пайдаланудың кәзіргі талаптарына пайдалану сипаттамалары мен параметрлері сәйкес келмейтін ескірген электр жабдығы үшін жүргізіледі;

4) жарамды күйі – жабдықтың, ғимараттардың және (немесе) құрылыстардың нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық (жобалау) құжаттамасының барлық талаптарына сәйкес келетін күйі;

5) жарық диоды – жартылай өткізгіш диод арқылы электр тоғын өткізу кезінде толқын ұзындығының көрінетін диапазонында когерентті емес сәуле шығаруға негізделген жарық көзі;

6) жерге тұйықтау – жерге тұйықтау құрылғысымен қандай да бір желілер нүктесін, электр қондырғысын немесе жабдығын әдейі электрлі қосу;

7) жерге тұйықтау құрылғысы – жерге тұйықтағыш пен жерге тұйықтау өткізгіштерінің жиынтығы;

8) жол жабынының орташа жарықтығы – көлік жолағының осінде стандартты байқау жағдайларында тұрған бақылаушының көзі бағытындағы құрғақ жол жабынының жүру бөлігінін ауданы бойынша орташа жарықтығы, кандел/шаршы метр;

9) жұмысқа қабылетті күй – нысанның көрсетілген барлық функцияларға, нормативтік-техникалық талаптарға сай, жоба құжаттарына сәйкес барлық тапсырмаларды орындауға дайын күйі;

10) зақымдану – өзінің артынан тартумен кеме аралық және техникалық жай-күйінен жұмысқа қабылеттілігінен техникалық құрал жұмысқа қабылетсіз немесе жұмыс қабілетіне шек қойылған соңғы оқиғаны сипаттау үшін шартты түрде қолданылатын термин;

11) кабельдік желі – май тоқтырылған желілер үшін, тіреу бөлшектері мен шеткі, бітеуші және шеткі муфталары (бітемілері) бар бір немесе бірнеше қосарлас кабельдерден тұратын, одан басқа май қысымының сигнал беру жүйесі және қоректендіру аппараттарымен оның бөлек импульстарын немесе электр энергиясын беру желісі;

12) кедергі – болат арқанындағы арқаықтандыру электр сымдарының тербелуін болдырмау үшін болат арқанға кергілер орнатылады;

13) кернеуі 1 киловольтқа дейінгі электр беру әуе желісі – ашық ауада орналасқан және тіректерге, оқшаулағыштарға немесе қронштейндерге, ғимараттардың қабырғаларына және инженерлік құрылыстарға бекітілген, желілік арматурамен оқшауланған немесе оқшауланбаған сымдар бойынша электр энергиясын беруіне және таратуға арналған құрылғы;

14) көшелердің, жолдар мен алаңдардың орташа жарықтандырылуы – жол жамылғысының ауданы бойынша орташа өлшенген жарықтандыру;

15) күрделі жөндеу – жабдықтың кез келген, оған қоса негізгі бөлшектерін ауыстыру немесе қалпына келтіру, жөнделген бөлшектерді және тұтас жабдықты тексеру және реттеу, тозған конструкциялары мен желі учаскелерін ауыстыру немесе қалпына келтіру, немесе оларды одан беріктеу және үнемділеріне ауыстыру жолымен энергетикалық жабдықтың немесе желінің жарамдылығын және ресурстарын электр энергия беру мақсатында жүзеге асырылатын жоспарлы жөндеу жұмыстары;

16) орташа көлденең жарықтылық – жарықтандырылатын учаскенің ауданы бойынша орташаланған көлденең жарықтылық;

17) пайдалану – бұйымның өз мақсатына қол жеткізілуі іске асырылатын, қолдау табатын немесе қалпына келтіретін ірішілік циклінің кезеңі;

18) сыртқы жарықтандыруды басқарудың каскалды жүйесі – сыртқы жарықтандырудың топтық желісі учаскесінің тізбекті қосылуын (ажыратылуын) жүзеге асыратын жүйе;

19) сыртқы сәулеттік жарықтандыру – кешкі уақытта аса маңызды объектілердің жақсы және айқын көрінуін қамтамасыз ету және қаланың жарық ортасының жайылығын арттыру. Сәулеттік жарықтандыру қондырғылары көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілердің көзімен шағылыспауы тиіс.

20) тарату желісі – енгізу құрылғысынан, енгізу-тарату құрылғысынан, басты тарату

14. Бейне ағындардың мониторингі Алматы қаласының Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі платформасында бейнеаналитиканың автоматтандырылған технологияларын қолдану есебінен жүзеге асырылады.

15. Алматы қаласының бірыңғай бейнемониторинг жүйесі әртүрлі объектілерде орнатылған, оның ішінде жеке және заңды тұлғаларға меншік құқығында тиесілі қолданыстағы бейнебақылау жүйелерін біріктіруді көздейді.

16. Алматы қаласының әкімдігі Алматы қаласының коммерциялық объектілерінің бейнекамераларынан азаматтар көп жиналатын орындарда, қоғамдық орындарда және кіру топтарында сауда-ойын-сауық сипатындағы бейнекамераларды жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асырады.

17. Коммерциялық объектілерінің бейнебақылау жүйелерін қосу деректерді беру желісі операторларының байланыс арналарын пайдалану отырып Алматы қаласының жергілікті бюджетінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

18. Бейнебақылаудың әртүрлі жүйелерінен бейнебақылау ағындарын жинау негізінен мемлекеттік органдардың Бірыңғай көлік ортасының қорғалған арналары бойынша жүзеге асырылады. Басқа байланыс арналарын пайдаланған жағдайда ақпараттық қауіпсіздік құралдары және контурды бейне ағындарға рұқсатсыз қосылудан қорғауды ұйымдастыру қолданылады.

19. Серверлік және телекоммуникациялық жабдық істен шығуға төзімділігі жоғары серверлік үй-жайда орналастырылуы тиіс. Алматы қаласының бірыңғай бейнемониторинг жүйесінің істен шығуға төзімділік деңгейін арттыру үшін бірнеше серверлік үй-жайларда серверлік жабдықты орналастырудың бөлінген моделін қолдануға жол беріледі.

20. Бейнеаналитика түгінді, отты, қалдырылған заттарды, желілерді қиып өтуді, табиғи және техногендік сипаттағы шұғыл оқиғаларды тану, киімді, жынысты, адамдарды тану технологиялары негізінде қалыптасады. Тұлғаны тану технологиясын қолдана отырып талдау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы органмен келісім бойынша қолданылады.

21. Бейнеаналитика нәтижелері оқиға түрінде қалыптастырылады және оқиғаның шұғыл мәртебесін растау үшін бейнемониторинг орталығының диспетчерлеріне өңдеуге жіберіледі.

22. Бейнемониторинг орталығының диспетчері алынған деректерге шұғыл оқиғаның туындау фактісіне талдау жүргізеді.

23. Оқиғаның шұғыл мәртебесі расталған жағдайда, диспетчер жедел түрде тиісті шұғыл қызметтерді (өртке қарсы қызмет, полиция, жедел медициналық көмек, төтенше жағдайлар бөлімшесі) хабардар етеді. Оқиғаны өңдеу уақыты және шұғыл қызметтерге хабарлау, сондай-ақ бейнемониторинг орталығы диспетчерінің шұғыл сигнал беру жөніндегі жауапкершілігі бейнемониторинг орталығының жұмыс істеуінің ішкі регламентімен айқындалады.

24. Оқиғаның шұғыл мәртебесі расталмаған жағдайда, диспетчер алынған ақпаратты электрондық мұрағатқа жібереді.

- 1) қашықтықтан, диспетчерлік посттан;
- 2) автоматты, СЖБШ контроллерінің тұрақты жадына салынған кесте бойынша;
- 3) профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жергілікті басқару панелінен қолмен.
22. Әрбір СЖБШ-ның жарықтандыру желілерінің параметрлерін бақылау:
 - 1) әр фаза бойынша токтар мен керінуерлерді өлшеу (А, В, С);
 - 2) тоқтың шамадан тыс жүктеуді;
 - 3) қысқа тұйықталу;
 - 4) желінің үзілуі;
 - 5) жабдықтың жарамсыз күйі.
23. СЖБШ контроллерінде апаттық жағдайлар туындаған жағдайда жарық дабылын беру қажет.

СЖБШ жарықтандыру желісінде тұтынылған электр энергиясының есебін қамтамасыз етуі тиіс.

СЖБШ жабдықты қорғау құрылғыларымен қамтамасыз етілуі тиіс. СЖБШ-да қуаты 6 кА кем автоматты ажыратқыштарға жол берілмейді. СЖБШ-ның жоғарғы жағында контроллердің жанында жылытқыш орнатылуы керек. 24. Ландшафттық, сәулеттік жарықтандыру пайдаланушы ұйымның СЖБАЖ басқару жүйесіне интеграциялау үшін электр есептеу құралы мен контроллерді орната отырып, қалалық жарықтандыру желісіне қосу қажет.

2-параграф. Сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматтандырылған жүйесінің регламенттік жағдайына қойылатын талаптар

25. Қаланың сыртқы жарықтандыруды басқаруды бір орталық диспетчерлік пункт жүзеге асырады. Диспетчерлік пункттің негізгі міндеті СЖБАЖ техникалық бағдарламасының көмегімен сыртқы жарықтандыру желілерін, жедел басқару болып табылады.

26. СЖБАЖ міндеттерінің кешендері қолданбалы бағдарламалар пакеттерінің қолда бар үлгілік шешімдерін және техникалық құралдардың мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануды ескере отырып, өндірістік және экономикалық орндылығына қарай таңдалуы тиіс.

27. Бөгде қосылымдардың СЖБШ жабдығы пайдаланушы ұйымның диспетчеріне толық қашықтықтан бақылау мен мониторингті және СЖБШ жай-күйі мен есепке алу аспаптарының көрсеткіштері туралы мәліметтерді (немесе 2 адам) қызметтерге етуге тиіс.

28. Пайдаланушы ұйым штатта СЖБАЖ бағдарламалық жасақтамасын пайдалану бойынша оқытудан өткен сертификатталған құралдардың қызметкерлерді (кемінде 2 адам) ұсынуы тиіс. Бөгде адамдардың СЖБАЖ-ны пайдалануына қатаң тыйым салынады. Пайдаланушы ұйым-да резервтік сервер болуы керек.

3-параграф. Электр берудің кабельдік желілерінің регламенттік жай-күйіне қойылатын талаптар

29. Электр берудің кабельдік желісі (қоректендіру, тарату) зақымдалмауы тиіс. Сымдар мен кабельдер өзектерінің қосылыстары мен тармақтары тексеруге және жөндеуге қол жетімді болуы керек, осы сымдар мен кабельдердің тұтас орындарының өзектерін оқшаулауға тең оқшаулау болуы керек, механикалық күш жұмсмауы керек.

30. Электротехникалық жабдыкқа, есептегіштерге, автоматтарға, қалқандар мен орнату аппараттарына, қосылу орындарында қосылатын сымдар мен кабельдердің ұштарында олар үзілген жағдайда қайта қосылу үшін жеткілікті ұзындығы бойынша (жалпы ұзындықтан 6 %) қоры болуы тиіс.

31. Кабельдер мен сымдарда пластикалық қысқыштардың көмегімен оларға өшпейтін бояумен жапсырылған таңбалау пластмасса тегерті орнатылуы тиіс.

4-параграф. Электр берудің әуе желілерінің регламенттік жай-күйіне қойылатын талаптар

32. Тіректердің изоляторларында оқшауланбаған әуе желілерінің сымдарын бекіту сым тоқымаларын немесе арнайы қысқыштары пайдалануа отырып, жалғыз, тармақтардың сымдарында оқшаулағыштарда бітеу тығыз бекітпе болуы тиіс.

33. Әуе тарату желісінің сымдары тіректе былайша: жүріс бөлігінің жағында – төменгі сым – нөлдiк, жоғарғы сым – А фазасы, тротуар жағында тісінше В және С фазаларының жоғарғы және төменгі фазалары орналасады. Басқару сымдары сыртқы жарықтандырудың тарату желісінің сымдарынан төмен орналасуы тиіс.

34. Өзін-өзі қамтамасыз ететін оқшауланған сымды (будан әрі – ӨОС) бекітеу, қосу және ӨОС-ға қосу келесідей жүргізілуі керек:

- 1) Әуе желісі (будан әрі – ӨЖ) магистралінің симын аралық және бұрыштық аралық тіректерге тірек қысқыштардың көмегімен бекіту;
- 2) ӨЖ магистралінің сымдарын анкерік типтегі тіректерге бекіту, сондай-ақ ӨЖ тірегіндегі және кіреберістегі тармақ сымдарын кергіш қысқыштардың көмегімен бекіту;
- 3) Аралықтың ӨЖ симын арнайы байланыстырушы қысқыштардың көмегімен, анкер түріндегі тіректердің ілмектерінде оқшауланбаған көтергіш сымды дақ қысқышпен қосуға рұқсат етіледі;
- 4) ӨЖ магистралінің фазалық сымдарын оқшаулағыш жабыны немесе қорғаныш оқшаулағыш қабығы бар жалғағыш қысқыштардың көмегімен жалғанады;
- 5) Тармақ аралығындағы сымдарды қосуға рұқсат етілмейді;
- 6) ӨЖ инженерлік құрылыстармен қиылысу аралықтарында ӨЖ сымдарын қосуға жол берілмейді;
- 7) ӨКС жтуының көтергіш өзектері мен көтергіш өткізгіштерін, қиылысу аралықтарында байланыс желісі мен сымды хабар тарату желісінің өткізгіштерін қосуға жол берілмейді;
- 8) ӨЖ аспалы жолдың астынан өтеді; ӨЖ аспалы жолдың үстінен өтуіне жол берілмейді;
- 9) Жерге қосу өткізгіштерін – оймалы қысқыштардың көмегімен қосу;
- 10) Тармақтаушы қыстырғыштарда фазалық өзектерден тармақталған жағдайда, жуттұғын барлық көтергіш өткізгіштері бар ӨКС, көтергіш өзектен тармақталуын қоспағанда қолдану керек.

35. Әуе желісін тікелей қауіпсіз төсеуге келергі келтіретін биік ағаштары бар көшелер мен ауаларда жерге кабельмен монтаждау жұмыстарын жүргізу қажет. Жер астына төсеу мүмкіндігі болмаған жағдайда қауіпсіз қашықтықты ескере отырып, кедергілерді айналып өту үшін әуе желілерінің маршруттарын өзгерту қажет.

5-параграф. Тірек конструкцияларының регламенттік жағдайына қойылатын талаптар

36. Металл және темірбетон тіректері, жоғары дiңгекті тіректердің қронштейндері мен тәждері таза болуы, түбінде көрінетін арматураның бұзылуы болмауы, көрінетін ақаулары мен коррозия ошақтары, чиптері, ені 1 миллиметрден астын жарықтары жоқ үзілісті сапалау коррозияға қарсы қорғаныш жабыны күйдіріліп мырышталуы тиіс, темірбетон тіректеріндегі қақпақтар мен қысқыштар (құлыптар) және металл тіректер ақаусыз күйде болуы және тіректердің тұғырларында кабельдік тығыздағыштарға, сактандырыштарға немесе жарық қалқандарының автоматты ажыратқыштарына кіретін жерді сенімді жабуы тиіс. Тіректерде бояумен немесе трафарет түріндегі тактайшаларды пайдаланып, кіреберіс жолағара жағында оңай оқылатын сандар жазу қажет. Сандар өлшемі мен стилі бойынша біркелкі сипатта болуы керек.

37. Тірек бағаналары, қронштейндер, шамдар күндізгі және түнгі уақытта тіректерді шамадмен қабылдау үйлесімділігі б



6-параграф. Жарықтандыру құрылғыларының регламенттік жағдайына қойылатын талаптар

40. Қондырғылардың жарық техникалық көрсеткіштерінің сандық мәндері рұқсат етілген деңгейге сәйкес келуі тиіс. Қажеттілігіне қарай жарықтандыру және/немесе жарықтық деңгейін тексеру қажет. Жарық пен жарықтылықты бақылау өлшемдері қажетіне қарай жүргізіледі.

41. Шамдардың жану пайызы жанған шамдар санының тиісті санаттағы көшелер, алаңдар, шағын аудандар, нысандар үшін айналып өту маршруты бойынша орнатылған шамдардың жалпы санына қарай айқындалады.

42. Жанбайтын шамдардың қатарына тіректердің құлауына байланысты істен шыққан, бақылан шығу алдында жер асты жауу жүргізілшек өткелдерінде сынған шамдар қосылмайды.

43. Тарату желісінің, СЖ көректендіру пункттері жабдықтарының істен шығуына байланысты шамдардың жаппай өшірілуі анықталған сәттен бастап жойылады.

44. Шамдардың жобалық заңдастырылуы және жарықтандырылатын объектіге қатысты жұмыс жағдайында қатаң бекітілуі және тиісті қорғаныш шынылармен және жарық шашыратқыштармен бақыдалуы тиіс. Шамдар мен прожекторлардың қорықтарында көрінетін бұзылулар, коррозия ошақтары болмауы және қажет болған жағдайда боялуы тиіс.

45. Шағылдырғыштар мен жарық шашыратқыштар таза болуы, сапалы боялуы, жұмыс жағдайында сенімді бекітілуі, ал іске қосу-реттеу аппараттары мен жағу қондырғылары жарамды болуы керек. Жанбайтын және жарық ағынын төмендететін жарық көздері ауыстырылуы тиіс.

46. Шамдарда қолданылатын жарық диодтарының қызмет ету мерзімі шамның төлқу-жат деректеріне сәйкес келуі керек.

47. Ландшафттық жарықтандыру жабдықтары вандализмге қарсы болуы керек.

48. Іске қосу реттегіштері мен тұтандығыш құрылғылар жарамды болуы тиіс, ал олардың сипаттамалары төлқужаттық деректерге сәйкес болуы тиіс.

49. СЖҚ-ға ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін олардың жарық техникалық параметрлері нормаланған мәндерге сәйкес келуі тиіс.

7-параграф. Сыртқы жарықтандырудың регламенттік жай-күйін бақылау

50. Күзгі-қысқы кезеңде аптасына кемінде бір рет және көктемгі-жазғы кезеңде кемінде екі аптада бір рет жанбайтын шамдарды уақтылы анықтау үшін кешкі және түнгі уақытта сыртқы жарықтандыру қондырғыларын пайдаланушы ұйым аралайды.

51. Бақылау тексеру айына кемінде бір рет, ал жоспардан тыс – халықтан шағымдар, уәкілетті органдардан нұсқамалар алынған кезде жүргізілуі тиіс.

52. Шамдардың жану пайызын анықтау үшін сыртқы жарықтандыру қондырғыларын тексеру маршруттары, әдетте, көшелер мен объектілердің тиісті санаттарындағы шамдар санының 10%-на дейін тексеруді қамтуы тиіс.

53. Қаланың көшені жарықтандыру жүйесінің жұмысына жалпы бақылау СЖҚ төнгерім ұстаушысының кәсіпорына жүктеледі.

8-параграф. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларының регламенттік жай-күйін қамтамасыз ету жүйесі

54. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларының регламенттік жай-күйін қамтамасыз ету жүйесі сыртқы жарықтандыру қондырғылары элементтерінің ақаусыз және жұмысқа жарамды күйін сақтауға және қалпына келтіруге, СЖҚ параметрлері мен жұмыс режимдерінің паспортылық және жобалық сипаттамаларға сәйкестігіне бағытталған жоспарлы алдын алу және жоспардан тыс (күтпеген) жұмыстардың жиынтығын қамтиды.

55. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларының регламенттік жай-күйін қамтамасыз ету жұмыстарының құрамына мынадай жұмыс түрлері кіреді:

- 1) Жоспарлы алдын алу жұмыстары
- Жоспарлы тексерулерді, жоспарлы техникалық қызмет көрсету, профилактикалық сынақтар мен өлшеулерді, жоспарлы ағымдағы жөндеулерді, тірек конструкцияларын, тұғырлар мен шамдарды жаууды, тірек конструкциялары мен тұғырларды бояуды, тіректерді хабарландырулардан тазартуды қамтитын жоспарлы техникалық пайдалану;
- 2) функционалдық мақсатын кеңейту кезінде СЖҚ-ның жекелеген бөліктерін күрделі жөндеу;
- 3) реконструкциялау және жаңарту.

Болжанбаған жұмыстар: жоспардан тыс тексерулер (апаттар, төтенше жағдайлардан кейін); шұғыл сипаттағы апаттық-қалпына келтіру жұмыстары.

56. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету сыртқы жарықтандыру объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және олардың мерзімінен бұрын тозуын болдырмауға, қондырғылардың жұмыс күйін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар кешенін қамтиды.

57. Жоспарлы ағымдағы жөндеу жабдықтың техникалық жай-күйін, қалыпты сыртқы түрі мен қауіпсіздігін, қондырғылардың жарық-техникалық параметрлерін тексеруді қамтамасыз ету мақсатында күрделі жөндеу арасындағы кезеңде сыртқы жарықтандыру қондырғыларын жөндеу бойынша барлық жұмыстарды қамтиды.

58. Күрделі жөндеу жабдықтың ақаусыз жұмысының ұзақтығын ұлғайтуға және/немесе сыртқы жарықтандыру тіректерінің функционалдық мақсатын кеңейтуге және/немесе оның сыртқы түрін сақтауға және/немесе оның қауіпсіздігін арттыруға бағытталған талаптарды ескере отырып, бекітілген жоба немесе ақау ведомосі бойынша жүргізіледі.

59. Реконструкциялау және жаңарту тірек конструкцияларын, жарықтандыру аспаптарын, көректендіру пункттерін, әуе және кабель желілерін, жерге тұйықтау құрылғыларын қоса алғанда, физикалық немесе моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты ауыстыру қажеттілігіне байланысты және бекітілген жұмыс жобасы бойынша жүргізілуі тиіс.

60. Апаттық-қалпына келтіру жұмыстары жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша орындалады. Құрамы мен көлеміне байланысты авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жоспарланбаған техникалық қызмет көрсету, жоспарланбаған ағымдағы және күрделі жөндеу ретінде жіктелуі мүмкін.

61. Апатсыз жұмысты қамтамасыз ету мақсатында жарықтандыру желілерінің күзет аймағының шегіне түсетін бұтақтарды санитарлық кесу уәкілетті органның міндетіне кіреді;

5-тарау. Сыртқы жарықтандыруды пайдалану

1-параграф. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын тексеру

62. Электрмен жабдықтау кабельдік желілерін жоспарлы тексеруді электрмен жабдықтау пунктін жоспарлы тексерумен бір мезгілде жүргізу ұсынылады. Тамақтану пункттері мен көректендіретін кабель желілерін жоспарлы тексеру бойынша жұмыстардың кезеңділігі осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген.

63. Электр берудің тарату кабельдік желілерін жоспарлы қарап-тексеруді электр берудің әуе желілерін, тірек конструкцияларын және жарықтандыру аспаптарын жоспарлы қарап-тексерумен бір мезгілде орындау ұсынылады. Электр берудің тарату кабельдік және әуе желілерін, тірек конструкциялары мен жарықтандыру аспаптарын жоспарлы тексеру жөніндегі жұмыстардың кезеңділігі осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген.

64. Әрбір пайдаланылатын учаскеде пайдаланушы ұйымның басшысы немесе бас инженері бекіткен әуе және кабель желілерін, жарықтандыру аспаптарын жоспарлы тексеру кестесі болуы керек.

2-параграф. Сыртқы жарықтандырудың басқару шкафы көректендіру пункттерін жоспарлы тексеру

65. Көректендіру пункттерін жоспарлы тексеру кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері орындалады:

- 1) есіктердің, ілмектердің, құлыптардың жай-күйін, есіктердегі ОДП телефон нөмірінің СЖБШ нөмірінің болуын тексеру;
- 2) есіктерде, қалқандарда, панелілер мен аппараттарда ескерту және тыйым салу жазуларының болуын тексеру;
- 3) реледегі, есепке алу аспаптарындағы және басқа да аппараттардағы пломбалардың тұтастығын тексеру;
- 4) аппараттардың пайдалану және жүктеме жағдайларына сәйкестігін тексеру;
- 5) пирометрдің көмегімен қарсылық элементтері мен түйіспелердің қызуын тексеру;
- 6) шиналар қимасының нақты жүктемеге сәйкестігін бақылау;
- 7) қосылған сымдардың жарамдылығын тексеру;
- 8) оқшаулау күйін тексеру;
- 9) шкафтардың, панелілердің жабылу тығыздығын тексеру;
- 10) коммутациялық аппараттарға оңай қол жеткізу мүмкіндігін тексеру;
- 11) деформациялардың болмауын, бекітелердің, оқшаулағыш төсемдердің, оймакіз-тектердің, оқшаулағыштардың жай-күйін тексеру;
- 12) өлшеу аппараттарының көрсеткіштерін бақылау (журналға жазумен);
- 13) жерге тұйықтау төсемінің айқындалуын, бояудың және коррозияға қарсы жабынның тұтастығы мен сәйкестігін тексеру үшін қолжетімділігін тексеру;
- 14) жабдықтар мен аппараттардың дәйекті жерге тұйықталуының болмауын тексеру;
- 15) нілгіш жерге тұйықтау өткізгіштеріндегі ұштықтарды дәнекерлеудің (престеудің) бар-жоғын және сенімділігін тексеру;
- 16) ОДП-мен байланысты тексеру;
- 17) СЖБШ есігін ашу және жабу кезінде сигналдық құрылғылардың жұмысын тексеру;
- 18) тексеру нәтижелерін журналға жазу.

19) көректену пункттерін жоспарлы тексеру жұмыстарын электр қауіпсіздігі бойынша 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер жүргізуі тиіс.

3-параграф. Сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматтандырылған жүйесін жоспарлы тексеру

66. СДБАЖ-ны жоспарлы тексеру кезінде келесі негізгі жұмыс түрлері жүргізіледі: 1) СЖБШ-мен байланысты тексеру;
- 2) жүйелік қателер үшін негізгі және резервтік серверді диагностикалау;
- 3) тиімсіз жұмыс істейтін элементтерді және олардың тиімсіздігінің себептерін анықтау;
- 4) сенімсіз элементтерді анықтау, оларды одан әрі пайдалану жүйенің біртұтас ретінде жойылуына қауіп төндіреді;
- 5) барлық жұмыс режимдері мен конфигурацияларын тексеру;
- 6) вирусқа қарсы бағдарламаларды тексеру;
- 7) ақпараттық базаның қорғанысын тексеру;
- 8) тексеру нәтижелерін журналға жазу.
67. Электр қауіпсіздігі бойынша 3-ші топтан СЖБАЖ және бағдарламалық жасақтама жүйесінің инженер-әкімшілері (басқару құрылғыларын пайдалану жөніндегі инженерлер) – 1 маман.

4-параграф. Электр берудің кабель (көректендіру және тарату) желілерін жоспарлы тексеру

68. Электр берудің кабель (көректендіру және тарату) желілерін жоспарлы тексеру кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері жүргізіледі:

- 1) кабель желісіне қауіп төндіретін құбылыстарды (асфальттың, топырақтың құлауы, трассасын күзет аймағында қазба жұмыстары және т.б.) тіркей отырып, кабельдік желінің трассасын аралау және тексеру;
- 2) сым кабель желісінің ашық учаскесіндегі оқшаулаудың тұтастығын, биркалардың болуы мен сақталуын тексеру;
- 3) тексеру нәтижелерін журналға жазу.
69. Кабель желілерін жоспарлы тексеру жұмыстарын электр қауіпсіздігі бойынша 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер жүргізуі тиіс.

5-параграф. Әуе электр тарату желілерін жоспарлы тексеру

70. Электр берудің әуе желілерін жоспарлы тексеру мынадай негізгі жұмыс түрлерін қамтиды: 1) трассаның өртке қарсы жай-күйін тексеру: күзет аймағында әуе желілерін бөгде заттарды, уақытша құрылыстарды, желіге құлау немесе сымдарға қауіпті жақындау қауіпін бар ағаштарды, жанғыш материалдарды жинауды, рұқсат етілмеген жұмыстарды жүргізуді және СЖ жүйесінің жұмысқа қабілеттілігіне қауіп төндіретін өзге де құбылыстарды анықтау;
- 2) сымдар мен сымарқаңдардың жай-күйін тексеру: жекелеген сымдардың үзілуі мен балкуын, сымдар мен сымарқаңдарға құймаларды, олардың реттемелерінің бұзылуын, салбыраған жебенің жол берілмейтін өзгеруін және сымдардан жерге және объектілерге дейінгі арақашықтықтарды, әуе желілерінің жобасында көзделген діріл сөндіргіштерді орнату орнынан жылжуды анықтау; қысқы кезеңде сымдарда көктайғақ-азды шөгінділердің пайда болуын анықтау;
- 3) тексеру нәтижелерін журналға жазу.
71. Сымдарының бірлескен аспасы бар әуе желілерін пайдаланатын ұйым жоспарлы тексеруді қажеттілігіне қарай жүргізеді. Сымдар мен қиылыстардың бірлескен аспасы бар желілердің жай-күйі, анықталған бұзушылықтар мен ақаулар туралы акт жасалады. Электр берудің әуе желілерін жоспарлы тексеру жөніндегі жұмыстарды электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер орындайды.

6-параграф. Тірек конструкцияларын жоспарлы тексеру

72. Тірек конструкцияларын жоспарлы тексеру кезінде мынадай жұмыс түрлері орындалады: 1) тіректердің жай-күйін тексеру: тіректердің қисаюын немесе топырақта ығысуын, ағаш тіректердің көрінетін шіруін, ағаш бөлшектердің күйін кетуін және бөлінуін, бандажтардың тұтастығының бұзылуын, дәнекерленген тігістерді, металл тіректердегі болтты және тойтармалы қосылыстарды, металл элементтердің жырталуын, металдың коррозиясын, темірбетон тіректердің жарылуы мен зақымдануын анықтау;
- 2) кронштейндердің жай-күйін тексеру: кронштейннің тірекке жанауы тығыздығын, кронштейннің жобалау орнынан ауытқуының болмауын анықтау;
- 3) темірбетон және металл тіректердегі есіктердің (қапқақтардың) және құлыптардың жарамдылығын тексеру, аспапты кабельдік бітеуге, сақтандырығыш бар қалқандарға немесе тіректердің іргелеріндегі автоматты ажыратқыштарға қолданбай қол жеткізу мүмкіндігінің жоқтығын тексеру;
- 4) тіректер мен кронштейндер бояуының тұтастығын тексеру;
- 5) тексеру нәтижелерін журналға жазу.
73. Қалалық жарықтандыру тіректеріндегі жарнамалық құрылымдар мен жарықтандырудың сенімді бекітілуін жоспарлы тексеру.
74. Тірек конструкцияларын жоспарлы тексеру бойынша жұмыстарды электр қауіпсіздігі бойынша 3-ші топтан электр беру әуе желілерін жөндеу жөніндегі электромонтер (тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер) орындайды.

7-параграф. Жарықтандыру аспаптарын жоспарлы тексеру

75. Жарықтандыру құрылғыларын жоспарлы тексеру мынадай жұмыс түрлерін қамтиды: 1) жанбайтын шамдардың санын анықтау және шамдардың жану пайызын анықтау;
- 2) механикалық зақымдануды анықтау;
- 3) шамдардың жарықтандырылатын объектіге қатысты орналасуының ауытқуын анықтау;
- 4) шамдардың дұрыс орналаспауына немесе экрандардың болмауына, шамдардағы шамдардың орналасуының өзгеруіне және т.б. байланысты шамдар мен прожекторлардың көзді шағылыстыру эсерінің жоғарылауын анықтау;
- 5) тексеру нәтижелерін журналға жазу.
76. Жарықтандыру аспаптарын жоспарлы тексеру бойынша жұмыстарды электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан электр берудің әуе желілерін жөндеу жөніндегі электромонтер (тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер) орындайды.

8-параграф. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларына техникалық қызмет көрсету

77. Электрмен жабдықтау кабельдік желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсетуі электрмен жабдықтау пунктіне жоспарлы техникалық қызмет көрсетумен бір мезгілде жүзеге асыру ұсынылады. Көректендіру пункттері мен көректендіретін кабель желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарының кезеңділігі осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген.

78. Электр берудің тарату кабельдік желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсетуі әуе электр беру желілеріне, тірек конструкцияларына және жарықтандыру құрылғыларына жоспарлы техникалық қызмет көрсетумен бір мезгілде орындау ұсынылады. Тарату кабельдік және әуе электр беру желілеріне, тірек конструкцияларына және жарықтандыру аспаптарына жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарының кезеңділігі осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген.

79. Ағымдағы немесе күрделі авариялық жөндеуді талап ететін зақымданулар анықталған жағдайда ақаулар тізімдемесі жасалады.

80. Жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша апаттық-қалпына келтіру жұмыстарының құрамында, ақаулар тізімдемелерінің, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары нұсқамаларының, уәкілетті орган нұсқауларының негізінде орындалады.

81. Пайдаланушы ұйым сыртқы жарықтандыру қондырғыларына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды білікті персонал арқылы жүзеге асырады.

9-параграф. СЖБШ-ның көректендіру пунктіне жоспарлы техникалық қызмет көрсету

82. Көректену пунктіне жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері орындалады: 1) барлық көрінетін зақымдарды жою, бекіткіштерді қатайту, түйіспелерді кірден және ағындардан тазарту, қаптапалардың, саптардың, құлыптардың, тұтқалардың және басқа арматураының анықталған зақымдануларын түзету;
- 2) жинақтар мен аппаратұраны тазалау;
- 3) орнату аппараттарының жұмысында анықталған ақауларды жою және қажет болған жағдайда істен шыққан аппараттарды ауыстыру;
- 4) ластанған жабдық оқшаулауды тазалау;
- 5) қажет болған жағдайда таңбалаудың, жазулардың тұтастығын қалпына келтіру, шиналарды және тасымалды жерге тұйықтау үшін қорғалған орындарды бояу;
- 6) қажет болған жағдайда жерге тұйықтау құрылғыларындағы оқылқықтарды жою;
- 7) қажет болған жағдайда басқару құрылғыларын баптау, реттеу және ауыстыру;
- 8) СЖБШ бақылағышының диспетчерлік пункттен өзара байланысын тексеру;
- 9) СЖБШ-дағы жұмыстарды аяқтағаннан кейін пайдаланушы ұйымның орталық диспетчерлік пунктін (бұдан әрі – ОДП) автоматты және есікті ашу және жабу датчигінің қосымша түйіспесінде байланыстың болуына растау алу қажет;
- 10) автоматтың авариялық іске қосылуы бойынша қайта шақыртылған жағдайда қысқа мерзімде 2 реттен артық ақауды себебіне байланысты желіні тексеру немесе автоматты ауыстыру қажет;
- 11) СЖБШ-дағы жұмыстарды аяқтағаннан кейін өтінімді фото есеппен бірге пайдаланушы ұйымның диспетчері арқылы жабу;
- 12) техникалық қызмет көрсету нәтижелерін журналға жазу.
83. Көректену пункттерін жоспарлы техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды төмендегі құрамдағы бригада жүргізеді: 1) электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 1 маман;
- 2) электр қауіпсіздігі бойынша 3-ші топтан басқару құрылғылары бойынша инженерлер – 1 маман.

10-параграф. Сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматтандырылған жүйесіне жоспарлы техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – СЖБАЖ)

84. СЖБАЖ жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері орындалады: 1) істен шығуларды диагностикалау және компьютерлік техниканы жөндеу, қажет болған жағдайда жабдықтың резервтік қорын жасау;
- 2) вирусқа қарсы қорғаныс жүйелерін тексеру және вирусқа қарсы базаларды автоматты түрде жаңарту процесін ұйымдастыру;
- 3) қажет болса, маңызды деректер желісі бойынша резервтік көшіру жүйесін орнату;
- 4) қажет болса, қосымша қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы орнату;
- 5) қызмет көрсетілетін компьютерлік желілердің қауіпсіздігін тексеру және қауіпсіздік ішкі жүйелерін үнемі жанартап отыру;
- 6) интернет трафикті тексеру;
- 7) интернет желісінен рұқсатсыз кіруден қорғау жүйесін тексеру;
- 8) қажет болса, қосымша компьютерлерді желіге қосу және қажетті бағдарламалық жасақтаманы орнату;
- 9) белсенді желілік жабдықтау қызмет көрсету;
- 10) сервердің жарамдылығын жоспарлы тексеру (резервтік сервердің жұмысына тегістік ауысулар);
- 11) техникалық қызмет көрсету нәтижелерін журналға жазу.
85. СДБАЖ-ға жоспарлы техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі бойынша 3-ші топтан СЖБАЖ және бағдарламалық жасақтама жүйесінің инженер-әкімшісі немесе басқару құрылғыларын пайдалану жөніндегі инженер – 2 маман.

11-параграф. Кабельдік (көректендіру және тарату) электр беру желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету

86. Жерге төселген электр беру (көректендіру және тарату) кабельдік желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету мынадай негізгі жұмыс түрлерін қамтиды:

- 1) коррозияға қарсы қорғаныс пен кабельді оқшаулаудың зақымдануын жою, кабельді бояу;
- 2) бекіткіш бұйымдарды ауыстыру;
- 3) биркаларды қалпына келтіру;
- 4) техникалық қызмет көрсету нәтижелерін журналға жазу.
87. Электр берудің кабельдік желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман.

12-параграф. Әуе электр беру желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету

88. Электр берудің әуе желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері орындалады: 1) әуе желілерінің іріктемеі учаскелерін тексеру арқылы мен жоғары жақтан тексеру (қажет болған жағдайда);
- 2) жекелеген сымдардың үзілуі мен балкуын, сымдар мен кабельдерге құймаларды, олардың реттемелерінің бұзылуларын жою;
- 3) сымдарды тарту желісін және сымдардан жерге дейінгі қашықтықты және әуе желілері жобасында көзделген объектілерді қалпына келтіру;
- 4) тіректерде және жерге жақын жерге тұйықтау тусулерінің зақымдануын немесе үзілістерін жою, жерге тұйықтау құрылғысының элементтерін қалпына келтіру;
- 5) жылу сымдарының жылу түсіргішпен қызауын тексеру;
- 6) техникалық қызмет көрсету нәтижелерін журналға жазу.
89. Электр берудің әуе желілеріне жоспарлы техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман.

13-параграф. Тірек конструкцияларына техникалық қызмет көрсету

90. Тірек конструкцияларына жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері жүзеге асырылады: 1) қажет болған жағдайда жоғары жағынан тексеру;
- 2) тіректердің тігінен болуын және шамдары бар кронштейндердің орналасуын тексеру, кронштейндерді түзету;
- 3) темірбетон және металл конструкциялардағы қақпақтардағы және құлыптардағы зақымдарды жою, қажет болған жағдайда қақпақтарды (есіктерді), құлыптарды ауыстыру;
- 4) қажет болған жағдайда сақтандырыштарды, тірек негіздеріндегі автоматты ажыратқыштарды ауыстыру;
- 5) металл кронштейндер мен тіректердегі коррозия ошақтарын тазарту, бояуды қалпына келтіру;
- 6) тіректердегі нөмірлеуді қалпына келтіру;
- 7) қажет болған жағдайда қалалық жарықтандыру тіректерінде жарнамалық конструкциялар мен иллюминацияларды бекітудің ақаулығын жою;
- 8) техникалық қызмет көрсету нәтижелерін журналға жазу.
91. Тірек конструкцияларына жоспарлы техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан электр берудің әуе желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман;

14-параграф. Жарықтандыру аспаптарына жоспарлы техникалық қызмет көрсету

92. Жарықтандыру құрылғыларына жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай

(Соңы. Басы 24-25-беттерде)

111. Электр берудің (коректендіру және тарату) кабель желілерін жоспарлы ағымдағы жөндеу кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері жүргізіледі:

- 1) ағымдағы жөндеу жүргізілгенге дейін және кейін желінің жай-күйін суретке түсіру;
- 2) кабельдерді бекіту конструкцияларын жөндеу және ауыстыру;
- 3) қабықшалардың коррозиясын жою;
- 4) оқшаулағышы тозған немесе зақымданған кабель желілерінің 5 метрге дейінгі жекелеген бөліктерін ауыстыру;
- 5) қысқыштар мен бекіткіштерді ауыстыру;
- 6) қажет болған жағдайда муфталарды, құйғыштарды, құрғақ кесулерді қайта өңдеу;
- 7) нәтижелерді журналға енгізе және өлшеу хаттамасын жасай отырып, ток жүктеме-лері мен кернеулерді өлшеу;
- 8) сым кабель желілерінің оқшаулану жағдайын тексеру, нәтижелерді журналға енгізе отырып, кедергінің болуын мегомметрмен сынау (немесе өлшеу хаттамасын жасау);
- 9) нәтижелерді журналға енгізе және өлшеу хаттамасын жасай отырып, кабель желі-леріндегі фазалық-нөлдік тұзақ кедергісін өлшеу;
- 10) журналға нәтижелерді енгізе және өлшеу хаттамасын жасай отырып, жерге тұйық-тағыштар мен жерге тұйықталатын элементтер арасындағы тізбектің болуын тексеру;
- 11) ағымдағы жөндеу нәтижелерін журналға жазу.
112. Электр берудің кабельдік желілерін жоспарлы ағымдағы жөндеу бойынша жұмыс-тарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман.

19-параграф. Электр берудің әуе желілерін жоспарлы ағымдағы жөндеу

113. Электр берудің әуе желілерін жоспарлы ағымдағы жөндеу мынадай негізгі жұмыс түрлерін қамтылады:

- 1) сымдар мен кабельдерді, оқшаулағыштарды, аспаптарды бекіту конструкцияларын жөндеу және ауыстыру;
- 2) үзілген сымдарды бекіту, таспаларды қысқыштарға орау;
- 3) сымдардың немесе кабельдің ақаулы учаскелерін кесу немесе ауыстыру, сымдар мен кабельдерді тарту (реттеу);
- 4) әуе тармақтарын жөндеу;
- 5) нәтижелерді журналға енгізе отырып (немесе өлшеу хаттамасын жасай отырып) жөндеуден кейінгі ток жүктеме-лері мен кернеулерін өлшеу;
- 6) сымдардың оқшаулану жағдайын тексеру, кедергінің болуын мегомметрмен сынау;
- 7) нәтижелерді журналға енгізе отырып (немесе өлшеу хаттамасын жасай отырып) желідегі фаза-нөл тұзақ кедергісін өлшеу;
- 8) журналға нәтижелерді енгізе отырып (немесе өлшеу хаттамасын жасай отырып) жерге тұйықтағыштар мен жерге тұйықталатын элементтер арасындағы тізбектің болуын тексеру;
- 9) ағымдағы жөндеу нәтижелерін журналға жазу.
114. Электр берудің әуе желілерін жоспарлы ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан электр берудің әуе желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман.

20-параграф. Тірек конструкцияларын жоспарлы ағымдағы жөндеу

115. Тірек конструкцияларын жоспарлы ағымдағы жөндеу кезінде мынадай негізгі жұмыс түрлері орындалады:

- 1) ағымдағы жөндеу жүргізілгенге дейін және одан кейін тірек конструкцияларының (жертөле, тірек, кронштейн, кабель қорабы) жай-күйін суретке түсіру;
- 2) тіректердің (ауыстырылатын тозған, тозған тіректерді қоспағанда), кронштейн-лердің, негіздердің дұрыс орналасуын қалпына келтіру;
- 3) қажет болған жағдайда қақпақтарды (есіктерді) және құлыптарды ауыстыру;
- 4) қажет болған жағдайда кронштейндерді ауыстыру.
116. Тірек конструкцияларын жоспарлы ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан электр берудің әуе желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман.

21-параграф. Жарықтандыру аспаптарын жоспарлы ағымдағы жөндеу

117. Жарықтандыру аспаптарын жоспарлы ағымдағы жөндеу кезінде келесі негізгі жұмыс түрлері жүзеге асырылады:

- 1) шамдарды толық тексеру.

Мыналар тексеруге жатады:

бұрандалы қосылыстардың электрлік қосылыстары мен қатаюы, қалыптар мен нөлдеу ұстатқыштары;

патрондар, оларды бекітудің қаттылығы, шамдағы орны, патронға кіретін сымдарды оқшаулау;

іске қосу реттеу аппараттарын (драйверлерді) бекіту, олардың жай-күйі, оның ішінде оларды ауыстыруды немесе ажыратуды талап ететін компенсаторлық конденсаторлардың ісінуінің пайда болуы;

шағылдырғыштар (шағылысатын беті, шамдағы орны, бекітудің сенімділігі);

сынғыштар немесе шашыратқыштар (пластмасса бұйымдарда жарықтар, деформация-лар мен қараюлардың болуы);

құлыптардың, жабық шамдар тығыздағыштарының сенімділігі;

қара металдардан жасалған шамдардың орнустары мен олардың жекелеген элемент-терінің коррозиясы, лак-бояу жабындарының қабыршақтануы;

бұрандалы қосылыстар;

- 2) ақауларды ауыстыру арқылы патрондар мен түйіспелерді тексеру;
- 3) істен шыққан және жарық техникалық параметрлеріне сәйкес келмейтін шамдарды ауыстыру;
- 4) жарықдиодты модульді ауыстыру;
- 5) термопастаны ауыстыру;
- 6) оптикалық линзаны ауыстыру;
- 7) зарядтау сымын ауыстыру;
- 8) нәтижелерді журналға енгізе отырып, шамдардың жарықтығы мен жарық беру дө-режесіне өлшеу жүргізу;
- 9) ағымдағы жөндеу нәтижелерін журналға жазу.
118. Ағымдағы жөндеу аяқталғаннан кейін шамдардың жарық техникалық параметр-лерін өлшеуді уәкілетті маман люксметрді пайдалана отырып жүргізуі тиіс.
119. Жарықтандыру аспаптарын жоспарлы ағымдағы жөндеу жұмыстарын мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан электр берудің әуе желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман;

22-параграф. Тірек конструкцияларын бояу

120. Тірек құрылымдарын бояу кезінде:

- 1) тірек;
- 2) кронштейндер;
- 3) негіздер;
- 4) кабель қораптарын бояу жұмыстары жүргізіледі.
121. Тірек конструкцияларын, кронштейндер мен негіздерді бояу бойынша жұмыстар-ды мынадай құрамдағы бригада жүргізеді: электр қауіпсіздігі жөніндегі 3-ші топтан электр берудің әуе желілерін пайдалану жөніндегі электромонтер – 2 маман;
122. Тірек конструкцияларын, кронштейндер мен негіздерді бояу жұмыстары мынадай жұмыс түрлерін қамтуы тиіс:

- 1) тірек құрылымдары мен кронштейндерді ескі бояудан тазарту;
- 2) тірек құрылымдар мен негіздерді бояу.

Тірек конструкцияларын бояу бойынша жұмыстардың кезеңділігі осы Қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген.

123.Тірек конструкцияларын бояу негізінен жылы мезгілде орташа тәуліктік темпера-тура 5°С-ден төмен болмаған кезде жүзеге асырылуы тиіс.

23-параграф. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстары

124. Тіректерді және негіздерді жапсырылған жарнамалардан тазалау келесі операция-ларды қамтиды:

- 1) жабыстырылған жарнамаларды ылғалдандыру
- 2) қойылған хабарландыруларды жою
125. Бағандарды жапсырылған хабарландырудан тазарту бойынша жұмысты 1-ші электр қауіпсіздік тобы бар жол жұмысшысынан – 1 маман.
126. Тіректерді желімделген хабарландырулардан тазарту жұмыстарын жүргізу қажетті мөлшерде жүзеге асырылады

24-параграф. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстары

127. СЖҚ-дағы апатты қалпына келтіру жұмыстары мыналарды қамтиды:

- 1) СЖБШ коректендіру орындары үшін – жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету, жоспардан тыс ағымдағы жөндеу, сондай-ақ жарамсыз болып қалған аппараттарды, аспап-тарды, блоктар мен құрылғыларды ауыстыру; СЖБШ-ны ауыстыру (оны қалпына келтіру және одан әрі пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде); монтаждаудан кейін техникалық қауіпсіздік ережелеріне (бұдан әрі – ТКЕ) сәйкес электрлік өлшеу және сынау; іске қосу-реттеу жұмыстары;
- 2) СЖБАЖ үшін – авариялық жағдайлар кезінде сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматтандырылған жүйесін резервтік серверге ауыстыру;
- 3) Әуе электр желілері үшін – жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету, жоспардан тыс ағымдағы жөндеу, сым қосқыштарды, жөндеу муфталары мен бандаждарды орнату және ауыстыру, сымдарды дөңкесулеру;

тірек және кергіш қысқыштарды ауыстыру; зақымдалған оқшаулағыштарды, қысқыш-тарды, жерге қосу сымдарын, бітеулерді, әуе желілерінің жекелеген учаскелерін ауыстыру; ақаулар анықталған кезде немесе пайдаланушы ұйымның талабы бойынша біріккен суспен-зиядағы сымдардың ақауларын жою; электрлік өлшеу және монтаждан кейінгі сынақтар жүргізу.

- 4) кабельдік электр беру желілері үшін – жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету, жоспардан тыс ағымдағы жөндеу; желінің жекелеген учаскелерін тозған немесе бүлінген оқшаулаумен, жекелеген негіз плиталарын, муфталарды, бітеулерді казу және ауыстыру, монтаждан кейінгі ТКЕ сәйкес электрлік өлшеу және сынау;
- 5) тірек құрылымдары үшін – жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету, жоспардан тыс ағымдағы жөндеу, бекіту кронштейнін ауыстыру, тіректерді ауыстыру, қосылымдарды қалпына келтіру, техникалық қызмет көрсету ережелеріне сәйкес өлшеу;
- 6) шамдар үшін – жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету, жоспардан тыс ағымда-ғы жөндеу; диффузор мен шағылыстырғыштардың қақпақтарын ауыстыру, шамдарды ауыстыру (егер олар жөндеуге және кейіннен пайдалануға жатпаса), жарамсыз болып қалған аккумуляторлық батареяларды ауыстыру (құн батыраларындағы шамдар үшін), техникалық қызмет көрсету ережелеріне сәйкес электрлік өлшеулер;

РЕСМИ БӨЛІМ



almaty-aksham@mail.ru

- 7) авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде жасалған актілер мен ақаулы ведомостардың негізінде орындалады;
- 8) апаттық сипаттағы зақымдарды диспетчердің қарамағындағы персонал дереу жояды немесе оқшаулайды;
- 9) егер түнгі уақытта адамдардың өміріне қауіп төндіретін және сыртқы жарықтанды-ру қондырғыларының жұмысын тоқтатуға алып келген зақымданулар уақытша жойылса немесе тек оқшауландырылса, онда оларды толық көлемде жою күндізгі уақытта жүргізіледі. Құлатылған сыртқы жарықтандыру тіректерін әкетуді апат анықталған сәттен бастап қысқа мерзімде магистральдық көшелерде, қаланың орталық бөлігінде осы тіректерге кесуді жү-зеге асыратын Пайдаланушы ұйым орындайды;
- 10) бұзылған тіректерді қалпына келтіру анықталған күннен бастап қысқа мерзімде жүргізілуі керек;
- 11) магистральдық көшелердегі өшіп қалған жекелеген шамдарды қалпына келтіру, ОДП-ның нұсқауы бойынша табылған немесе хабарлама келіп түскен сәттен бастап қысқа мерзімде орындалады.
- 12) коректену пункттерінің жабдықтарында тарату желісінің істен шығуына байланыс-ты шамдардың жаппай өшуі табылған сәттен бастап 2 тәулік ішінде, ал магистральдық кө-шелерде – бір тәулік ішінде жойылады. Ақауларды жоюдың ұзағырақ мерзімдерін талап ететін күрделі жөндеу жағдайында СЖҚ жұмысын қалпына келтіру келесі күннің жарық уақытында жүргізіледі;
- 13) апаттық сипаттағы зақымдарды диспетчердің қарамағындағы персонал дереу жояды немесе оқшаулайды;
- 14) құлатылған сыртқы жарықтандыру тіректерін шығаруды Пайдаланушы ұйым жү-зеге асырады;
128. Авариялық жөндеу жұмыстары әрбір авариялық бригадаға АГК үлгісіндегі авто-гидро көтергішпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Пайдаланушы ұйым бригадалары авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын тәулік бойы орындау режимін қамтамасыздандырады.

25-параграф. Күрделі жөндеу

129. Күрделі жөндеу жүргізер алдында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының қажетті көлемін айқындай отырып және жұмыстардың ақаулы ведомосін жасай отырып, СЖҚ не жекелеген тірек конструкцияларының техникалық жай-күйіне кешенді құжаттық, көрнекі және аспаптық диагностика жүргізіледі. Қажет болған жағдайда СЖҚ-ны, оның ішінде сыртқы жарықтандырудың жекелеген тіректерін күрделі жөндеуге жобалық құжаттама шығарылады.
130. Күрделі жөндеу жұмыстарына жабдықтың элементтерін ауыстыруды қамтитын және жоспарлы ағымдағы жөндеу жұмыстарының және күтпеген жұмыстардың құрамына кірмеген жұмыстарды жүргізудің үлкен көлемі бар ағымдағы жөндеу жұмыстары кіруге тиіс. Күрделі жөндеу нәтижесінде жекелеген сыртқы жарықтандыру тіректерінің, жабдықтар мен механизмдердің функционалдық мақсаты кеңейтілуі мүмкін.
131. Күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін электр қондырғыларын орнату қағидалары-на және регламенттік жай-күйге сәйкес болуы тиіс.
132. Күрделі жөндеуге жататын темірбетон тіректер толығымен күрделі жөндеуге арналған техникалық тапсырмаға сәйкес қолданылатын қорғаныш жабыны бар металлға ауыстырылады.
133. Сыртқы жарықтандырудың ауа тарату желілерінің сымдары мен басқару сым-дарының аралықта бірден артық байланысы болмауы тиіс, шамға тармақтар тармақталған болттық қосылыстардың немесе арнайы қысқыштардың көмегімен орындалуы тиіс.
134. Өзінің пайдалану параметрлерін күрт төмендеткен және жөндеуге жарамсыз қызмет ету мерзімі өткен тозған шамдар жөнделетін учаске, көше, алаң, бульвар, сквер шегінде олардың сыртқы пішінінің барынша сақталуын ескере отырып, жарық тиімділігі мен мақсатына ұқсас жана энергия үнемдейтін шамдарға ауыстырылады.

Алматы қаласының коректену пункттері мен сыртқы жарықтандырудың коректендіру желілерін техникалық пайдалану бойынша жоспарлы-алдын алу жұмыстарын орындау кезеңділігі

р/с №	Электр қондырғысының атауы	Жұмыстарды орындау кезеңділігі		
		Жоспарлы тексеру	Жоспарлы техникалық қызмет көрсету	Жоспарлы ағымдағы жөндеу
1	2	3	4	5
1	Коректендіру пункттері (СЖБШ)	3 айда 1 рет	6 айда 1 рет	Жылына 1 рет
2	Қуаттайтын кабельдік желілері	3 айда 1 рет	6 айда 1 рет	

Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларына 1-қосымша

Алматы қаласының сыртқы жарықтандыру шамдарын, тірек конструкцияларын, тарату желілерін, кабельдік құдықтарын жоспарлы тексеру бойынша жұмыстарды орындау кезеңділігі

р/с №	СЖҚ орналасқан орны	Жоспарлы тексеру жүргізу кезеңділігі
1	2	3
1	Жаяу жүргіншілер аймақтарын қоса алғанда, «А» тобының көшелері мен магистральдары	жылына 4 рет
2	«Б» және «В» топтарының магистральдары мен көшелері, аула аумақтары мен орамшілік өтпелер, бақ-саябақ шаруашылығы объектілері, әлеуметтік сала объектілері	Жылына 3 рет
3	Тоннельдер (мәжбүрлі желдету жоқ)	Күн сайын
4	Жаяу жүргіншілер (жерасты және жер үсті) өткелдері	жылына 2 рет

Ескертпе: жоспарлы қарап-тексеру жұмыстарын орындауды басқа реттелмеген жұмыс түрлерімен біріктіруге жол берілмейді.

Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларына 3-қосымша

Алматы қаласының шамдарына, тірек конструкцияларына, тарату желілеріне, сыртқы жарықтандыруға жоспарлы техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау кезеңділігі

р/с №	СЖҚ орналасқан орны	Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кезеңділігі
1	Жаяу жүргіншілер аймақтарын қоса алғанда, «А» тобының магистральдары мен көшелері	жылына 1 рет
2	«Б» және «В» топтарының магистральдары мен көшелері, аула аумақтары мен орамшілік өтпелер, бақ-саябақ шаруашылығы объектілері, әлеуметтік сала объектілері	2 жылда 1 рет
3	Тоннельдер (мәжбүрлі желдету жоқ)	жылына 1 рет
4	Жаяу жүргіншілер (жерасты және жер үсті) өткелдері	жылына 1 рет

Ескертпе: жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауды басқа регламенттелген жұмыс түрлерімен ұштастыруға жол берілмейді.

Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларына 4-қосымша

Алматы қаласының сыртқы жарықтандыру шамдарын, тірек конструкцияларын, тарату желілерін жоспарлы ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезеңділігі

р/с №	СЖҚ орналасқан орны	Жоспарлы ағымдағы жөндеу жүргізу кезеңділігі
1	Жаяу жүргіншілер аймақтарын қоса алғанда, «А» тобының магистральдары мен көшелері	жылына 1 рет
2	«Б» және «В» топтарының магистральдары мен көшелері, аула аумақтары мен орамшілік өтпелер, бақ-саябақ шаруашылығы объектілері, әлеуметтік сала объектілері	2 жылда 1 рет
3	Тоннельдер (мәжбүрлі желдету жоқ)	жылына 1 рет
4	Жаяу жүргіншілер (жерасты және жер үсті) өткелдері	жылына 1 рет

Ескертпе: жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауды басқа регламенттелген жұмыс түрлерімен ұштастыруға жол берілмейді.

Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларына 5-қосымша

Алматы қаласының сыртқы жарықтандырудың тірек конструкцияларын бояу бойынша жұмыстарды орындау кезеңділігі

р/с №	СЖҚ орналасқан орны	Тірек конструкцияларын бояу бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңділігі
1	Жаяу жүргіншілер аймақтарын қоса алғанда, «А» тобының магистральдары мен көшелері	3 жылда 1 рет
2.	«Б» және «В» топтарының магистральдары мен көшелері, аула аумақтары мен орамшілік өтпелер, бақ-саябақ шаруашылығы объектілері, әлеуметтік сала объектілері	5 жылда 1 рет



ХАБАРЛАМА

«Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» КММ «Алматы паркинг» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байсейітов к-сі, 40, офис 71.

Конкурстың өтетін күні мен орны: «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» КММ, Алматы қ., Панфилов көшесі, 84/54 үй, 202 каб., анықтама үшін телефон: 396-88-01. Отырысты өткізу күні құжаттарды қабылдау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде айқындалады.

Негізгі қызметтің қысқаша сипаттамасы: Алматы қаласының ақылы тұрақ кеңістігін ұйымдастыру жөніндегі бірыңғай саясатты іске асыру арқылы Алматы қаласының автомобиль жолдарын пайдалану.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

– біліктілік талаптарына сәйкес келетін жоғары білімнің болуы;
– басшылық лауазымдарда мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысуға өтінім;
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4) еңбек кітапшасының (болған жағдайда) немесе еңбек шартының көшірмесі немесе соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және бұзу туралы бұйрықтардан үзінді көшірме;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген №075/у «Медициналық анықтама (дәрігерлік-консультациялық қорытынды)» нысанындағы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген);

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, еңбек өтіліне, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы оқу орнының басшылығының ұсыныстары және т.б.) ұсына алады.

Көрсетілген құжаттар конкурстың өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап, күнтізбелік он бес күн ішінде Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасына тапсырылуы тиіс, мекенжайы: Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 84/54, 202 каб., анықтама үшін телефон: 396-88-01.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және
тұрақты авторларымызбен
әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //
6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //
6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //
6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Қоғамдық тамақтандыру
объектілеріндегі өрт қауіпсіздігі

Кафелер, мейрамханалар, барлар мен клубтар келушілерді қабылдауға және оларға қызмет көрсетуге арналған.

Мұнда адамдар демалуға, тамақтануға, салтанатты іс-шараны тойлауға, іскерлік немесе достық кездесу өткізуге келеді. Бұл орындарда көптеген жағымды сәттерді бастан кешіреді, соған қарамастан өрт қауіпсіздігі шаралары мен ережелерін қарапайым сақтамаудың көлеңкесінде қалғаны өкінішті.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнының әрбір иесі келушілер мен олардың қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне жауапты. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау – орны толмас және аянышты зардаптарға әкелуі мүмкін.

Кафелердегі, барлардағы, мейрамханалардағы және клубтардағы өрт қауіпсіздігі келесі факторлардан тұрады: өрт дабылы, өртті локализациялау және сөндіру құралдары (өрт сөндіргіштер, өрт оқшаулау құралдары), эвакуация схемасы және шығу белгілері (жарық белгілері), халықты хабарлау жүйесі, қызметкерлердің өртке қарсы құралдарын қолдана білу.

Барлардағы, түнгі клубтардағы, кафелер мен мейрамханалардағы өрттердің негізгі себептері: асүй жабдықтарын пайдалану ережелерін бұзу, жанғыш материалдардың жанында отшашу және соған ұқсас заттарды пайдалану, ақаулы электр сымдары мен электр жабдықтары, адам факторы (отқа абайсыз қарау).

Өмірден алынған жарқын мысал 2023 жылы 12 қаңтарда Абай даңғылының бойында Орталық стадионға қарама-қарсы екі қабатты «Тмин» дәмханасында болған ірі өрт, кейіннен өрт 3-қабаттағы пәтерге және ішінара шатырға ауысты. Өрт салдарынан үй тұрғындары мен дәмхананың өзіне орасан зор шығын келді. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті күштерінің арқасында екі адам құтқарылды, олардың бірі бала. Сондай-ақ, 60 адам эвакуацияланды, оның 13-і бала.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары:

Егер кафе, бар, мейрамхана немесе түнгі клуб 50-ге дейін келушілерді қабылдайтын болса, онда өрттен қорғау ретінде дыбыс сиренасын қолдану жеткілікті. 50-ден астам адамы бар кәсіпорынға қызмет көрсету кезінде сиренадан басқа үй-жайдан шығу бағытын көрсететін жарықтандырылған белгілер болуы қажет. Келушілер саны 200 адамнан асатын болса, халықты хабарлау жүйесін орнату міндетті.

10-нан астам тұтынушысы бар әрбір қоғамдық тамақтандыру мекемесі эвакуация жоспарын жасап, орнатуы керек. Сақтау орындары болған кезде өрт қауіпсіздігі санаттарын есептеу, сондай-ақ ЭҚОЕ бойынша аймақтар класын анықтау жүргізілуі керек.

Егер бар, кафе, түнгі клуб немесе мейрамхана жертөледе немесе жертөле қабатында орналасса және 50 адамға дейін қызмет көрсетсе, онда сиреналардан басқа «ШЫҒУ» деген жазуы бар жарықтандырылған белгілер болуы керек. Егер кәсіпорын 50-ден астам адамға қызмет көрсететін болса, жоғарыда аталғандардың барлығынан басқа халыққа үндеу жүйесі болуы қажет.

Терезелері жоқ жертөлелерде және жертөлелерде түтіннен жоғары сапалы желдету жүйесі орнатылуы керек.

Өрт сигнализациясы барларда, мейрамханаларда, кафелерде және түнгі клубтарда өрт қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай жүйе инфрақызыл сәулелену, түтін, жылу және көзге көрінбейтін жану өнімдері арқылы пайда болған өртті тез анықтайды.

Өрт анықталған кезде автоматты өрт дабылы іске қосылады. Бұл жағдайда орталық станция ғимараттарды автоматтандыру жүйелерін басқаруға қатысты белгіленген әрекеттерді нақты орындауы керек: желдету жүйелері өшіріледі, ескерту, түтін шығару және өрт сөндіру жүйелері қосылады.

Заманауи өрт дабылы жүйелерін орнату жергілікті өрт сөндіру бөліміне және бөлмедегі адамдарға осы қауіптің пайда болу кезеңінде де өртті жою үшін әрекет етуге мүмкіндік береді.

Барлардағы, кафелердегі, түнгі клубтар мен мейрамханалардағы өрт қауіпсіздігі мәселесін шешу олардың иелерінің ар-ожданында. Өрт қауіпсіздігі нормалары мен талаптарын білмеу және сақтамау басшыларды аталған мекемелердегі өрт салдарынан мүлкінің жоғалуы және адамдардың қаза болуы үшін жауапкершіліктен босатпайды. Мүлкті, қызметкерлерді және тұтынушыларды өрт апатынан қорғай отырып, өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын адал орындаған дұрыс.

ДАЛПЫСБАЙ,
Алматы ауданы ТЖБ инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директорының
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСІМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«Қаңтар – аяз айы, ақпан – боран айы» деген бабалар. Жылқыны жабулатып, сиырдың астына көң төсетін де осы ай... Қыстың қытымыр айының «тұяқсерпер» соңғы аптасы басталды.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Бүгін қолданыстағы күнтізбе қаңтардың 26-сын көрсетіп тұр. Қыстың қытымыр айының «тұяқсерпер» соңғы аптасы басталды. Жүріп жатқан «тоқырауын» амалы кеше аяқталды. «Қарасуық» та бәсеңсіді. Алайда, «қыс шілдесі» әлі біткен жоқ. Қаңтардың соңғы күндерінде қыс күшіне енеді, сақылдаған сарышұнақ аяз болатын кез.

Түркі тілдестер, соның ішінде біздің бабаларымыз ай атауларын ертегі мен аңызға немесе діни сенімге байланыстырып қоймаған. Орыс халқында «Ильин день», «Петров день», «Рождество», тағы басқа ойдан шығарылған атаулар толып жатыр.

Қазақ керісінше, ай атауын табиғатпен, оның құбылыстарымен тікелей байланыстырып отырған. Қазекен табиғатқа жақын халық, соның «тілін» білген, сырын ұққан, керегін де дерегін де содан алған.

Ұлы даланы мекендеушілер ауа райының құбылысына Үркердің әсері барын бұрыннан-ақ сезген. Үркердің әрбір қимылын жіті қадағалап, қатаң бақылаған. «Үркердің шалшыққа түсуі», «Үркердің толғағы», «Үркердің батуы», т.б. толып жатқан Үркерге қатысты амалдардың барлығы алдағы болатын ауа райын дөп басып, дәл болжауға мүмкіндік берген. Айталық, «Үркердің аууы» (3–5 ақпан. Бұл кезде ауа райы жылылыққа бет бұрады). «Үркердің жамбасқа келуі» (4–5 наурыздағы жылымық), «Үркердің батуы» (30–31 мамыр, 40 күндік шілденің басталуы) бәрі назардан тыс қалмаған. Тоғыс есебі де Үркердің қимылына қарап жүргізілгені айтпаса да түсінікті.

Осы аптаның соңында адуынды Ақпан айы басталады.

«БІЛМЕСЕҢ – БІЛДІРЕМ,
БІЛСЕҢ – БҮЛДІРЕМ»

деп серт берген адуынды Ақпан айы есік қағып тұр



Қазақ ай атауын табиғатпен, оның құбылыстарымен тікелей байланыстырып отырған. Қазекен табиғатқа жақын халық, соның «тілін» білген, сырын ұққан, керегін де дерегін де содан алған.

Данағой бабалар: «Қаңтар – аяз айы, ақпан – боран айы» деген. Қаңтар бөгет салады, оны ақпан бұзады. Ақпан қайталаманың ақ бораны. Ақпан айының: «Білмесек – білдірем, білсек – бүлдірем» деген серті бар.

Ақпан алдамшы. Бір бүйірінді қыздырса, екінші бүйірінді мұздатады. Бір қолымен маңдайдан сипап, екінші қолымен маңдайдан шертеді.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Қыста:

- Күн құлақтанса, қатты аяз болады.
- Қаздар қаңқылдаса, жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса, күн суытады.
- Әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, қатты аяз болады.
- Тиін ұясын төменге салса, күн жылы, жоғарыға салса, күн суық болады.
- «Жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт» айы.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

АТ ҚҰЛАҒЫНДА
ОЙНАҒАН АРУ

Әлеуметтік желіден, дәлірек айтсам, Instagram бетінен bansho.kz деген парақшасы бар Балнұр есімді жасөспірім қыздың видеожазбаларын қызықтап, көз жүгіртіп жүреміз.

Сүйкімді қыздың көпті өзіне тартатын ерекшелігі – ат құлағында ойнайды. Ақдауыл деп аталатын сүйікті жануарымен түскен суреттерін, әсерлі сәттерін бөлісіп жүреді. Аппақ Ақдауылымен түскен суретінің астына: «Жылқы жайлы өз білгеніммен бөлісейін. Ол өз иесінің көңіл күйінің қандай екенін дауысынан сезіп қояды. Мас адамды да алыстан біледі. Оның құлағы өте сақ болып келеді, көзі өткір, иіс сезгіш. Қасиетті жануар. Жылқы бір бағытқа қарап тұрғанда тек алдың ғана емес, артқы жағын да толық көріп тұрады» деген жазба қалдырыпты.

Жуырда парақшасына ауласында итімен ұлдарша алысып, ойнап тұрған сәтін жүктеген болатын. Кейбір әлеужелі қолданушылары «қыз сияқты сызылсайшы, майысқан болады ғой» деп пікір жазса да, басым көпшілігі «Мен сені ұл деп ойлап отырсам», «Әп-әдемі қыз бала», «Айналайын, осындай қазақ қыздарын көтеру керек атқа құмар!», «Қызығып кеткенім-ай, атқа мінгім келіп», «Тұлпарына көз тимесін!», «Жарайсың, қарындасым, аман жүр! Міне, нағыз қазақтың қызы!» деп лебіздерін жазып жатты. Бұл ілтипатқа біздің алып-қосарымыз жоқ.

ТАТЬЯНАНЫҢ
ҚАЗАҚШАСЫ ТАП-ТАЗА

Instagram парақшасында 21 мыңнан астам оқырманы, «Тик-токта» 8 мыңдай жазылушысы бар 21 жастағы Татьяна Герасимова деген танымал блогер қыздың ерекшелігі – қазақшасы тап-таза, анық сөйлейді. Тіпті, орысшаны акцентпен сөйлеймін деп күлетіні бар.



Ол да видеоларын жиі жүктеп, ойларымен, сол сәттегі боямасыз оқиғаларымен риясыз рәуіште бөлісіп отырады. Татьяна өзін мұсылманмын деп санайды. Шошқа етін жемейтін көрінеді. Анасы христиан болғанымен, үйге шошқа етін әкелмейді дейді. Бірақ блогер

ару ылғи видеожазбаларында ешкімді діни сеніміне қарап бөлмейтінін, бәрімен дос, бауыр екенін айтып отырады.

Татьяна ағасы екеуі кішкентай күндерінен Ақтаудағы балалар үйінде тәрбиеленіпті. Қазақ мектебінде оқыған. Сондықтан достарының көбі қазақтар көрінеді. Кейін анасымен қайта қауышқан. Бүгінде бәрі бірге тұрады.

Орта мектепті бітірген соң Ақтау қаласының колледжін бітіріп, «жаттықтырушы» мамандығын алып шыққан. Бұрын 13 жыл футболмен шұғылданып, Қазақстан қыздар құрамында ойнаған.

Қазақтың қобызын да тәуір меңгерген. Қобыз курсына алты жыл барған екен. Бұл аспапты кәсіби тұрғыда серік етпесе де, кейде бос уақытында қолына алатыны бар. Яғни қазақтың тілін ғана емес, мәдениеті мен дәстүрін де бала күнінен бойына сіңіріп өскенін мақтан тұтады.

Бүгінде Алматыда тұрып жатыр. «Алматы – жастарға қанат бітіретін, шабыт беретін мүмкіндіктер қаласы. Ендігі арман-мақсаттарымыз осы қаламен байланыстырылған келеді. Жаныма жақын Ақтау қаласынан дүкен ашу да ойымда бар», – дейді өсіп-өнген жерін де ұмытпаған блогер қыз.

ОРАМАЛЫН
НЕГЕ ШЕШТІ?

Быттыр жыл соңына таман шахматтың рапид және блиц түрінен Алматыда өткен әлем чемпионатында ирандық шахматшы қыз Сара Хадемнің басы дауға қалған болатын.

Себебі, Халықаралық шахмат федерациясы біздің елде өткен жарыстар барысынан ойыншылардың фотосуреттерін жариялағанда, солардың ішінде басы жалаңбас, шашы иығына төгілген 25 жастағы Хадемнің шахмат тақтасына ойлана үңіле қарап отырған суреті де бар болатын. Ал бұл хиджаб мәселесінде өз ұстанымы, катал талабы бар Иран билігіне ұнай қоймаған.

Алматыда өткен әлем чемпионатынан соң еліне емес, Испания мемлекетіне жол салып, сонда қоныстанған Сара Хадем сол үлкен дода кезінде неліктен басындағы орамалын шешкенін айтыпты. Тілшілерге берген сұхбатында спортшы өзін хиджабпен жайсыз сезінетінін жеткізген. Қалай болғанда да, ирандық спортшылар халықаралық жарыстарда өз елін таныстырған кезде дәстүрлі киім үлгісін сақтауға (мәселен, қыздардың орамал тағуы) міндетті.

Иран мемлекетінде шахмат ойнауға 1989 жылы рұқсат етілген. Содан бері шахмат дамып, ирандық спортшылар да жұлделі орындардан көрініп жүрген екен. Қазіргі кезде Иран Азия өңіріндегі ұлы шахмат державаларының бірі болып саналатын көрінеді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.